ГЕОМЕТРИЯ

Оқулық

11

Жаратылыстану-математика
бағыты

Шартты белгілер:

— сыни ойлауды дамытуға арналған тапсырмалар

— теориялық материалды өзіндік оқып-үйренуге қажетті тапсырмалар

— теорема дәлелдеуінің аяқталуы

A — барлық оқушыға міндетті жаттығулар

B — орта деңгейлі жаттығулар

C — жоғары деңгейлі жаттығулар

АЛҒЫ СӨЗ

Оқулық 10-сынып геометрия оқулығының жалғасы болып табылады және жаратылыстану-математика бағытында оқитын 11-сынып оқушыларына арналған.

Оқулықта негізгі көпжақтармен және олардың қасиеттерімен таныстыру, арақашықтықтар мен бұрыштарды табу кезінде аналитикалық әдістерді қолдануды үйрету, айналу денелерімен (цилиндр, конус, шар) және олардың қасиеттерімен таныстыру, кеңістіктік фигуралар беттерінің ауданы мен көлемдерін табуды үйрету көзделген.

Оқулықтағы барлық материалдар тарауларға және параграфтарға бөлінген. Олар теориялық материалды, өздігінен орындауға арналған тапсырмаларды, пысықтау сұрақтарын және күрделілігі әртүрлі деңгейдегі есептерді қамтиды.

Теореманы дәлелдеудің аяқталуы (□) белгісімен белгіленген.

Оқулықтағы есептер күрделілігіне қарай А — міндетті деңгей, В — орта деңгей және С — жоғары деңгей болып бөлінген.

Жұлдызшамен (*) белгіленген параграфтар оқу бағдарламасына енбейтін ғылыми-танымдық және қолданбалы сипаттағы қосымша материалдарды қамтиды. Оларды негізгі немесе қосымша сабақтарда (үйірмелерде, таңдау курстарында және т.б.), сонымен бірге оқушылардың жобалық және зерттеушілік жұмыстарын ұйымдастыруда пайдалануға болады.

Әрбір тараудың соңында оқу материалын меңгеру сапасын тексеруге арналған тест тапсырмалары берілген. Оқулықтың соңында есептердің жауаптары ұсынылған.

Геометрияны оқып білуде сәттілік тілейміз!

10-СЫНЫПТЫҢ ГЕОМЕТРИЯ КУРСЫН ҚАЙТАЛАУ

Стереометрия бастамалары

1. Кеңістікте әрбір үшеуі бір түзудің бойында жатпайтын әртүрлі: 1) үш; 2) төрт; 3) бес; 4)* n нүктелердің жұбы арқылы неше түзу жүргізуге болады?
2. Кеңістіктегі үш нүкте арқылы неше жазықтық жүргізуге болады?
3. Кеңістікте әрбір төртеуі бір жазықтықта жатпайтын әртүрлі: 1) төрт; 2) бес; 3)* n нүктелер арқылы неше жазықтық жүргізуге болады?
4. 1) Екі жазықтық; 2) үш жазықтық; 3)* төрт жазықтық кеңістікті ең көп дегенде неше бөлікке бөледі?
5. Егер түзудің жазықтықпен ортақ екі нүктесі болса, онда ол түзу сол жазықтықта жататынын дәлелдеңдер.
6. Түзу және оның бойында жатпайтын нүкте арқылы бір ғана жазықтық жүргізуге болатынын дәлелдеңдер.
7. Қиылысқан екі түзу арқылы бір ғана жазықтық жүргізуге болатынын дәлелдеңдер.
8. Кубтың неше: 1) төбесі; 2) қыры; 3) жағы болады?
9. Параллелепипедтің неше: 1) төбесі; 2) қыры; 3) жағы болады?
10. 1) Үшбұрышты; 2) төртбұрышты; 3) бесбұрышты; 4) алтыбұрышты; 5) n-бұрышты призманың неше төбесі болады?
11. Призманың: 1) 9; 2) 10; 3) 12; 4) 15 төбесі болуы мүмкін бе?
12. 1) Үшбұрышты; 2) төртбұрышты; 3) бесбұрышты; 4) алтыбұрышты; 5) n-бұрышты призманың неше қыры болады?
13. Призманың: 1) 9; 2) 10; 3) 12; 4) 15 қыры болуы мүмкін бе?
14. 1) Үшбұрышты; 2) төртбұрышты; 3) бесбұрышты; 4) алтыбұрышты; 5) n-бұрышты призманың неше жағы болады?
15. Призманың: 1) 9; 2) 10; 3) 12; 4) 15 жағы болуы мүмкін бе?
16. 1) 12; 2) 15; 3) 18 қыры бар призманың табанында қандай көпбұрыш жатады?
17. 1) Үшбұрышты; 2) төртбұрышты; 3) бесбұрышты; 4) алтыбұрышты; 5) n-бұрышты пирамиданың неше төбесі болады?
18. Пирамиданың: 1) 9; 2) 10; 3) 12; 4) 15 төбесі болуы мүмкін бе?
19. 1) Үшбұрышты; 2) төртбұрышты; 3) бесбұрышты; 4) алтыбұрышты; 5) n-бұрышты пирамиданың неше қыры болады?
20. Пирамиданың: 1) 9; 2) 10; 3) 12; 4) 15 қыры болуы мүмкін бе?
21. 1) Үшбұрышты; 2) төртбұрышты; 3) бесбұрышты; 4) алтыбұрышты; 5) n-бұрышты пирамиданың неше жағы болады?
22. Пирамиданың: 1) 9; 2) 10; 3) 12; 4) 15 жағы болуы мүмкін бе?
23. 1) 8; 2) 10; 3) 12 қыры бар пирамиданың табанында қандай көпбұрыш жатады?

Кеңістіктегі параллельдік

24. 1) Кубтың; 2) параллелепипедтің; 3) үшбұрышты призманың; 4) алтыбұрышты призманың параллель қырларының қанша жұбы болады?

25. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ параллелепипедінде келесі түзулер параллель болатынын дәлелдеңдер: 1) AB және D_1C_1; 2) AD_1 және BC_1.

26. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призмада келесі түзулер параллель болатынын дәлелдеңдер: 1) AB және E_1D_1; 2) AA_1 және DD_1; 3) AC_1 және FD_1.

27. 1) Кубтың; 2) параллелепипедтің; 3) үшбұрышты пирамиданың; 4) алтыбұрышты пирамиданың айқас қырларының қанша жұбы болады?

28. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының төбелері арқылы өтетін: 1) AB_1 және BC_1; 2) AA_1 және BD_1; 3) AC_1 және BD_1 түзулері қалай орналасқан?

29. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың төбелері арқылы өтетін: 1) AB_1 және CD_1; 2) AA_1 және BD_1; 3) AC_1 және BF_1 түзулері қалай орналасқан?

30. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ параллелепипедінде: 1) AA_1 және BD; 2) AC_1 және BB_1 түзулері айқас болатынын дәлелдеңдер.

31. $SABCDEF$ пирамидасында SA түзуі мен: 1) BC; 2) CD түзуі айқас болатынын дәлелдеңдер.

32. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призмасында: 1) AA_1 және BC; 2) AC_1 және BD; 3) AB және B_1C_1 түзулері айқас болатынын дәлелдеңдер.

33. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призмасында: 1) AD; 2) AB_1 түзулеріне параллель жақтарын көрсетіңдер.

34. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамидасында AB қыры SDE жағына параллель болатынын дәлелдеңдер.

35. 1) Кубтың; 2) параллелепипедтің; 3) үшбұрышты призманың; 4) алтыбұрышты призманың параллель жақтарының қанша жұбы болады?

36. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призмасында: 1) ABB_1 және EDD_1; 2) ACC_1 және FDD_1 жазықтықтары параллель болатынын дәлелдеңдер.

Кеңістіктегі перпендикулярлық

37. 1) Дұрыс тетраэдрдің; 2) кубтың перпендикуляр қырларының қанша жұбы болады?

38. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубында: 1) AB_1 және BC_1; 2) AC және BD_1; 3) AB_1 және CD_1 түзулерінің арасындағы бұрышты табыңдар.

39. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призмасының барлық қырлары 1-ге тең. Оның: 1) AA_1 және CD_1; 2) AA_1 және BD_1; 3) AC және BE_1 түзулерінің арасындағы бұрышты табыңдар.

40. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубында B нүктесінен: 1) A_1D_1; 2) A_1C_1 түзуіне дейінгі қашықтықты табыңдар.

41. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс үшбұрышты призмасының барлық қырлары 1-ге тең. Оның B нүктесінен: 1) AC_1; 2) A_1C_1 түзуіне дейінгі қашықтықты табыңдар.

42. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубында B нүктесінен: 1) ACC_1; 2) ACB_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

43. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призмасының барлық қырлары 1-ге тең. Оның B төбесінен: 1) ACC_1; 2) CDD_1; 3) DEE_1; 4) DFF_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

44. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призмасының барлық қырлары 1-ге тең. Оның: 1) ABB_1 және DEE_1; 2) ACC_1 және FDD_1 жазықтықтарының арақашықтығын табыңдар.

45. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамидасының барлық қырлары 1-ге тең. SB түзуі мен ABC жазықтығының арасындағы бұрышты табыңдар.

46. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамидасы табанының қабырғасы 1-ге, ал бүйір қырлары 2-ге тең. SB түзуі мен ABC жазықтығының арасындағы бұрышты табыңдар.

47. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призмасының барлық қырлары 1-ге тең. 1) ABB_1 және BCC_1; 2) ABB_1 және ACC_1; 3) ACC_1 және CDD_1; 4) ACC_1 және BEE_1 жазықтықтарының арасындағы бұрышты табыңдар.

48. Дұрыс тетраэдрдің жақтарының арасындағы екіжақты бұрыштың косинусын табыңдар.

49. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1-ге тең. Оның көршілес бүйір жақтарының арасындағы екіжақты бұрышының косинусын табыңдар.

Векторлар және олардың қасиеттері

50. Параллелепипедтің қырлары әртүрлі қанша векторларды құрайды?

51. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призмасының барлық қырлары 1-ге тең. 1) $\overline{AC_1}$; 2) $\overline{AD_1}$ векторының ұзындығын табыңдар.

52. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубында: 1) $\overline{AB}+\overline{AD_1}$; 2) $\overline{AB_1}+\overline{AD_1}$ векторының ұзындығын табыңдар.

53. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубында $\overline{AC_1}$ векторын $\overline{AB}$, $\overline{AD}$ және $\overline{AA_1}$ векторлары арқылы өрнектеңдер.

54. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призмасының барлық қырлары 1-ге тең. $\overline{AD_1}$ векторын $\overline{AB}$, $\overline{AF}$ және $\overline{AA_1}$ векторлары арқылы өрнектеңдер.

55. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамидасының барлық қырлары 1-ге тең. $\overline{SA}$ векторы мен: 1) $\overline{BC}$; 2) $\overline{EF}$ векторының арасындағы бұрышты табыңдар.

56. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубы берілген. $\overline{AB_1}$ векторы мен: 1) $\overline{CC_1}$; 2) $\overline{CD_1}$; 3) $\overline{BC_1}$; 4) $\overline{BD_1}$ векторының скаляр көбейтіндісін табыңдар.

57. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубында денені C төбесінен C_1 төбесіне $\vec{F} = \overline{BD_1}$ күшінің әсерімен орын ауыстырғанда орындалатын жұмысты табыңдар.

Координаталар

58. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубы тікбұрышты координаталар жүйесінде орналасқан. Оның D төбесі координаталар басында, DC, DA, DD_1 қырлары сәйкесінше абсцисса, ордината, аппликата осьтерінде жатыр. Кубтың барлық төбелерінің координаталарын табыңдар.

59. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призмасының барлық қырлары 1-ге тең, ал A төбесі — тікбұрышты координата жүйесінің координаталар басында, ал AB, AE, AA_1 кесінділері сәйкесінше абсцисса, ордината, аппликата осьтерінде жатыр. Призманың төбелерінің координаталарын табыңдар.

60. $A(1;\ 2;\ 3)$ нүктесінен: 1) Ox; 2) Oy; 3) Oz координаталар түзуіне дейінгі қашықтықты табыңдар.

61. Центрі $A(1;\ 2;\ 2)$ нүктесінде болатын және координаталар басы арқылы өтетін сфераның теңдеуін табыңдар.

62. $x^2 - 4x + y^2 + 2y + z^2 - 4 = 0$ теңдеуі кеңістіктегі сфераны анықтайтынын дәлелдеңдер. Оның радиусы мен центрінің координаталарын табыңдар.

63. $\bar{a}_1(1;\ 2;\ 3)$ және $\bar{a}_2(3;\ -1;\ 2)$ векторларының скаляр көбейтіндісін табыңдар.

64. $A(1;\ 0;\ 0)$, $B(0;\ 2;\ 0)$, $C(0;\ 0;\ 3)$ нүктелері арқылы өтетін жазықтықтың теңдеуін табыңдар.

I тарау КӨПЖАҚТАР

§ 1. Көпжақ ұғымы. Призма және оның элементтері, призма түрлері. Призманың жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары

Көпжақ деп оның беті көпбұрыштардың шектеулі санынан тұратын денені айтады. Мұндайда, екі көршілес (ортақ қабырғасы бар) көпбұрыштар бір жазықтықта жатпауы тиіс. Осы көпбұрыштар көпжақтың *жақтары*, ал көпбұрыштың қабырғалары мен төбелері көпжақтың сәйкесінше *қырлары* мен *төбелері* деп аталатынын еске саламыз.



1.1-сурет

10-сынып геометрия курсында дөңес көпжақтар (куб, параллелепипед, призма, пирамида және т.б.) қарастырылды.

Куб деп алты жағы да квадрат болып келетін көпжақты айтады (1.1-сурет). Әдетте куб оның төбелерін көрсету арқылы белгіленеді, мысалы $ABCDA_1B_1C_1D_1$.

Қыры 1-ге тең куб *бірлік куб* деп аталады.

Кубтың бір жағында жатпайтын екі төбесін қосатын кесінді *кубтың диагоналі* деп аталады. 1.1-суретте $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының BD_1 диагоналі кескінделген.

Параллелепипед деп қарама-қарсы жақтары қос-қостан өзара параллель болатын көпжақты (алтыжақ) айтады (1.2, а-сурет). Параллелепипедтің алты жағы да параллелограмдар болады. Параллелепипед оның төбелерін көрсету арқылы белгіленеді, мысалы $ABCDA_1B_1C_1D_1$.





1.2-сурет

Егер параллелепипедтің бүйір қырлары табан жазықтығына перпендикуляр болса, онда ол *тік параллелепипед* деп аталады. Табандары тіктөртбұрыштар болатын тік параллелепипедті тікбұрышты параллелепипед деп атайды (1.2, ә-сурет). Егер параллелепипедтің бүйір қырлары табан жазықтығына перпендикуляр болмаса, онда ол *көлбеу параллелепипед* деп аталады (1.2, а-сурет).

Параллелепипедтің бір жағында жатпайтын екі төбесін қосатын кесінді *параллелепипедтің диагоналі* деп аталады. 1.2, ә-суретте $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрыштың параллелепипедінің BD_1 диагоналі кескінделген.

Параллелепипедтің барлық диагональдары бір нүктеде қиылысады және осы нүктеде қақ бөлінетінін дәлелдеңдер.

Призма деп екі жағы параллель жазықтықтарда жататын өзара тең көпбұрыштар, ал қалған жақтары осы көпбұрыштармен ортақ қабырғалары бар параллелограмдардар болатын көпжақты айтады. Көпбұрыштар призманың *табандары*, ал параллелограмдар призманың *бүйір жақтары* деп аталады. Бүйір жақтарынан құрылған бет призманың *бүйір беті* деп аталады. Призманың бүйір жақтарының ортақ қырлары оның *бүйір қырлары* деп аталады.

Призмалар табандарында жатқан көпбұрыштарға (үшбұрыштар, төртбұрыштар, бесбұрыштар және т.б.) байланысты сәйкесінше үшбұрышты, төртбұрышты, бесбұрышты және т.б. болып бөлінеді.

Егер призманың табандары n-бұрыштар болса, онда ол *n-бұрышты призма* деп аталады.

Призма оның төбелерімен белгіленеді, мысалы: $ABCA_1B_1C_1$ — үшбұрышты призма (1.3, а-сурет), $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ — алтыбұрышты призма (1.3, ә-сурет).



а)



ә)

1.3-сурет

Призманың анықтамасынан оның мынадай қасиеттері шығады:

1) бүйір қырлары тең;

2) табандары тең және параллель болады.

Бұл қасиеттерді өздерің дәлелдеңдер.

Бүйір қырлары табандарына перпендикуляр болатын призма *тік призма* деп аталады. Тік емес призма *көлбеу призма* деп аталады. 1.3, а-суретте үшбұрышты көлбеу призма кескінделген. 1.3, ә-суретте тік алтыбұрышты призма кескінделген.

Қалай ойлайсыңдар, параллелепипед төртбұрышты призма бола ма?

Табандары дұрыс көпбұрыштар болатын тік призма *дұрыс* деп аталады. 1.3, ә-суретте дұрыс алтыбұрышты призма кескінделген.

Призманың табан жазықтықтарының арақашықтығын *призманың биіктігі* деп атайды, яғни призманың бір табанының нүктесінен екінші табан жазықтығына түсірілген перпендикуляр оның *биіктігі* болып табылады. 1.3, а-суретте $ABCA_1B_1C_1$ призмасының A_1H биіктігі кескінделген.

Тік призманың биіктігі оның бүйір қырының ұзындығына тең болатынын дәлелдеңдер.

Призманың бір жағында жатпайтын екі төбесін қосатын кесінді *призманың диагоналі* деп аталады. 1.3, ә-суретте $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ призмасының AC_1 және AD_1 диагональдары кескінделген.

Егер көпжақ өзінің кез келген екі нүктесімен бірге оларды қосатын кесіндіні қамтитын болса, онда ол *дөңес көпжақ* деп аталады.

1.3-суретте дөңес көпжақтар кескінделген. 1.4, а, ә-суретте дөңес емес алтыбұрышты призма кескінделген.



а)



ә)

1.4-сурет

«Дөңестік» ұғымы кез келген фигура үшін анықталады. Егер фигурада оның кез келген екі нүктесімен бірге оларды қосатын кесінді жататын болса, онда ол *дөңес фигура* деп аталады.

1.5-суретте дөңес (ә, б) және дөңес емес (а, в) жазық фигуралар кескінделген.



а) ә) б) в)

1.5-сурет

Екі дөңес фигураның қиылысуы (ортақ бөлігі) дөңес фигура болатынын дәлелдеңдер.

Егер көпжақтың бетін қандайда бір қырлары бойымен кесіп, оны жазықтыққа, яғни бетті құрайтын барлық көпбұрыштар берілген жазықтықта жататындай жазатын болсақ, онда *көпжақтың жазбасы* деп аталатын фигура пайда болады.

Мысалы, 1.6-суретте кубтың жазбасы кескінделген.

Көпжақтардың модельдерін қатты қағаздан, қатырма қағаздан немесе басқада материалдан дайындау үшін алдымен оның жазбасын әзірлеп, сәйкесінше қырларын желімдеу қажет.

Ыңғайлы болуы үшін көпжақтың жазбасын қақпақшаларымен жасаған дұрыс және олар арқылы желімдеу жүргізіледі. 1.7-суретте кубтың жазбасы қақпақшаларымен көрсетілген.



1.6-сурет



1.7-сурет

Көпжақтарды оның жазбалары арқылы құрастыру туралы толығырақ танысу үшін мынадай кітапты ұсынамыз: Веннинджер М. Модели многогранников. – М.: Мир, 2004.

Анықтама бойынша, *көпжақтың бетінің ауданы* осы беттің құрамындағы көпбұрыштардың аудандарының қосындысы болып есептеледі.

Көпжақ бетінің ауданы оның жазбасының ауданына тең болатыны анық.

Призманың бүйір беті деп осы призманың барлық бүйір жақтарынан құрылған бетті айтады. Сондықтан призманың бүйір бетінің ауданы оның барлық бүйір жақтарының аудандарының қосындысына тең болады.

Теорема. ***Тік призманың бүйір бетінің ауданы оның табанының периметрі мен биіктігінің көбейтіндісіне тең болады.***

Дәлелдеуі. Анықтама бойынша $S_{бүйір} = S_1 + S_2 + ... + S_n$, мұндағы S_1, S_2, ..., S_n – бүйір жақтарының аудандары. Тік призманың бүйір жақтары тіктөртбұрыштар болып келеді, оның табандары призманың табанының қабырғалары, ал бүйір қыры призманың h биіктігіне тең және $S_1 = a_1h$, $S_2 = a_2h$, ... , $S_n = a_nh$, мұндағы a_1, a_2, ..., a_n – табан қабырғаларының ұзындықтары. Осыдан призманың бүйір бетінің ауданы мынадай формуламен есептелетіні шығады:

$$S_{бүйір} = a_1h + a_2h + ... + a_nh = (a_1 + a_2 + ... + a_n)h = ph,$$

мұндағы p — призманың табанының периметрі. ☐

Призманың толық бетінің ауданы оның бүйір беті мен табанының аудандарының қосындысына тең болады, яғни келесі формуламен анықталады:

$$S_{призма} = S_{бүйір} + 2S_{табан}.$$

Қыры a-ға тең болатын кубтың толық бетінің ауданын табу формуласын жазыңдар.

Бір төбесінен шығатын қырлары a, b, c болатын тікбұрышты параллелепипедтің толық бетінің ауданын табу формуласын жазыңдар.

Көпжақтарды модельдеу үшін http://geogebra.org сайтынан жүктеп алуға болатын тегін таратылымды GeoGebra компьютерлік бағдарламасын қолдануға болады.

Сұрақтар

1. Көпжақ дегеніміз не?
2. Қандай көпжақ куб деп аталады?
3. Кубтың диагоналі дегеніміз не?
4. Қандай көпжақ параллелепипед деп аталады?
5. Параллелепипедтің диагоналі дегеніміз не?
6. Қандай көпжақ призма деп аталады?
7. Қандай призма дұрыс деп аталады?
8. Призманың биіктігі дегеніміз не?
9. Призманың диагоналі дегеніміз не?
10. Қандай көпжақ дөңес деп аталады?
11. Көпжақтың жазбасы дегеніміз не?
12. Көпжақтың бетінің ауданы дегеніміз не?
13. Призманың бүйір және толық бетінің аудандары қалай есептеледі?

Есептер

A

1.1. Торкөз қағазға 1.8-суреттегіге ұқсас кубты және параллелепипедті салыңдар.



а) ә)

1.8-сурет

1.2. Торкөз қағазға 1.9-суреттегіге ұқсас призманы салыңдар.



а) ә)

1.9-сурет

1.3. 1.10-суретте кескінделген фигуралардың қайсысы параллелепипед болады?



а) ә) б)

1.10-сурет

1.4. 1.11-суретте кескінделген фигуралардың қайсысы призма болады?



1.11-сурет

1.5. 1.12-суретте кескінделген фигуралардың қайсысы призманың жазбасы болады? Осы призманың түрін анықтаңдар.

1.6. Қыры 1 см-ге тең болатын кубтың диагоналін табыңдар.

1.7. Бір төбесінен шығатын қырлары 2 см, 3 см және 4 см болатын тікбұрышты параллелепипедтің диагоналін табыңдар.

1.8. Призманың бүйір қыры 2 см-ге тең және ол табан жазықтығымен 30° бұрыш жасайды. Призманың биіктігін табыңдар.



1.12-сурет

1.9. Егер кубтың барлық қырларын 3 есе арттырса, онда оның бетінің ауданы неше есе артады?



1.13-сурет

1.10. Егер тікбұрышты параллелепипедтің барлық қырларын 2 есе кемітсе, онда оның бетінің ауданы неше есе кемиді?

1.11. Егер призманың барлық қырларын 2 есе арттырса, онда оның бетінің ауданы неше есе артады?

1.12. Бір төбесінен шығатын қырлары сәйкесінше 5 см, 4 см, 3 см болатын тікбұрышты параллелепипедтің бетінің ауданын табыңдар.

1.13. Барлық қырлары 1 см-ге тең болатын дұрыс үшбұрышты призманың бетінің ауданын табыңдар (1.13-сурет).

1.14. Барлық қырлары 1 см-ге тең болатын дұрыс алтыбұрышты призманың бетінің ауданын табыңдар (1.14-сурет).



1.14-сурет

В

1.15. 1.15-суретте кескінделген фигуралардың қайсысы кубтың жазбасы болады?

1.16. Кубтың диагоналі 1 см-ге тең. Кубтың қырын табыңдар.

1.17. Дұрыс алтыбұрышты призманың жазбасын салыңдар.

1.18. Дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. Призманың диагоналін табыңдар.

1.19. Дұрыс алтыбұрышты призманың табанының қабырғасы 1 см-ге, ал оның үлкен диагоналі 3 см-ге тең. Призманың биіктігін табыңдар.



1.15-сурет

1.20. Тікбұрышты параллелепипедтің бір төбесінен шығатын екі қыры 2 см-ге тең. Параллелепипедтің бетінің ауданы 40 см2-қа тең болуы үшін осы төбесінен шығатын үшінші қыры қандай болуы керек?

1.21. 1.16-суреттегі тікбұрышты параллелепипедтерден құралған фигуралар беттерінің ауданын табыңдар.



1.16-сурет

1.22. 1.17-суреттегі тікбұрышты параллелепипедтерден құралған фигуралар беттерінің ауданын табыңдар.



а) ә)

1.17-сурет

1.23. 1.18-суреттегі тікбұрышты параллелепипедтерден құралған фигуралар беттерінің ауданын табыңдар.



а) ә)

1.18-сурет

1.24. 1.19-суреттегі тікбұрышты параллелепипедтерден құралған фигуралар беттерінің ауданын табыңдар.



а) ә)

1.19-сурет

1.25. 1.20-суреттегі кеңістіктік денені құраушы кубтардың қырлары 1 см-ге тең деп алып, дененің бетінің ауданын табыңдар.



1.20-сурет



1.21-сурет

1.26. 1.21-суретте су жолы каналының көлденең қимасы көрсетілген. Каналдың төменгі және бүйір жақтары бетондалған. Каналдың әр километрінде бетонмен жабылған ауданды табыңдар.

C

1.27. 1.22-суретте кескінделген фигуралардың қайсысы дөңес және дөңес емес көпжақтар болады?



1.22-сурет

1.28. Қыры 6 см-ге тең болатын кубтың әрбір жағынан өтпелі квадратты тесіктер жасалды (1.23-сурет). Квадраттың қабырғасы 2 см-ге тең. Кубтың қалған бөлігінің бетінің ауданын табыңдар.



1.23-сурет



1.24-сурет

1.29. Бірлік кубтың бір төбесінен оған қарсы жатқан төбесіне дейін оның бетіндегі ең қысқа арақашықтықты табыңдар (1.24-сурет).

1.30. Дөңес емес көпбұрыш дөңес көпжақтың бір жағы болады ма?

1.31. Дөңес фигуралар біріксе дөңес фигура пайда бола ма?

1.32. Барлық жақтары дөңес көпбұрыш болатын дөңес емес көпжаққа мысал келтіріңдер.

1.33. Егер көпжақтың жақтары тек қана үшбұрыштар болса, онда жақтарының үш еселенген саны оның қырларының екі еселенген санына тең болатынын дәлелдеңдер. Егер көпжақтың қырларының саны 6-ға тең болса, онда оның жақтарының саны нешеу? Мұндай көпжаққа мысал келтіріңдер.

1.34. Егер көпжақтың жақтары тек қана төртбұрыштар болса, онда жақтарының төрт еселенген саны оның қырларының екі еселенген санына тең болатынын дәлелдеңдер. Егер көпжақтың жақтарының саны 6-ға тең болса, онда оның қырларының саны нешеу? Мұндай көпжаққа мысал келтіріңдер.

1.35. Егер көпжақтың әрбір төбесінен үш қыры шығатын болса, онда төбелерінің үш еселенген саны оның қырларының екі еселенген санына тең болатынын дәлелдеңдер. Егер көпжақтың қырларының саны 15-ке тең болса, онда оның төбелерінің саны нешеу? Мұндай көпжаққа мысал келтіріңдер.

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

1.36. Пирамида ұғымын анықтап көріңдер. Оның беті қандай көпбұрыштардан тұрады?

§ 2. Пирамида және қиық пирамида. Пирамиданың, қиық пирамиданың жазбасы, бүйір беті және толық бетінің аудандары

Пирамида деп бір жағы кез келген көпбұрыштан, ал қалған жақтары ортақ төбесі бар үшбұрыштардан тұратын көпжақты айтады.

Көпбұрыш пирамиданың *табаны*, ал үшбұрыштар пирамиданың *бүйір жақтары* деп аталады.

Бүйір жақтарының ортақ төбесі пирамиданың *төбесі*, ал төбесінен шығатын қырлары пирамиданың *бүйір қырлары* деп аталады. Пирамиданың төбесінен жүргізілген бүйір жағының биіктігі пирамиданың *апофемасы* деп аталады.

Пирамидалар табанында жатқан көпбұрыштарға (үшбұрыштар, төртбұрыштар, бесбұрыштар және т.б.) байланысты сәйкесінше үшбұрышты, төртбұрышты, бесбұрышты және т.б. болып бөлінеді.

Егер пирамиданың табаны n-бұрышты болса, онда ол *n-бұрышты пирамида* деп аталады.

2.1-суретте үшбұрышты, төртбұрышты және алтыбұрышты пирамидалар кескінделген.



2.1-сурет

Пирамида оның төбелерімен белгіленеді, мысалы: $SABC$ үшбұрышты пирамида (2.1, а-сурет), $SABCD$ төртбұрышты пирамида (2.1, ә-сурет), $SABCDEF$ алтыбұрышты пирамида (2.1, б-сурет). Бірінші ортақ төбесі көрсетіліп жазылады.

Пирамида төбесінен оның табан жазықтығына түсірілген перпендикуляр *пирамиданың биіктігі* деп аталады. 2.1-суретте пирамиданың SO биіктігі кескінделген.

Табанында дұрыс көпбұрыш жататын және барлық бүйір қырлары өзара тең болатын пирамида дұрыс деп аталады.

Қалай ойлайсыңдар, тетраэдр үшбұрышты пирамида бола ма?

2.2-суретте дұрыс алтыбұрышты пирамиданың жазбасы кескінделген.



2.2-сурет

Пирамиданың бүйір беті деп осы пирамиданың барлық бүйір жақтарынан құрылған бетті айтады. Сондықтан *пирамиданың бүйір бетінің ауданы* оның барлық бүйір жақтарының аудандарының қосындысына тең болады.

Теорема. ***Дұрыс пирамиданың бүйір бетінің ауданы оның табанының жарты периметрі мен апофемасының көбейтіндісіне тең болады:***

$$S_{\text{бүйір}} = \frac{1}{2}pl,$$

мұндағы l – пирамиданың апофемасы, ал p – табанының периметрі.

Бұл теореманы өздерің дәлелдеңдер.

Пирамиданың толық бетінің ауданы оның бүйір беті мен табанының аудандарының қосындысына тең болады, яғни мынадай формуламен есептеледі:

$$S_{\text{пирамида}} = S_{\text{бүйір}} + S_{\text{табан}}.$$



2.3-сурет

Пирамиданың табанына параллель және бүйір қырларын қиып өтетін жазықтықты қарастырайық. Осы жазықтық пен табан жазықтығының арасында шектелген пирамиданың бөлігі *қиық пирамида* деп аталады (2.3-сурет).

Берілген пирамиданың табаны және пирамиданың жазықтықпен қимасынан пайда болған көпбұрыш *қиық пирамиданың табандары* деп аталады.

Қиық пирамида оның табандарының төбелерімен белгіленеді, мысалы, 2.3-суретте $ABCDA_1B_1C_1D_1$ төртбұрышты қиық пирамида кескінделген.

Қиық пирамиданың табандарының қабырғалары қос-қостан параллель, сондықтан *қиық пирамиданың бүйір жақтары* трапециялар болып табылады. Бүйір жақтарынан құрылған бет *қиық пирамиданың бүйір беті* деп аталады.

Қиық пирамиданың бүйір жақтарының ортақ қырлары оның *бүйір қырлары* деп аталады.

Қиық пирамидалар табанында жатқан көпбұрыштарға (үшбұрыштар, төртбұрыштар, бесбұрыштар және т.б.) байланысты сәйкесінше үшбұрышты, төртбұрышты, бесбұрышты және т.б. болып бөлінеді.

2.4-суретте үшбұрышты қиық пирамида (2.4, а-сурет), төртбұрышты қиық пирамида (2.4, ә-сурет) және алтыбұрышты қиық пирамида (2.4, б-сурет) кескінделген.



2.4-сурет

Дұрыс пирамидадан алынған қиық пирамида *дұрыс* деп аталады.

Бүйір жағының биіктігі дұрыс қиық пирамиданың апофемасы деп аталады.

Бір табанының кез келген нүктесінен екінші табан жазықтығына түсірілген перпендикуляр *қиық пирамиданың биіктігі* деп аталады. 2.4-суретте қиық пирамиданың OO_1 биіктігі кескінделген.

Қиық пирамиданың жазбасы екі ұқсас көпбұрыштар (қиық пирамиданың табандары) мен трапециялардан (қиық пирамиданың бүйір жақтары) тұрады.

Қиық пирамиданың бүйір беті деп осы қиық пирамиданың барлық бүйір жақтарынан құрылған бетті айтады. Сондықтан қиық *пирамиданың бүйір бетінің ауданы* оның барлық бүйір жақтарының аудандарының қосындысына тең болады.

Теорема. ***Дұрыс қиық пирамиданың бүйір бетінің ауданы оның табандарының периметрлерінің қосындысының жартысын апофемасына көбейткенге тең болады:***

$$S_{\text{бүйір}} = 1/2\,(p + p_1)l,$$

мұндағы p және p_1 – қиық пирамиданың табандарының периметрлері, ал l – апофемасы.

Бұл теореманы өздерің дәлелдеңдер.

Қиық пирамиданың толық бетінің ауданы оның бүйір беті мен табандарының аудандарының қосындысына тең болады, яғни мынадай формуламен есептеледі:

$$S_{\text{қиық пирамида}} = S_{\text{бүйір}} + S_{1\text{табан}} + S_{2\text{табан}}.$$

Сұрақтар

1. Қандай көпжақ пирамида деп аталады?
2. Қандай пирамида дұрыс деп аталады?
3. Пирамиданың биіктігі дегеніміз не?
4. Қандай көпжақ қиық пирамида деп аталады?
5. Қандай қиық пирамида дұрыс деп аталады?
6. Қиық пирамиданың биіктігі дегеніміз не?
7. Пирамиданың бетінің ауданы қалай есептеледі?
8. Қиық пирамиданың бетінің ауданы қалай есептеледі?

Есептер

A

2.1. Торкөз қағазға 2.5-суреттегіге ұқсас пирамиданы салыңдар және оның биіктігін жүргізіңдер.



а)



ә)

2.5-сурет

2.2. 2.6-суретте кескінделген фигуралардың қайсысы пирамида болады?



а)



ә)



б)

2.6-сурет

2.3. 2.7-суретте кескінделген фигуралардың қайсысы пирамиданың жазбалары болады? Олардың түрін анықтаңдар.



2.7-сурет

2.4. 2.8-суретте кескінделген фигура қандай көпжақтың жазбасы болады?

2.5. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың жазбасын салыңдар.

2.6. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1 см-ге тең. Пирамиданың биіктігін табыңдар.

2.7. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1 см-ге тең. Пирамиданың толық бетінің ауданын табыңдар (2.9-сурет).



2.8-сурет

2.8. Дұрыс алтыбұрышты пирамиданың табанының қабырғасы 1 см-ге, ал бүйір қырлары 2 см-ге тең. Пирамиданың толық бетінің ауданын табыңдар (2.10-сурет).



2.9-сурет



2.10-сурет

B

2.9. Дұрыс алтыбұрышты пирамиданың табанының қабырғасы 1 см-ге, ал бүйір қырлары 2 см-ге тең. Пирамиданың биіктігін табыңдар.

2.10. Егер пирамиданың барлық қырларын 2 есе арттырса, онда оның бетінің ауданы неше есе артады?

2.11. Егер пирамиданың барлық қырларын 3 есе кемітсе, онда оның бетінің ауданы неше есе кемиді?

2.12. Торкөз қағазға 2.11-суреттегіге ұқсас қиық пирамиданы салыңдар.



а)



ә)

2.11-сурет

2.13. Дұрыс төртбұрышты қиық пирамиданың жазбасын салыңдар.

C

2.12-сурет

2.13-сурет

2.14. Дұрыс алтыбұрышты қиық пирамиданың жазбасын салыңдар.

2.15. Дұрыс төртбұрышты қиық пирамиданың табандарының қабырғалары 4 см және 2 см-ге, ал бүйір қырлары 3 см-ге тең. Пирамиданың биіктігін табыңдар.

2.16. Дұрыс алтыбұрышты қиық пирамиданың табандарының қабырғалары 2 см және 1 см-ге, ал биіктігі 3 см-ге тең. Пирамиданың бүйір қырын табыңдар.

2.17. Нұр-Сұлтан қаласындағы Бейбітшілік пен келісім сарайы дұрыс төртбұрышты пирамида пішіндес болып табылады (2.12-сурет). Оның биіктігі мен табанының қабырғасы 62 м-ге тең. Пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңдар.

2.18. Ежелгі Мысырдағы ең үлкен ғимараттардың бірі – Хеопс пирамидасы – дұрыс төртбұрышты пирамида. Оның биіктігі шамамен 140 м-ге, ал табанының ауданы 5,3 га-ға тең (2.13-сурет). Осы пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңдар.

2.19. Дұрыс төртбұрышты қиық пирамиданың табандарының қабырғалары 1 см және 2 см-ге, ал бүйір қырлары 1 см-ге тең. Пирамиданың толық бетінің ауданын табыңдар (2.14-сурет).



2.14-сурет



2.15-сурет

2.20. $SABC$ дұрыс пирамидасының AB және SC қырларының орталарын қосатын пирамида бетіндегі ең қысқа арақашықтықты табыңдар (2.15-сурет).

2.21. 2.16-суретте дән сақталатын қорап (бункер) кескінделген. Оның негізгі бөлігінің бетін дұрыс төртбұрышты қиық пирамиданың бүйір беті құрайды. Суретте көрсетілген өлшемдері (см-мен) бойынша қорапты жасау үшін (A және B бөліктерін есептемегенде) қанша квадрат дециметр қаңылтыр қажет екенін есептеңдер.

2.22. Егер көпжақтың әрбір төбесінен төрт қыры шығатын болса, онда төбелерінің төрт еселенген саны оның қырларының екі еселенген санына тең болатынын дәлелдеңдер. Егер көпжақтың төбелерінің саны 6-ға тең болса, онда оның қырларының саны нешеу? Мұндай көпжаққа мысал келтіріңдер.

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

2.23. Жазықтықтағы көпбұрыштың анықтамасын және дөңес көпбұрыштың бұрыштарының қосындысы туралы теореманы қайталаңдар.

§ 3. Көпжақты бұрыш

«Жазықтықтағы көпбұрыш» ұғымына ұқсас кеңістіктегі «көпжақты бет» пен «көпжақты бұрыш» ұғымдарын анықтаймыз.

Көпжақты бет деп S ортақ төбесі бар A_1SA_2, A_2SA_3, ..., $A_{n-1}SA_n$, A_nSA_1 жазық бұрыштарының шектеулі санынан тұратын бетті айтамыз. Мұндайда, көршілес бұрыштардың ортақ қабырғаларының нүктелерінен басқа ортақ нүктелері болмауы, ал көршілес емес бұрыштардың ортақ төбеден басқа ортақ нүктелері болмауы тиіс (3.1-сурет).

Көпжақты беттен және онымен шектелген кеңістіктің бір бөлігінен құралған фигура *көпжақты бұрыш* деп аталады.

Жазық бұрыштардың S ортақ төбесі *көпжақты бұрыштың төбесі* деп аталады.



3.1-сурет

SA_1, SA_2, ..., SA_n сәулелері *көпжақты бұрыштың қырлары*, ал A_1SA_2, A_2SA_3, ..., $A_{n-1}SA_n$, A_nSA_1 жазық бұрыштары *көпжақты бұрыштың жазық бұрыштары* деп аталады.

Сонымен, көпжақты бұрыштың беті жазық бұрыштардан тұрады. Көпжақты бұрыштың екі көршілес жақтары екіжақты бұрышты құрайды және оны біз *көпжақты бұрыштың екіжақты бұрышы* деп атаймыз. Көпжақты бұрыш оның төбесін және қырларындағы нүктелерді көрсету арқылы белгіленеді: $SA_1A_2...A_n$.

Көпжақты бұрыштар оның жақтарының санына байланысты үшжақты (3.2, а-сурет), төртжақты (3.2, ә-сурет), бесжақты (3.2, б-сурет) және т.б. бұрыштарға бөлінеді.

Көпжақты бұрыштар дөңес және дөңес емес болып бөлінеді.



3.2-сурет

Егер көпжақты бұрыш дөңес фигура болса, яғни фигурада өзінің кез келген екі нүктесімен бірге оларды қосатын кесінді жатса, онда көпжақты бұрыш *дөңес* деп аталады.

3.3-суретте дөңес көпжақты бұрыш (3.3, а-сурет) және дөңес емес көпжақты бұрыш (3.3, ә-сурет) кескінделген.



3.3-сурет 3.4-сурет

Біз тек қана дөңес көпжақты бұрыштарды қарастыратын боламыз.

* Үшжақты бұрыштың жазық бұрыштары үшін үшбұрыш теңсіздігіне ұқсас теңсіздік орынды болады.

1-теорема. ***Үшжақты бұрыштың бір жазық бұрышының өлшемі оның басқадай екі жазық бұрыштары өлшемдерінің қосындысынан кіші болады.***

Дәлелдеуі. $SABC$ үшжақты бұрышында жазық бұрыштарының ішіндегі ең үлкені ASC бұрышы болсын (3.4-сурет). Сонда $\angle ASB \leqslant \angle ASC < \angle ASC + \angle BSC$; $\angle BSC \leqslant \angle ASC < \angle ASC + \angle ASB$ теңсіздігі орындалады. Сонымен, $\angle ASC < \angle ASB + \angle BSC$ теңсіздігін дәлелдеу керек болады.

ASC жағынан ASB бұрышына тең ASD бұрышын саламыз және $SB = SD$ болатындай D нүктесін таңдап аламыз. Сонда ASB және ASD үшбұрыштары тең болады (екі қабырғасы және олардың арасындағы бұрышы бойынша), демек, $AB = AD$ болады.

ABC үшбұрышын қарастырамыз және үшбұрыштың $AC < AB + BC$ теңсіздігін пайдаланамыз. Теңсіздіктің екі жақ бөлігінен $AD = AB$ азайтып, $DC < BC$ теңсіздігін аламыз. DSC және BSC үшбұрыштарында SC — ортақ қабырға, $SD = SB$ және $DC < BC$. Бұл жағдайда үлкен қабырғасына қарама-қарсы үлкен бұрышы жатады, демек, $\angle DSC < \angle BSC$ болады. Осы теңсіздіктің екі жақ бөлігіне де ASB бұрышына тең ASD бұрышын қосып, ізделінді теңсіздікті аламыз: $\angle ASC < \angle ASB + \angle BSC$. ☐

Үшжақты бұрыштың кез келген жазық бұрышының өлшемі оның басқадай екі жазық бұрыштары өлшемдерінің айырымынан үлкен болатынын өздерің дәлелдеңдер.

2-теорема. ***Үшжақты бұрыштың барлық жазық бұрыштарының өлшемдерінің қосындысы 360°-тан кіші болады.***

Дәлелдеуі. $SA_1...A_n$ дөңес көпжақты бұрышын қарастырайық (3.5-сурет). Бір жазықтықта жататындай $A_1, ..., A_n$ нүктелерін аламыз және төбелері осы нүктелерде болатын үшжақты бұрыштың жазық бұрыштарының қосындысы туралы теореманы қолданамыз. Сонда



3.5-сурет

$$\angle A_1A_2A_3 < \angle A_1A_2S + \angle SA_2A_3, \ ...,$$
$$\angle A_nA_1A_2 < \angle A_nA_1S + \angle SA_1A_2.$$

теңсіздігін аламыз.

Бұл теңсіздіктерді мүшелеп қосамыз. Теңсіздіктің сол жақ бөлігінде мәні $180°(n-2)$-ге тең болатын $A_1...A_n$ дөңес n-бұрыштың бұрыштарының қосындысы, ал оң жақ бөлігінде — S төбесіндегі бұрыштардан басқа A_1A_2S, ..., A_nA_1S үшбұрыштарының қосындысы болады.

Осы бұрыштардың қосындысын $\sum$ арқылы белгілейік. Сонда $180°(n-2) < 180°n - \sum$. Ендеше, $\sum < 180° \cdot 2 = 360°$ болады. ☐

Жазық бұрыштарының қосындысы 360°-тан артық болатын көпжақты бұрыштарға мысал келтіріңдер.

3-теорема. ***Үшжақты бұрыштың екіжақты бұрыштарының өлшемдерінің қосындысы 180°-тан үлкен болады.***



3.6-сурет

Дәлелдеуі. $SABC$ — үшжақты бұрыш болсын. Оның ішінен қандай да бір P нүктесін аламыз және осы нүктеден берілген үшжақты бұрыштың жақтарына PA_1, PB_1, PC_1 перпендикулярларын жүргіземіз (3.6-сурет). B_1PC_1, A_1PC_1, A_1PB_1 жазық бұрыштары сәйкесінше SA, SB, SC қырлары болатын екіжақты бұрыштарды 180°-қа дейін толықтырады. Демек, бұл екіжақты бұрыштардың қосындысы $540^\circ - (\angle B_1PC_1 + \angle A_1PC_1 + \angle A_1PB_1)$ болады.

Төбесі P болатын үшжақты бұрыштың барлық жазық бұрыштарының өлшемдерінің қосындысы 360°-тан кіші болатынын ескеріп, бастапқы үшжақты бұрыштың екіжақты бұрыштарының өлшемдерінің қосындысы 180°-тан үлкен болатынын аламыз.

Сұрақтар

1. Көпжақты бет дегеніміз не?
2. Көпжақты бұрыш дегеніміз не?
3. Көпжақты бұрыш қалай белгіленеді?
4. Үшжақты бұрыштың жазық бұрыштары туралы теореманы айтыңдар.
5. Қандай фигура дөңес деп аталады?
6. Қандай көпжақ дөңес деп аталады?
7. Дөңес көпжақты бұрыштың жазық бұрыштары туралы теореманы айтыңдар.
8. Үшжақты бұрыштың екіжақты бұрыштары туралы теореманы айтыңдар.

Есептер

A

3.1. 1) 20°, 60°, 30°; 2) 40°, 40°, 80°; 3) 60°, 45°, 30° жазық бұрыштары бар үшжақты бұрыш бола ма?

3.2. Тек қана үшжақты бұрыштары бар көпжаққа мысал келтіріңдер.

3.3. 1) Төртжақты; 2) бесжақты; 3) алтыжақты бұрышы бар көпжаққа мысал келтіріңдер.

3.4. 1) n-бұрышты призманың; 2) n-бұрышты пирамиданың көпжақты бұрышының түрін анықтаңдар.

B

3.5. Үшжақты бұрыштың екі жазық бұрыштары 70° және 80°-қа тең. Үшінші жазық бұрыш қандай аралықта жатады?

3.6. 3.7-суреттегі: 1) дұрыс үшбұрышты призманың; 2) дұрыс төртбұрышты призманың; 3) дұрыс алтыбұрышты призманың үшжақты бұрышының жазық бұрыштарының қосындысын табыңдар.



3.7-сурет

3.7. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1-ге тең (3.8-сурет). Пирамиданың: 1) үшжақты бұрышының; 2) төртжақты бұрышының жазық бұрыштарының қосындысын табыңдар.



3.8-сурет

C

3.8. Егер үшжақты бұрыштың екі жазық бұрышы тік болса, онда оған қарсы жатқан екіжақты бұрыштары да тік болатынын дәлелдеңдер.

3.9. Төртжақты бұрыштың кез келген жазық бұрышы оның басқадай үш жазық бұрышының қосындысынан кіші болатынын дәлелдеңдер.

3.10. 1) 80°, 130°, 70°, 100°; 2) 20°, 40°, 80°, 160° жазық бұрыштары бар дөңес төртжақты бұрыш бола ма?

3.11. Дөңес n-жақты бұрыштың екіжақты бұрыштарының қосындысы $180^\circ(n-2)$-ден үлкен болатынын дәлелдеңдер.

3.12. 90°, 90°, 90°, 90°-қа тең екіжақты бұрыштары бар дөңес төртжақты бұрыш бола ма?

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

3.13. 1) Параллелепипед; 2) призма; 3) пирамида төбелерінің (Т), қырларының (Қ) және жақтарының (Ж) саны үшін Т − Қ + Ж = 2 теңдігі орындалатынын тексеріңдер.

§ 4*. Эйлер теоремасы

Бізге белгілі көпжақтарды қарастырып, олардың төбелерінің (Т), қырларының (Қ) және жақтарының (Ж) саны бойынша кестені толтырамыз.

1-кесте

Көпжақтың атауы	Т	Қ	Ж
Параллелепипед	8	12	6
Үшбұрышты пирамида	4	6	4
Төртбұрышты пирамида	5	8	5
Үшбұрышты призма	6	9	5
Төртбұрышты призма	8	12	6
n-бұрышты пирамида	$n+1$	$2n$	$n+1$
n-бұрышты призма	$2n$	$3n$	$n+2$

Осы кестеден қарастырылған барлық көпжақтар үшін Т – Қ + Ж = 2 теңдігі орындалатынын көреміз. Бұл теңдік қарастырылған көпжақтар үшін ғана емес, кез келген дөңес көпжақ үшін де орынды болады.

Дөңес көпжақтардың бұл қасиетін алғашқы болып 1752 жылы Леонард Эйлер дәлелдеген және Эйлер теоремасы атауын алған.

Эйлер теоремасы. ***Кез келген дөңес көпжақтар үшін келесі теңдік орынды болады:***

$$\text{Т} - \text{Қ} + \text{Ж} = 2,$$

мұндағы Т — берілген көпжақтың төбелерінің саны, Қ — қырларының саны, Ж — жақтарының саны.

Дәлелдеуі. Көпжақтың бетін қарастырайық. Оның бір жағын кесіп, қалған бетін жазықтыққа жазамыз. Осыдан Т төбелері, Қ қырларынан тұратын сызбаны және осы сызбаның жазықтықты бөлетін Ж аймақтарын аламыз.

Егер торкөздегі екі төбесі бар қандай да бір қырын оның төбелерінің біреуіне осы қыры бойымен қысып жинақтайтын болсақ, онда сызбадағы Т – Қ + Ж мәні өзгермейтінін дәлелдейік.

Мысал ретінде, кубтан алынған 4.1-суреттегі сызбаны қарастырамыз. Мұнда Т = 8, Қ = 12, Ж = 6 болады.



4.1-сурет



4.2-сурет

AB қырын *C* нүктесіне қысып жинақтағанда 4.2-суреттегідей сызба пайда болады. Нәтижесінде, Т төбелерінің саны біреуге кемиді, Қ қырларының саны да біреуге кемиді, ал Ж аймақтарының саны өзгермейді. Демек, Т – Қ + Ж мәні де өзгермейтін болады.

Осы қасиеттерді пайдаланып, екі төбесі бар барлық қырларын қысып жинақтаймыз. Осыдан бір төбесі бар, ал қырлары осы төбемен күрмектері болатын сызбаны аламыз (4.3, а-сурет).

Бұл торкөз үшін де Т – Қ + Ж мәні өзгеріссіз бастапқы мән болып қалады.

Енді егер пайда болған сызбадағы қандай да бір күрмекті алып тастасақ, Т – Қ + Ж мәні өзгермейтінін дәлелдейміз.



4.3-сурет

Расында да, бұл жағдайда Т төбелерінің саны өзгермейді, ол 1-ге тең. Қ қырларының саны да, Ж аймақтарының саны да 1-ге кемиді (4.3, ә-сурет). Endеше, Т – Қ + Ж мәні де өзгермейтін болады.

Осы қасиеттерді пайдаланып, біреуден басқа барлық күрмектерді алып тастаймыз. Осыдан бір төбесі және бір қыры (төбесі мен күрмегі) бар сызбаны аламыз (4.3, б-сурет). Бұл сызба үшін Т = 1, Қ = 1, Ж = 2, яғни Т – Қ + Ж = 2 болады. Демек, бұл теңдік бастапқы көпжақ үшін де орынды болып табылады.

Қалай ойлайсыңдар, Эйлер теңдігі: а) дөңес емес призма; ә) дөңес емес пирамида үшін орындала ма?

Мысал. Кез келген дөңес көпжақта үшбұрышты жақ немесе үшжақты бұрыш табылатынын және үшбұрышты жақтардың саны мен үшжақты бұрыштардың санының қосындысы сегізден артық немесе тең болатынын дәлелдеңдер.

Шешуі. Дөңес көпжақтың i қырлары жинақталатын төбелерінің санын $Т_i$ арқылы белгілейік. Сонда төбелердің жалпы Т саны үшін $Т = Т_3 + Т_4 + Т_5 + \dots$ теңдігі орынды болады.

Осыған ұқсас дөңес көпжақтың i қырлары бар жақтарының санын $Ж_i$ арқылы белгілейік. Сонда жақтарының жалпы Ж саны үшін $Ж = Ж_3 + Ж_4 + Ж_5 + \dots$ теңдігі орынды болады.

Осыдан,

$$3Т_3 + 4Т_4 + 5Т_5 + \dots = 2Қ, \quad 3Ж_3 + 4Ж_4 + 5Ж_5 + \dots = 2Қ.$$

Эйлер теоремасы бойынша, $4Т - 4Қ + 4Ж = 8$ теңдігі орындалады. Т, Қ және Ж орнына өрнектерін қоя отырып, $4Т_3 + 4Т_4 + 4Т_5 + \dots - (3Т_3 + 4Т_4 + 5Т_5 + \dots) - (3Ж_3 + 4Ж_4 + 5Ж_5 + \dots) + 4Ж_3 + 4Ж_4 + 4Ж_5 + \dots = 8$ теңдігін аламыз. Endеше, $Т_3 + Ж_3 = 8 + Т_5 + \dots + Ж_5 + \dots$. Демек, үшбұрышты жақтардың саны мен үшжақты бұрыштардың санының қосындысы сегізден артық немесе тең болады.

Тарихи деректер

Леонард Эйлер (1707—1783) — әлемге танымал швейцариялық математик. Оның еңбектері математиканың көптеген заманауи бөлімдерінің дамуына үлес қосты.

Ғалымның ғылыми мұралары көп. Қазіргі уақытта оның 800-ден астам еңбектері белгілі болып отыр. Өмірінің соңғы 12 жылында Эйлер ауыр науқастанып, көру қабілетінен айырылды, бірақ науқасына қарамастан жұмыс істеп, нәтижелер алған. Статистикалық есептеулер бойынша, Эйлер аптасына орта есеппен бір жаңалық ашып отырған.

Эйлер еңбектерінде зерттелмеген математикалық мәселелерді табу қиын. Кейінгі ұрпақтың математиктері Эйлерден білім алған. Белгілі француз ғалымы П.С. Лаплас: «Эйлерді оқыңдар, ол — бәріміздің ұстазымыз», — деген.

Математика тарихшылары Эйлер теоремасын *топологияның алғашқы теоремасы* деп атаған. Топология — үздіксіз деформация кезінде өзгермейтін, үзіліссіз немесе қосымша желімдеусіз созылатын және қысылатын фигуралардың қасиеттерін зерттейтін геометрияның бөлімі. Мұндай қасиеттер *топологиялық* деп аталады.

Дөңес көпжақтар үшін Т − Қ + Ж = 2 Эйлер қатынасы осы топологиялық қасиетті сипаттайды. Көпжақты деформациялауға болады, оның қырлары мен жақтары майысуы мүмкін, бірақ олардың саны, яғни Эйлер қатынасы өзгермейді.

Эйлер қатынасын дәлелдеу кезінде біз деформациялауды қолданғанбыз, яғни көпжақтың бетінің бір жағын кесіп, жазықтыққа жазған болатынбыз. Қырлары мен көпбұрыштардың өздері майысуы мүмкін, бірақ бұл Эйлер қатынасына әсер етпейді.

Леонард Эйлердің өмірімен және шығармашылығымен танысу үшін біз келесі кітапты ұсынамыз: Тиле Р. Леонард Эйлер. — Киев: Вища школа, 1983.

Сұрақтар

1. 1) n-бұрышты призманың; 2) n-бұрышты пирамиданың төбелері, қырлары және жақтарының саны нешеге тең?
2. Эйлер теоремасын айтыңдар.
3. Эйлер теоремасы қашан дәлелденді?
4. Топология нені зерттейді?

Есептер

А

4.1. Дөңес көпжақтың 6 төбесі және 12 қыры бар. Оның неше жағы болады?

4.2. Дөңес көпжақтың 8 төбесі және 6 жағы бар. Оның неше қыры болады?

4.3. Дөңес көпжақтың 9 қыры және 5 жағы бар. Оның неше төбесі болады?

B

4.4. Эластикалық материалдан жасалған үшбұрышты призманың бір табаны кесіліп алынды және қалған жақтары жазықтыққа жазылды. Пайда болған сызбаның суретін салыңдар.

4.5. Эластикалық материалдан жасалған төртбұрышты пирамиданың табаны кесіліп алынды және қалған жақтары жазықтыққа жазылды. Пайда болған сызбаның суретін салыңдар.

4.6. 4.4-суреттегі сызбаларға сәйкес келетін көпжақтарды айтыңдар.



а)



ә)

4.4-сурет

4.7. 4.5-суреттегі көпжақтар үшін Эйлер қатынасының орындалатынын немесе орындалмайтынын тексеріңдер.



а)



ә)

4.5-сурет

C

4.8. Дөңес емес призма үшін Эйлер қатынасы орындала ма?

4.9. Дөңес емес пирамида үшін Эйлер қатынасы орындала ма?

4.10. 4.6-суреттегі көпжақтың төбелерінің, қырларының және жақтарының санын табыңдар. Осы көпжақ үшін Эйлер қатынасы орындала ма?



4.6-сурет



4.7-сурет

4.11. Дөңес көпжақтың әрбір төбесіне бір квадрат және төрт үшбұрыш жинақталады (4.7-сурет). Осы көпжақтың төбелерінің (Т), қырларының (Қ) және жақтарының (Ж) санын табыңдар.

4.12. Кез келген дөңес көпжақтың үшбұрышты немесе төртбұрышты, немесе бесбұрышты жақтары бар болатынын дәлелдеңдер.

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

4.13. Дұрыс көпбұрыштың анықтамасын қайталаңдар. Дұрыс көпжақтың анықтамасын айтып көріңдер.

§ 5. Дұрыс көпжақтар

Егер дұрыс көпжақтың жақтары қабырғаларының саны бірдей дұрыс көпбұрыштар болса және әрбір төбесінде бірдей жақтар саны түйісетін болса, онда ол *дұрыс көпжақ* деп аталады.

Дұрыс көпжақтың төбелерінде қандай және неше дұрыс көпбұрыш түйісетінін айқындайық.

Дұрыс көпжақтардың ішіндегі ең қарапайымы жақтары төрт дұрыс үшбұрыштан тұратын (5.1, а-сурет) және әрбір төбесінде үш жағы түйісетін көпжақ болып табылады. Бұл көпжақ *дұрыс тетраэдр* деп аталады. Грек тілінен аударғанда «тетраэдр» сөзі «төртжақ» («тетра» — төрт, «эдра» — жақ) дегенді білдіреді.

5.1, ә-суретте жақтары дұрыс үшбұрыштан тұратын және әрбір төбесінде төрт жағы түйісетін көпжақ кескінделген. Оның беті сегіз дұрыс үшбұрыштан тұрады, сондықтан ол *октаэдр* («окта» — сегіз) деп аталады.

5.1, б-суретте әрбір төбесінде бес дұрыс үшбұрыш түйісетін көпжақ кескінделген. Оның беті жиырма дұрыс үшбұрыштан тұрады, сондықтан ол *икосаэдр* («икоси» — жиырма) деп аталады.

Дөңес көпжақтың бір төбесінде бесеуден көп емес дұрыс үшбұрыштардың түйісетінін байқаймыз, өйткені керісінше жағдайда бұл төбедегі жазық бұрыштардың қосындысы 360°-тан артық немесе тең болады. Сондықтан жақтары дұрыс үшбұрыштар болатын басқадай дұрыс көпжақтар болмайды.



5.1-сурет

Осыған ұқсас, дөңес көпжақтың төбелерінде тек қана үш квадрат түйісетін болғандықтан, кубтан (5.1, в-сурет) басқа жақтары квадрат болатын басқадай дұрыс көпжақтар болмайды. Кубтың алты жағы бар, сондықтан ол *гексаэдр* («гекса» — алты) деп те аталады.

5.1, г-суретте жақтары дұрыс бесбұрыштар болатын және әрбір төбесінде үш жағы түйісетін көпжақ кескінделген. Оның беті он екі дұрыс бесбұрыштан тұрады, сондықтан ол *додекаэдр* («додека» — он екі) деп аталады.

Дөңес көпжақтың төбелерінде қабырғасының саны бесеуден артық дұрыс көпбұрыштар түйіспейтіндіктен, басқадай дұрыс көпжақтар болмайды. Сонымен, дөңес дұрыс көпжақтың бес түрі болады: *дұрыс тетраэдр, гексаэдр* (*куб*), *октаэдр, додекаэдр* және *икосаэдр*.

Қалай ойлайсыңдар, неліктен бүйір жақтары квадраттар болып келетін дұрыс үшбұрышты призма дұрыс көпжақ болмайды?

Дөңес көпжақты бұрыштардың қасиеттерін пайдаланып, дөңес көпжақтың төбелерінде қабырғасының саны бесеуден артық дұрыс көпбұрыштардың түйіспейтінін өздерің дәлелдеңдер.

Тарихи деректер

Ежелден бері дұрыс көпжақтар ғалымдардың, құрылысшылардың, сәулетшілердің және тағы басқалардың назарын аударған. Оларды осы көпжақтардың сұлулығы, ерекшелігі және үйлесімділігі таңғалдырған. Пифагорлықтар бұл көпжақтарды құдай берген таңғажайып деп есептеп, оларды әлем туралы философиялық жазбаларында қолданған. Ежелгі грек ғалымы Платон (б.э.д. 429—348) дұрыс көпжақтардың қасиеттерін егжей-тегжейлі сипаттаған. Сол себепті дұрыс көпжақтар *Платон денелері* деп те аталады. Евклидтің танымал «Бастамалары» атты соңғы XIII кітабы дұрыс көпжақтарға арналған.

Қайта өркендеу дәуірінде (XV—XVI ғғ. ғылым мен өнердің қайта өркендеген дәуірі) дұрыс көпжақтарға мүсіншілер, архитекторлар және суретшілер үлкен қызығушылық танытты. Леонардо да Винчи (1452—1519 жж.), мысалы, көпжақтар теориясымен айналысқан және оларды өзінің суреттерінде бейнелеген. Ол өзінің досы монах Лука Пачолидің (1445—1514 жж.) «Таңғажайып пропорциялар туралы» кітабын дұрыс және жартылай дұрыс көпжақтардың суреттерімен сипаттаған.

Қайта өркендеу дәуірінде геометриямен айналысқан тағы бір атақты суретші Альбрехт Дюрер болды. Оның елге танымал «Меланхолия» өрнегінде алдыңғы қатарда додекаэдр салынған. 1525 жылы Дюрер трактат жазды, онда ол беттері болашақтың жақсы моделін көрсететін бес дұрыс көпжақты ұсынды.

Иоганн Кеплер (1571—1630 жж.) өзінің 1596 жылы жарыққа шыққан «Әлемнің құпиясы» атты еңбегінде сфераға (сол кездегі белгілі планеталардың орбитасы) сырттай сызылған дұрыс көпжақтарды пайдаланып, Күн жүйесінің моделін құрастырған.

Ол центрге жердің орбитасын орналастырды. Кеплердің ойынша, Күн жүйесінің геометриясы мынадай болады: «Жер (Жердің орбитасы) — барлық орбиталардың өлшемі. Оған сырттай додекаэдрді саламыз. Додекаэдрге сырттай сызылған сфера — бұл Марс сферасы. Марс сферасына сырттай тетраэдрді саламыз. Тетраэдрге сырттай сызылған сфера Юпитердің сферасы болып табылады. Юпитер сферасына сырттай кубты саламыз. Кубқа сырттай сызылған сфера Сатурн сферасы болып табылады. Жердің сферасына іштей икосаэдрді саламыз. Оған іштей сызылған сфера Венера сферасы болады. Венера сферасына іштей октаэдрді саламыз. Оған іштей сызылған сфера Меркурий сферасы болады. Ол кезде басқа планеталар әлі ашылған жоқ болатын.

Күн жүйесінің мұндай моделін Кеплер «Ғарыштық куб» деп атады.

Сұрақтар

1. Қандай дөңес көпжақ дұрыс деп аталады?
2. Қандай көпжақ: а) дұрыс тетраэдр; ә) октаэдр; б) икосаэдр; в) гексаэдр; г) додекаэдр деп аталады?
3. Дұрыс көпжақтарды зерттеумен кімдер айналысқан?

Есептер

A

5.1. 1) Дұрыс тетраэдрдің; 2) кубтың; 3) октаэдрдің; 4) икосаэдрдің; 5) додекаэдрдің неше төбесі, қыры және жағы болады?

5.2. Үшбұрышты бипирамида екі дұрыс тетраэдрдің беттерін беттестіріп құрастырылды («би» қосымшасы екеу, еселеуді білдіреді). Пайда болған көпжақ дұрыс бола ма? Неліктен?

5.3. Төртбұрышты бипирамида бүйір жақтары дұрыс үшбұрыш болатын екі төртбұрышты пирамиданың табандарын беттестіріп құрастырылды. Пайда болған көпжақ дұрыс бола ма?

5.4. Торкөз қағазға 5.2-суреттегіге ұқсас октаэдрді салыңдар.



5.2-сурет



5.3-сурет

5.5. Торкөз қағазға 5.3-суреттегіге ұқсас икосоэдрді салыңдар.

5.6. Торкөз қағазға 5.4-суреттегіге ұқсас додекаэдрді салыңдар.



5.4-сурет



5.5-сурет

5.7. 5.5-суретте неше тетраэдр кескінделген?

5.8. 5.6-суретте неше октаэдр кескінделген?



5.6-сурет



5.7-сурет

5.9. 5.7-суреттегі көпжақ қандай екі көпжақты біріктіру арқылы салынған?

5.10. 5.8-суреттегі көпжақ қандай екі көпжақты біріктіру арқылы салынған?



5.8-сурет

B

5.11. 5.9-суреттегіге ұқсас кубты торкөз қағазға салыңдар. Кубтың A, C, B_1, D_1 төбелері қандай көпжақтың төбелері болады? Осы көпжақты салыңдар. Берілген кубтың қыры 1-ге тең деп алып, пайда болған көпжақтың қырының ұзындығын табыңдар.



5.9-сурет



5.10-сурет

5.12. 5.9-суреттегіге ұқсас кубты торкөз қағазға салыңдар. Кубтың жақтарының центрлерін белгілеңдер. Олар қандай көпжақтың төбелері болады? Осы көпжақты салыңдар. Берілген кубтың қыры 1-ге тең деп алып, пайда болған көпжақтың қырының ұзындығын табыңдар.

5.13. 5.10-суреттегіге ұқсас тетраэдрді торкөз қағазға салыңдар. Тетраэдрдің қырларының орталарын белгілеңдер. Олар қандай көпжақтың төбелері болады? Осы көпжақты салыңдар. Берілген тетраэдрдің қыры 1-ге тең деп алып, пайда болған көпжақтың қырын табыңдар.

5.14. Қыры 2 см-ге тең тетраэдрдің әрбір төбесінен қыры 1 см-ге тең тетраэдр қиылып алынса, қалған бөлігі қандай көпжақ болады? Оның қырын табыңдар.

5.15. Октаэдрдің қыры 1-ге тең. Оның қарама-қарсы жатқан төбелерінің арақашықтығын табыңдар.

5.16. Бірлік октаэдрдің қырлары арқылы оның бір төбесінен оған қарсы жатқан төбесіне дейінгі ұзындығы 2-ге тең неше жол болады?

5.17. Бірлік октаэдрдің қырлары арқылы оның бір төбесінен оған қарсы жатқан төбесіне дейінгі ұзындығы 3-ке тең неше жол болады?

C

5.18. 5.10-суреттегіге ұқсас тетраэдрді торкөз қағазға салыңдар. Тетраэдрдің жақтарының центрлерін белгілеңдер. Олар қандай көпжақтың төбелері болады? Осы көпжақты салыңдар. Берілген тетраэдрдің қыры 1-ге тең деп алып, пайда болған көпжақтың қырын табыңдар.

5.19. 5.2-суреттегіге ұқсас октаэдрді торкөз қағазға салыңдар. Октаэдрдің жақтарының центрлерін белгілеңдер. Олар қандай көпжақтың төбелері болады? Осы көпжақты салыңдар. Берілген октаэдрдің қыры 1-ге тең деп алып, пайда болған көпжақтың қырын табыңдар.

5.20. 5.3-суреттегіге ұқсас икосаэдрді торкөз қағазға салыңдар. Икосаэдрдің жақтарының центрлерін белгілеңдер. Олар қандай көпжақтың төбелері болады?

5.21. 4.5-суреттегіге ұқсас додекаэдрді торкөз қағазға салыңдар. Додекаэдрдің жақтарының центрлерін белгілеңдер. Олар қандай көпжақтың төбелері болады?

5.22. Бірлік икосаэдрдің қырлары арқылы оның бір төбесінен оған қарсы жатқан төбесіне дейінгі ұзындығы 3-ке тең неше жол болады?

5.23. Бірлік додекаэдрдің қырлары арқылы оның бір төбесінен оған қарсы жатқан төбесіне дейінгі ұзындығы 5-ке тең неше жол болады?

5.24. 1) Дұрыс тетраэдрдің; 2) октаэдрдің; 3) икосаэдрдің көршілес жақтары арасындағы екіжақты бұрыштың косинусын табыңдар.

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

5.25. Куб, параллелепипед, призма және пирамиданың анықтамаларын қайталаңдар.

§ 6. Көпжақтардың жазықтықпен қималары

10-сынып геометрия курсында кубтың, призманың және пирамиданың жазықтықпен қималары және оларды салу мәселелері қосымша материал ретінде қарастырылған болатын.

Егер көпжақтың нүктелері берілген жазықтыққа қатысты екі жағында орналасқан болса, онда мұндай жазықтықты *қиюшы жазықтық* деп атайды.

Көпжақпен қиюшы жазықтықтың ортақ бөлігі (қиылысуы) болатын көпбұрыш көпжақтың *жазықтықпен қимасы* деп аталады. Оның қабырғалары қиюшы жазықтықтың көпжақтың жақтарын қиып өтетін кесінділер болады.Қиманың әрбір қабырғасы нақтылы жақтағы қиюшы жазықтықтың *ізі* деп аталады.

Тетраэдрдің төрт жағы болғандықтан, оның қимасы үшбұрыш немесе төртбұрыш болуы мүмкін. Параллелепипедтің алты жағы бар. Оның қимасы үшбұрыш, төртбұрыш, бесбұрыш және алты бұрыш болуы мүмкін.

? Дөңес көпжақтың қимасы дөңес көпбұрыш болатыны дұрыс па?

Көпжақтардың жазықтықпен қималарын салу мынадай нақты анықталған қарапайым салуларды орындаудан тұрады: бір жазықтықта жатқан екі нүкте арқылы түзу сызық жүргізу; екі түзудің қиылысу нүктесін анықтау; түзу мен жазықтықтың қиылысу нүктесін анықтау; екі жазықтықтың қиылысу сызығын жүргізу.

Параллелепипедтің қимасын салғанда мынаны еске ұстау керек: егер қиюшы жазықтық оның қарама-қарсы жақтарын қандай да болмасын кесінділер бойымен қиып өтсе, онда бұл кесінділер өзара параллель болады.

Қиманы салу үшін қиюшы жазықтық пен көпжақтың қырларының қиылысу нүктелерін тауып алсақ жеткілікті. Одан соң бір жағында жатқан екі нүктені кесіндімен қосу арқылы қиманы салып аламыз.

Көпжақтың жазықтықпен қимасын салуға мысалдар қарастырайық.

1-мысал. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының қырларында жататын E, F, G нүктелері арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар (6.1-сурет).



6.1-сурет



6.2-сурет

Салу. E және F нүктелері кубтың ADD_1A_1 жағына тиісті болғандықтан, осы нүктелер арқылы EF түзуін жүргіземіз. EF кесіндісі қима жазықтығына және кубтың осы жағына да ортақ болады. EF кесіндісін және AD қырын олардың қиылысу нүктесі P-ге дейін созамыз.

P және G нүктелері кубтың $ABCD$ жағы арқылы өтетін жазықтыққа тиісті болғандықтан, осы нүктелер арқылы PG түзуін жүргіземіз және оның AB және DC түзулерімен қиылысу нүктелерін сәйкесінше Q және R деп белгілейміз.

R және F нүктелері кубтың DCC_1D_1 жағы арқылы өтетін жазықтыққа тиісті болғандықтан, осы нүктелер арқылы RF түзуін жүргізіп, оның CC_1 қырымен қиылысу нүктесін S деп белгілейміз. E және Q, G және S нүктелерін қосамыз. Сонда қиюшы жазықтық кубты EQ, QG, GS, SF және FE кесінділері бойымен қияды. Пайда болған $EFSGQ$ бесбұрышы ізделінді қима болады (6.2-сурет).

2-мысал. $ABCA_1B_1C_1$ призманың қырларында жатқан E, F, G нүктелері арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар (6.3-сурет).



6.3-сурет



6.4-сурет

Салу. E және G нүктелері призманың ACC_1A_1 жағына тиісті болғандықтан, осы нүктелер арқылы EG түзуін жүргіземіз. EG кесіндісі қима жазықтығына және призманың осы жағына да ортақ болады. EG түзуі мен призманың CC_1 және AC түзулерімен қиылысу нүктелерін сәйкесінше H және I деп белгілейміз.

I және F нүктелері призманың ABC табаны арқылы өтетін жазықтыққа тиісті болғандықтан, осы нүктелер арқылы IF түзуін жүргізіп, оның AB қырымен қиылысу нүктесін K деп белгілейміз.

F және H нүктелері призманың BCC_1B_1 жағы арқылы өтетін жазықтыққа тиісті болғандықтан, осы нүктелер арқылы FH түзуін



6.5-сурет

жүргізіп, оның B_1C_1 қырымен қиылысу нүктесін L деп белгілейміз. E және K, G және L нүктелерін қосамыз. Сонда қиюшы жазықтық призманы EK, KF, FL, GL және EG кесінділері бойымен қияды. Пайда болған $EKFLG$ бесбұрышы ізделінді қима болады (6.4-сурет).

Бұдан күрделірек қималарды салу үшін түзудің бойында жатқан екі нүкте мен олардың жазықтықтағы параллель проекциялары арқылы түзу мен жазықтықтың қиылысу нүктесін салуға мүмкіндік беретін *іздер әдісін* қолданатын боламыз.

c түзуі A, B нүктелері арқылы өтсін және осы нүктелердің π жазықтығындағы A', B' параллель проекциялары белгілі болсын. Сонда c түзуі мен A', B' нүктелері арқылы өтетін c' түзуінің C қиылысу нүктесі c түзуі мен π жазықтығының ізделінді қиылысу нүктесі болады (6.5-сурет).

Іздер әдісінің мәні — алдымен қиюшы жазықтықтың көпжақтың табан жазықтығындағы ізін салу, кейін көпжақтың бүйір қырларымен және жақтарымен қиылысу нүктелерін, түзулерін салу. Бұл әдісті көпжақтың бір жағында жататын екі нүкте табылмаған жағдайда қолданады, яғни қиманы берілген нүктелерден өтетін түзудің осы нүктелердің проекциялары жатқан жазықтықпен қиылысу нүктелерін табу арқылы салуға мүмкіндік береді.

3-мысал. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының қос-қостан айқас қырларында жататын E, F, G нүктелері арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар (6.6-сурет).



6.6-сурет



6.7-сурет

Салу. EG түзуі мен ABC жазықтығының қиылысуын табайық. Ол үшін E нүктесі арқылы D_1D түзуіне параллель түзу жүргіземіз және оның AD қырымен қиылысу нүктесін E' деп белгілейміз. $E'C$ мен EG түзулерін жүргіземіз және олардың қиылысу нүктесін H деп белгілейміз. HF түзуін жүргіземіз және оның BC мен AD қырларымен қиылысу нүктелерін сәйкесінше I, J деп белгілейміз. JE түзуін жүргіземіз және оның AA_1 мен DD_1 түзулерімен қиылысу нүктелерін сәйкесінше K, L деп белгілейміз. LG түзуін жүргіземіз және оның C_1D_1 қырымен қиылысу нүктесін M деп белгілейміз. E және M, F және K, G және I нүктелерін қосамыз. Пайда болған $FIGMEK$ алтыбұрышы ізделінді қима болады (6.7-сурет).

Сұрақтар

1. Қиюшы жазықтық дегеніміз не?
2. Көпжақтың жазықтықпен қимасы дегеніміз не?
3. Қиюшы жазықтықтың ізі дегеніміз не?
4. Іздер әдісінің мәні неде?

Есептер

A

6.1. $ABCD$ тетраэдрдің E, F нүктелері арқылы өтетін және BD қырына параллель жазықтықпен қимасын салыңдар (6.8-сурет).



6.8-сурет



6.9-сурет

6.2. $ABCD$ тетраэдрдің E, F, G нүктелері арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар (6.9-сурет).

6.3. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының AB, BC қырларының орталары арқылы өтетін және CC_1 қырына параллель болатын жазықтықпен қимасын салыңдар (6.10-сурет).



6.10-сурет



6.11-сурет

6.4. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының A, C төбелері және C_1D_1 қырының ортасы E нүктесі арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар (6.11-сурет).

6.5. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс үшбұрышты призманың AA_1, BB_1, B_1C_1 қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар (6.12-сурет).



6.12-сурет



6.13-сурет

6.6. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс үшбұрышты призманың B төбесі және AA_1 мен A_1C_1 қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар (6.13-сурет).

B

6.7. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының AB мен BC қырларының орталары және D_1 төбесі арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар (6.14-сурет).



6.14-сурет



6.15-сурет

6.8. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың AB, AD және SC қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар (6.15-сурет).

6.9. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың A, C және D_1 төбелері арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар (6.16-сурет).



6.16-сурет



6.17-сурет

6.10. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамиданың F, C төбелері және SE қырының G ортасы арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар (6.17-сурет).

C

6.11. 6.18-суретте кескінделген $EFGH$ төртбұрышы тетраэдрге қима бола ма?



6.18-сурет



6.19-сурет

6.12. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының E, F, G нүктелері арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар (6.19-сурет).

6.13. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының AB мен BC қырларының орталары арқылы өтетін және AD_1 түзуіне параллель болатын жазықтықпен қимасын салыңдар (6.20-сурет).



6.20-сурет

6.14. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың AB мен BC қырларының орталары арқылы өтетін және SB түзуіне параллель болатын жазықтықпен қимасын салыңдар (6.21-сурет).



6.21-сурет



6.22-сурет

6.15. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың A төбесі мен SC қырының E ортасы арқылы өтетін және BD түзуіне параллель болатын жазықтықпен қимасын салыңдар (6.22-сурет).

6.16. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың A, C және E_1 төбелері арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар (6.23-сурет).



6.23-сурет



6.24-сурет

6.17. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамиданың A, C төбелері және SE қырының G ортасы арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар (6.24-сурет).

6.18. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының BB_1 қырының E ортасы арқылы өтетін және AD_1 түзуіне перпендикуляр болатын жазықтықпен қимасын салыңдар (6.25-сурет).

6.19. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1-ге тең. Оның AB қырының E ортасы арқылы өтетін және SD түзуіне перпендикуляр болатын жазықтықпен қимасын салыңдар (6.26-сурет).



6.25-сурет



6.26-сурет

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

6.20. Жазықтықтағы центрлік симметрия мен осьтік симметрияның анықтамаларын қайталаңдар.

§ 7*. Көпжақтардың симметриясы

Жазықтықтағы фигуралардың симметриясы ұғымы планиметрия курсында қарастырылды. Центрлік және осьтік симметриялар ұғымдары анықталды. Кеңістіктік фигуралар үшін симметрия ұғымы осыған ұқсас анықталатын болады.

Неміс математигі Г. Вейлдің (1885—1955 жж.) айтуынша: «Симметрия дегеніміз — адамдардың ғасырлар бойы тәртіпті, сұлулық пен кемелдікті түсінуге және жасауға тырысқан идеялары».

Симметрияның әдемі бейнелері өнер туындыларын — архитектура мен көркем суреттерді, мүсіндерді және т.б. суреттейді.

Егер кеңістіктегі O нүктесі AA' кесіндісінің ортасы болса, онда A және A' нүктелері *O нүктесіне қарағанда симметриялы* деп аталады (7.1-сурет). O нүктесі өзіне-өзі симметриялы болып табылады.

Кеңістіктің әрбір A нүктесін берілген O нүктесіне қарағанда симметриялы A' нүктесіне бейнелейтін кеңістіктегі түрлендіру *центрлік симметрия* деп аталады. O нүктесі *симметрия центрі* деп аталады.

7.1-сурет

Егер кеңістіктегі O нүктесіне қарағанда Φ фигурасының әрбір A нүктесі екінші Φ' фигурасының қандай да бір A' нүктесіне симметриялы болса, онда Φ және Φ' фигуралары O центріне қарағанда *центрлік симметриялы* деп аталады (7.2-сурет).

Егер кеңістіктегі O нүктесіне қарағанда Φ фигурасы өзіне-өзі центрлік симметриялы болса, онда Φ фигурасы O центріне қарағанда *центрлік симметриялы* деп аталады.



7.2-сурет



7.3-сурет

Мысалы, параллелепипед өзінің диагональдарының қиылысуы O нүктесіне қарағанда *центрлік симметриялы* болады (7.3-сурет).

Қалай ойлайсыңдар, фигурада бірнеше симметрия центрлері бола ма?



7.4-сурет

Егер кеңістіктегі a түзуі AA' кесіндісіне перпендикуляр және оның ортасы арқылы өтсе, онда A және A' нүктелері *a түзуіне қарағанда симметриялы* деп аталады (7.4-сурет). a түзуінің әрбір нүктесі өзіне-өзі симметриялы болады.

Кеңістіктің әрбір A нүктесін берілген a түзуіне қарағанда A' нүктесіне бейнелейтін кеңістіктегі түрлендіру *осьтік симметрия* деп аталады. a түзуі *симметрия осі* деп аталады.

Егер кеңістіктегі a түзуіне қарағанда Φ фигурасының әрбір A нүктесі екінші Φ' фигурасының қандай да бір A' нүктесіне симметриялы болса, онда Φ және Φ' фигуралары a осіне қарағанда *симметриялы фигуралар* деп аталады (7.5-сурет).



7.5-сурет

Егер кеңістіктегі a түзуіне қарағанда Φ фигурасы өзіне-өзі симметриялы болса, онда Φ фигурасы *a осіне қарағанда симметриялы* деп аталады.

Мысалы, тікбұрышты параллелепипед өзінің қарама-қарсы жатқан жақтарының диагональдарының қиылысу нүктелері арқылы өтетін осіне қарағанда *центрлік симметриялы болады* (7.6-сурет).



7.6-сурет

Қалай ойлайсыңдар, фигурада бірнеше симметрия осьтері бола ма?

Егер кеңістіктегі α жазықтығы AA' кесіндісіне перпендикуляр және оның ортасы арқылы өтсе, онда A және A' нүктелері α *жазықтығына қарағанда симметриялы* деп аталады (7.7-сурет). α жазықтығының әрбір нүктесі өзіне-өзі симметриялы болады.



7.7-сурет

Кеңістіктің әрбір A нүктесін берілген α жазықтығына қарағанда A' нүктесіне бейнелейтін кеңістіктегі түрлендіру α *жазықтығына қарағанда симметрия* деп аталады. α жазықтығы *симметрия жазықтығы* деп аталады.

Жазықтыққа қарағанда симметрия *айналы симметрия* деп те аталады.

Егер кеңістіктегі α жазықтығына қарағанда Φ фигурасының әрбір A нүктесі екінші Φ' фигурасының қандай да бір A' нүктесіне айналы симметриялы болса, онда Φ және Φ' фигуралары α жазықтығына қарағанда *айналы симметриялы фигуралар* деп аталады (7.8-сурет).



7.8-сурет



7.9-сурет

Егер кеңістіктегі α жазықтығына қарағанда Φ фигурасы өзіне-өзі айналы симметриялы болса, онда Φ фигурасы α жазықтығына қарағанда *айналы симметриялы* деп аталады.

Мысалы, тікбұрышты параллелепипед өзінің симметрия осі арқылы өтетін және қарама-қарсы жатқан жақтарының біреуіне параллель болатын жазықтыққа қарағанда айналы симметриялы болады (7.9-сурет).

Қалай ойлайсыңдар, фигурада бірнеше симметрия жазықтықтары бола ма?

Кристалдар — табиғи көпжақтар

Көпжақтардың көптеген пішіндерін адамның өзі ойлап тапқан жоқ, олар табиғи кристалдар түрінде түзілген. Ас тұзының кристалдары текше пішіндес (7.10-сурет), мұздың және сутас (кварц) кристалдары екі жақты қарындаштың ұштарына ұқсас болып келеді, яғни табандарында алтыбұрышты пирамидалар жататын алтыбұрышты призма пішіндес болады (7.11-сурет).

7.10-сурет

7.11-сурет

Алмаз көбінесе октаэдр түрінде кездеседі (7.12-сурет). Кескінді екіге бөлетін исландық шпат көлбеу параллелепипед пішіндес болады (7.13-сурет).



7.12-сурет

7.13-сурет

Кристалдардың сыртқы пішіні — олардың физикалық және химиялық қасиеттерінің көрінісі ғана. Олардың барлығы кристалдардың геометриялық құрылымының ерекшеліктерімен, мысалы кристалдық торда атомдардың симметриялы орналасуы арқылы түсіндіріледі.

Кристалдарға басқа да мысалдар келтіріңдер және олардың пішіндерін көрсетіңдер.

Кристалдармен толығырақ танысу үшін Қазақстан Республикасының геологиялық мұражайы және А.Е. Ферсман атындағы минералогиялық мұражайы сайттарына кіруді ұсынамыз.

Сұрақтар

1. Кеңістіктің қандай нүктелері центрлік симметриялы деп аталады?
2. Кеңістіктегі қандай түрлендіру центрлік симметрия деп аталады?
3. Кеңістіктегі қандай екі фигура симметрия центрі бар фигуралар деп аталады?
4. Кеңістіктегі қандай фигура симметрия центрі бар фигура деп аталады?
5. Қандай нүктелер түзуге қарағанда симметриялы деп аталады?
6. Кеңістіктегі қандай түрлендіру түзуге симметрия деп аталады?
7. Кеңістіктегі қандай екі фигура түзуге қарағанда симметриялы деп аталады?
8. Кеңістіктегі қандай фигура түзуге қарағанда симметриялы деп аталады?
9. Кеңістіктегі қандай нүктелер жазықтыққа қарағанда симметриялы деп аталады?
10. Кеңістіктегі қандай түрлендіру айналы симметрия деп аталады?
11. Кеңістіктегі қандай екі фигура айналы симметриялы деп аталады?
12. Кеңістіктегі қандай фигура айналы симметриялы деп аталады?
13. Ас тұзының кристалдары қандай көпжақтың пішінін береді?
14. Сутас (кварц) кристалдары қандай көпжақтың пішінін береді?
15. Алмаз кристалдары көбінесе қандай көпжақтың пішінін береді?
16. Исландық шпат кристалдары қандай көпжақтың пішінін береді?

Есептер

А

7.1. Кеңістіктегі центрлік симметриялы және центрлік симметриялы емес фигураларға мысалдар келтіріңдер.

7.2. 7.14-суреттегі кубтың: 1) симметрия центрі; 2) симметрия осі; 3) симметрия жазықтығы бола ма?



7.14-сурет



7.15-сурет

7.3. 7.15-суреттегі дұрыс тетраэдрдің: 1) симметрия центрі; 2) симметрия осі; 3) симметрия жазықтығы бола ма?

7.4. 7.16-суреттегі дұрыс үшбұрышты призманың: 1) симметрия центрі; 2) симметрия осі; 3) симметрия жазықтығы бола ма?



7.16-сурет



7.17-сурет



7.18-сурет

7.5. 7.17-суреттегі дұрыс алтыбұрышты призманың: 1) симметрия центрі; 2) симметрия осі; 3) симметрия жазықтығы бола ма?

7.6. 7.18-суреттегі дұрыс төртбұрышты пирамиданың: 1) симметрия центрі; 2) симметрия осі; 3) симметрия жазықтығы бола ма?

7.7. 7.19-суреттегі дұрыс алтыбұрышты пирамиданың: 1) симметрия центрі; 2) симметрия осі; 3) симметрия жазықтығы бола ма?



7.19-сурет



7.20-сурет

7.8. Торкөзді қағазға 7.20-суреттегі O нүктесіне қарағанда $SABCD$ пирамидасына симметриялы пирамиданы салыңдар.

B

7.9. Параллель екі түзуден тұратын фигуралардың симметрия центрін көрсетіңдер.

7.10. 1) Қиылысқан екі жазықтықтан; 2) параллель екі жазықтықтан тұратын фигуралардың симметрия центрін көрсетіңдер.

7.11. Көлбеу параллелепипедтің симметрия центрі бола ма (7.21-сурет)?

7.12. 1) Октаэдрдің; 2) икосаэдрдің; 3) додекаэдрдің симметрия центрі бола ма (7.22-сурет)?



7.21-сурет



7.22-сурет

7.13. Дұрыс: 1) үшбұрышты призманың (7.16-сурет); 2) алтыбұрышты призманың неше симметрия осі болады (7.17-сурет)?

7.14. Дұрыс: 1) үшбұрышты призманың (7.16-сурет); 2) алтыбұрышты призманың неше симметрия жазықтығы болады (7.17-сурет)?

7.15. Дұрыс: 1) төртбұрышты пирамиданың (7.18-сурет); 2) алтыбұрышты пирамиданың неше симметрия осі болады (7.19-сурет)?

7.16. Дұрыс: 1) төртбұрышты пирамиданың (7.18-сурет); 2) алтыбұрышты пирамиданың неше симметрия жазықтығы болады (7.19-сурет)?

C

7.17. Дұрыс: 1) n-бұрышты призманың; 2) n-бұрышты пирамиданың неше симметрия осі болады?

7.18. Дұрыс: 1) n-бұрышты призманың; 2) n-бұрышты пирамиданың неше симметрия жазықтығы болады?

7.19. 1) Октаэдрдің; 2) икосаэдрдің; 3) додекаэдрдің неше симметрия осі болады (7.22-сурет)?

7.20. 1) Октаэдрдің; 2) икосаэдрдің; 3) додекаэдрдің неше симметрия жазықтығы болады (7.22-сурет)?

7.21. Кеңістіктегі фигураның симметрия центрі сол фигураға тиісті болмауы мүмкін бе? Мысалдар келтіріңдер.

7.22. Кеңістіктегі: 1) симметрия центрі бар, бірақ симметрия осі жоқ; 2) симметрия осі бар, бірақ симметрия центрі жоқ фигураларға мысалдар келтіріңдер.

7.23. Кеңістіктегі: 1) симметрия центрі бар, бірақ симметрия жазықтығы жоқ; 2) симметрия осі бар, бірақ симметрия жазықтығы жоқ фигураларға мысалдар келтіріңдер.

7.24. Кеңістіктегі: 1) симметрия жазықтығы бар, бірақ симметрия центрі жоқ; 2) симметрия жазықтығы бар, бірақ симметрия осі жоқ фигураларға мысалдар келтіріңдер.

7.25. Торкөзді қағазға 7.23-суреттегі $SABCD$ пирамидасының SO биіктігінің E ортасына қарағанда осы пирамидаға симметриялы пирамиданы салыңдар. Пирамиданың қырларын тең деп есептеп, бастапқы пирамида мен оған центрлік симметриялы пирамиданың ортақ бөлігі болатын көпжақтың атауын айтыңдар.



7.23-сурет



7.24-сурет

7.26. Дұрыс үшбұрышты призманың табандарының O және O_1 центрлері арқылы өтетін түзуге қарағанда осы призмаға симметриялы призманы салыңдар (7.24-сурет). Бастапқы призма мен оған симметриялы призманың ортақ бөлігі қандай фигура болады?

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

7.27. Жазықтықтағы түзудің аналитикалық берілуін қайталаңдар. Кеңістіктегі түзудің аналитикалық берілуін көрсетіп көріңдер.

ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

1. Дөңес көпжақтың әрбір төбесінен үш қыры шығады. Егер оның 12 төбесі бар болса, онда оның неше қыры болады:

A) 12; B) 16;
C) 18; D) 24?

2. Дөңес көпжақтың әрбір төбесінде үш үшбұрышты жақтары түйіседі. Егер оның 4 жағы бар болса, онда оның неше төбесі болады:

A) 4; B) 6;
C) 9; D) 12?

3. Дөңес көпжақтың жақтары — үшбұрыштар. Егер оның 12 қыры бар болса, онда оның неше жағы болады:

A) 6; B) 8;
C) 9; D) 12?

4. Үшжақты бұрыштың екі жазық бұрышы сәйкесінше 60° және 90°-қа тең. Үшінші жазық бұрышы қандай аралықта жатады:

A) 60°-тан үлкен және 90°-тан кіші;
B) 90°-тан үлкен және 150°-тан кіші;
C) 30°-тан үлкен және 90°-тан кіші;
D) 30°-тан үлкен және 150°-тан кіші?

5. Тікбұрышты параллелепипедтің үшжақты бұрышының жазық бұрыштарының қосындысын табыңдар:

A) 90°; B) 180°;
C) 270°; D) 360°.

6. Дөңес көпжақтың 10 төбесі мен 15 қыры бар. Оның неше жағы болады:

A) 5; B) 7;
C) 9; D) 12?

7. Дөңес көпжақтың 6 төбесі мен 5 жағы бар. Оның неше қыры болады:

A) 5; B) 7;
C) 9; D) 12?

8. Дөңес көпжақтың 12 қыры мен 8 жағы бар. Оның неше төбесі болады:

A) 6; B) 7;
C) 8; D) 9?

9. Икосаэдрдің неше жағы болады:

A) 8; B) 12;
C) 16; D) 20?

10. Додекаэдрдің неше төбесі болады:

A) 8; B) 12;
C) 16; D) 20?

11. Дұрыс тетраэдрдің жақтарының орталары қандай көпжақтың төбелері болады:

A) тетраэдр; B) куб;
C) октаэдр; D) икосаэдр?

12. Кубтың жақтарының орталары қандай көпжақтың төбелері болады:

A) тетраэдр; B) куб;
C) октаэдр; D) икосаэдр?

13. Додекаэдрдің жазбасында неше бесбұрыш болады:

A) 8; B) 12;
C) 16; D) 20?

14. Дұрыс тетраэдрдің қырлары 2-ге тең. Оның бетінің ауданын табыңдар:

A) $\sqrt{3}$; B) $2\sqrt{3}$;
C) $3\sqrt{3}$; D) $4\sqrt{3}$.

15. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының AB, BC және AA_1 қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасы қандай көпбұрыш болады:

A) үшбұрыш; B) төртбұрыш;
C) бесбұрыш; D) алтыбұрыш?

16. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың AB, BC және SD қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықпен қимасы қандай көпбұрыш болады:

A) үшбұрыш; B) төртбұрыш;
C) бесбұрыш; D) алтыбұрыш?

17. Кубтың неше симметрия осі болады:

A) 3; B) 6;
C) 8; D) 9?

18. Дұрыс бесбұрышты призманың неше симметрия осі болады:

A) 5; B) 6;
C) 8; D) 9?

19. Дұрыс тетраэдрдің неше симметрия жазықтығы болады:

A) 3; B) 6;
C) 8; D) 9?

20. Дұрыс алтыбұрышты призманың неше симметрия жазықтығы болады:

A) 3; B) 5;
C) 7; D) 9?

II тарау

КЕҢІСТІКТЕГІ ТҮЗУ МЕН ЖАЗЫҚТЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

§ 8. Кеңістіктегі түзулер арасындағы бұрышты табу

10-сынып геометрия курсында кеңістіктегі түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы, кеңістіктегі түзудің параметрлік және канондық теңдеулері қарастырылған болатын.

Кеңістіктегі *түзудің параметрлік теңдеуі* келесі түрде берілетінін еске салайық:

$$\begin{cases} x = x_0 + kt, \\ y = y_0 + lt, \\ z = z_0 + mt, \end{cases}$$

мұндағы $A_0(x_0;\ y_0;\ z_0)$, $A(x;\ y;\ z)$, — осы түзудің бойында жатқан нүктелер, $(k;\ l;\ m)$ — $\bar{c}$ бағыттаушы векторының, яғни осы түзуге параллель немесе түзудің бойында жатқан вектордың координаталары (8.1-сурет).



8.1-сурет

Егер түзу $A_1(x_1;\ y_1;\ z_1)$, $A_2(x_2;\ y_2;\ z_2)$ нүктелері арқылы берілсе, онда бағыттаушы векторы ретінде координаталары $(x_2 - x_1;\ y_2 - y_1;\ z_2 - z_1)$ болатын $\overline{A_1A_2}$ векторын, ал A_0 нүктесі ретінде A_1 нүктесін алып, түзудің мынадай теңдеуін аламыз:

$$\begin{cases} x = x_1 + (x_2 - x_1)t, \\ y = y_1 + (y_2 - y_1)t, \\ z = z_1 + (z_2 - z_1)t. \end{cases}$$

Кеңістіктегі екі түзудің арасындағы φ *бұрышты* олардың $\bar{c}_1(k_1;\ l_1;\ m_1)$, $\bar{c}_2(k_2;\ l_2;\ m_2)$ бағыттаушы векторларының скаляр көбейтіндісінің формуласын пайдаланып табуға болады:

$$\cos\varphi = \frac{|\bar{c}_1 \cdot \bar{c}_2|}{|\bar{c}_1| \cdot |\bar{c}_2|} = \frac{|k_1 \cdot k_2 + l_1 \cdot l_2 + m_1 \cdot m_2|}{\sqrt{k_1^2 + l_1^2 + m_1^2} \cdot \sqrt{k_2^2 + l_2^2 + m_2^2}}.$$

Дербес жағдайда, егер екі түзудің $\bar{c}_1(k_1;\ l_1;\ m_1)$, $\bar{c}_2(k_2;\ l_2;\ m_2)$ бағыттаушы векторларының скаляр көбейтіндісі нөлге тең болса, яғни

$$k_1 \cdot k_2 + l_1 \cdot l_2 + m_1 \cdot m_2 = 0$$

теңдігі орындалса, онда бұл түзулер өзара перпендикуляр болады.

$\begin{cases} x = x_1 + k_1t, \\ y = y_1 + l_1t, \\ z = z_1 + m_1t, \end{cases}$ $\begin{cases} x = x_2 + k_2t, \\ y = y_2 + l_2t, \\ z = z_2 + m_2t, \end{cases}$ теңдеулерімен берілген екі түзу қандай жағдайда өзара параллель болады?

1) Ox; 2) Oy; 3) Oz осіне параллель болатын және $D(a;\ b;\ c)$ нүктесі арқылы өтетін түзудің параметрлік теңдеуін жазыңдар.



8.2-сурет

Екі түзудің арасындағы бұрышты табуға арналған мысалдарды қарастырайық.

1-мысал. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедінде $AB = 4$, $AD = 3$, $AA_1 = 2$. AB_1 және BC_1 түзулерінің арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.

Шешуі. D нүктесі координаталар басы болатын, ал DC, DA, DD_1 қырлары сәйкесінше абсцисса, ордината, аппликата осьтерінде жататын координаталар жүйесін қарастырамыз (8.2-сурет).

A нүктесінің координаталары (0; 3; 0), ал B_1 нүктесінің координаталары (4; 3; 2) болады. Демек, AB_1 түзуінің бағыттаушы векторының координаталары (4; 0; 2) болады. Осыған ұқсас B нүктесінің координаталары (4; 3; 0), ал C_1 нүктесінің координаталары (4; 0; 2) болады. Демек, BC_1 түзуінің бағыттаушы векторының координаталары (0; –3; 2) болады.

Бағыттаушы векторлардың координаталарын екі түзудің арасындағы бұрыштың косинусын табуға арналған формулаға қойып, ізделінді φ бұрышының косинусын табамыз:

$$\cos\varphi = \frac{4}{\sqrt{20}\cdot\sqrt{13}} = \frac{2\sqrt{65}}{65}.$$

2-мысал. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың табанының қабырғасы және биіктігі 4 см-ге тең. E және F нүктелері — пирамиданың сәйкесінше SB және SC қырларының орталары. AE және BF түзулерінің арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.



8.3-сурет

Шешуі. Пирамиданың табанының O центрі координаталар басы, ал абсцисса, ордината осьтері пирамида табанының қабырғаларына параллель болатын координаталар жүйесін қарастырамыз (8.3-сурет).

A нүктесінің координаталары (–2; 2; 0), ал E нүктесінің координаталары (1; 1; 2) болады. Демек, AE түзуінің бағыттаушы векторының координаталары (3; −1; 2) болады. Осыған ұқсас B нүктесінің координаталары (2; 2; 0), ал F нүктесінің координаталары (1; −1; 2) болады. Демек, BF түзуінің бағыттаушы векторының координаталары (−1; −3; 2) болады.

Бағыттаушы векторлардың координаталарын екі түзудің арасындағы бұрыштың косинусын табуға арналған формулаға қойып, ізделінді φ бұрышының косинусын табамыз:

$$\cos\varphi = \frac{4}{\sqrt{14}\cdot\sqrt{14}} = \frac{2}{7}.$$

Сұрақтар

1. Кеңістіктегі түзуді қандай түрде беруге болады?
2. Қандай вектор түзудің бағыттаушы векторы деп аталады?
3. Берілген екі нүкте арқылы өтетін түзу қандай параметрлік теңдеумен беріледі?
4. Параметрлік теңдеумен берілген екі түзудің арасындағы бұрыштың косинусын қалай табуға болады?
5. Қандай жағдайда параметрлік теңдеумен берілген екі түзу өзара перпендикуляр болады?

Есептер

A

8.1. $A(1;\ 2;\ -3)$ нүктесі арқылы өтетін және бағыттаушы векторы $\vec{c}(-2;\ 3;\ 1)$ болатын түзудің параметрлік теңдеуін жазыңдар.

8.2. $A_1(-2;\ 1;\ 3)$, $A_2(3;\ 4;\ -1)$ нүктелері арқылы өтетін түзудің параметрлік теңдеуін жазыңдар.

8.3. Келесі теңдеулермен берілген l және m түзулерінің өзара орналасуын анықтаңдар:

$$l: \begin{cases} x = 1 + 2t, \\ y = 1 - t, \\ z = 1 + 3t; \end{cases} \qquad m: \begin{cases} x = 3 - 2t, \\ y = t, \\ z = 4 - 3t. \end{cases}$$

8.4. Параметрлік теңдеулермен берілген l және m түзулерінің арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар:

$$l: \begin{cases} x = 1 + 2t, \\ y = 1 + 2t, \\ z = 1 - t; \end{cases} \qquad m: \begin{cases} x = 3 + t, \\ y = -2t, \\ z = 4 + 2t. \end{cases}$$

B

8.5. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедінде $AB = 4$, $AD = 4$, $AA_1 = 3$. DB_1 және AC түзулерінің арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.

8.6. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедінде $AB = 4$, $AD = 4$, $AA_1 = 3$. BD және AB_1 түзулерінің арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.

8.7. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедінде $AB = 4$, $AD = 4$, $AA_1 = 3$. AB_1 және BC_1 түзулерінің арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.

8.8. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары және биіктігі 4 см-ге тең. E нүктесі — SB қырының ортасы. AE және SC түзулерінің арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.

8.9. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары және биіктігі 4 см-ге тең. E нүктесі — SB қырының ортасы. AE және SD түзулерінің арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.

C



8.4-сурет

8.10. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының қырлары 2 см-ге тең. E және F нүктелері — сәйкесінше A_1B_1 және B_1C_1 қырларының орталары (8.4-сурет). AE және BF түзулерінің арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.

8.11. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 2 см-ге тең. E нүктесі — SC қырының ортасы (8.5-сурет). SA және BE түзулерінің арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.



8.5-сурет



8.6-сурет

8.12. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары 2 см, ал биіктігі 4 см-ге тең. G нүктесі — SC қырының ортасы (8.6-сурет). SA және BG түзулерінің арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.

8.13. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 2 см-ге тең (8.7-сурет). AB_1 және BC_1 түзулерінің арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.



8.7-сурет

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

8.14. Жазықтықтардың арасындағы бұрыштың анықтамасын қайталаңдар.

8.15. Кеңістіктегі жазықтықтың теңдеуінің берілу тәсілдерін қайталаңдар.

§ 9. Екі жазықтықтың арасындағы бұрышты табу

Кеңістіктегі *жазықтықтың теңдеуі* келесі түрде берілетінін еске салайық:

$$ax + by + cz + d = 0,$$

мұндағы a, b, c, d — нақты сандар. a, b, c сандары бір уақытта нөлге тең емес және олар осы жазықтыққа перпендикуляр $\vec{n}$ векторының координаталары болады. Осы вектор *нормаль вектор* деп аталады.

$A_0(x_0;\ y_0;\ z_0)$ нүктесі арқылы өтетін және $\vec{n}(a;\ b;\ c)$ нормаль векторы берілген жазықтықтың теңдеуі мынадай түрде беріледі (9.1-сурет):

$$a(x - x_0) + b(y - y_0) + c(z - z_0) = 0.$$



9.1-сурет



9.2-сурет

$A_0(a;\ 0;\ 0)$, $B_0(0;\ b;\ 0)$, $C_0(0;\ 0;\ c)$ нүктелері арқылы өтетін жазықтықтың теңдеуі мынадай түрде беріледі:

$$\frac{x}{a} + \frac{y}{b} + \frac{z}{c} = 1,$$

мұндағы a, b, c — бір уақытта нөлге тең емес нақты сандар (9.2-сурет).

$A_0(a; 0; 0)$, $B_0(0; b; 0)$ нүктелері арқылы өтетін және Oz осіне параллель болатын жазықтықтың теңдеуін жазыңдар, мұндағы a, b — бір уақытта нөлге тең емес нақты сандар.

$A_0(a; 0; 0)$, $C_0(0; 0; c)$ нүктелері арқылы өтетін және Oy осіне параллель болатын жазықтықтың теңдеуін жазыңдар, мұндағы a, c — бір уақытта нөлге тең емес нақты сандар.

$B_0(0; b; 0)$, $C_0(0; 0; c)$ нүктелері арқылы өтетін және Ox осіне параллель болатын жазықтықтың теңдеуін жазыңдар, мұндағы b, c — бір уақытта нөлге тең емес нақты сандар.

Кеңістіктегі екі жазықтықтың $\vec{n}_1$, $\vec{n}_2$ нормаль векторлары коллинеар болса, онда олар параллель болады. Сондықтан қандай да бір t саны үшін келесі теңдік орындалады:

$$\vec{n}_2 = t\vec{n}_1.$$

Ал

$$a_1x + b_1y + c_1z + d_1 = 0, \quad a_2x + b_2y + c_2z + d_2 = 0 \qquad (*)$$

теңдеулерімен берілген жазықтықтардың нормаль векторларының координаталары $(a_1; b_1; c_1)$, $(a_2; b_2; c_2)$ болады. Демек, қандай да бір t саны үшін $a_2 = ta_1$, $b_2 = tb_1$, $c_2 = tc_1$ теңдіктері орындалса, онда бұл жазықтықтар параллель болады.

Егер $d_2 = td_1$ болса, онда (*) теңдеулері бір жазықтықты анықтайды. Егер $d_2 \neq td_1$ болса, онда бұл теңдеулер параллель екі жазықтықты анықтайды.

Егер жазықтықтар параллель болмаса, онда олар түзудің бойымен қиылысады және осы *жазықтықтардың арасындағы бұрышты* олардың нормаль векторларының арасындағы бұрыш арқылы мынадай формуламен есептеуге болады:

$$\cos\varphi = \frac{|\vec{n}_1 \cdot \vec{n}_2|}{|\vec{n}_1| \cdot |\vec{n}_2|} = \frac{|a_1 \cdot a_2 + b_1 \cdot b_2 + c_1 \cdot c_2|}{\sqrt{a_1^2 + b_1^2 + c_1^2} \cdot \sqrt{a_2^2 + b_2^2 + c_2^2}}.$$

Дербес жағдайда, егер екі жазықтықтың $\vec{n}_1$, $\vec{n}_2$ нормаль векторларының скаляр көбейтіндісі нөлге тең болса, яғни

$$\vec{n}_1 \cdot \vec{n}_2 = a_1a_2 + b_1b_2 + c_1c_2 = 0$$

теңдігі орындалса, онда бұл жазықтықтар өзара перпендикуляр болады.

Екі координаталық жазықтықтардың арасындағы бұрыш неге тең?

Екі жазықтықтың арасындағы бұрышты табуға арналған мысалдарды қарастырайық.

1-мысал. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедінде $AB = 4$, $AD = 3$, $AA_1 = 2$. ABC_1 және BCD_1 жазықтықтарының арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.

Шешуі. D нүктесі координаталар басы болатын, ал DC, DA, DD_1 қырлары сәйкесінше абсцисса, ордината, аппликата осьтерінде жататын координаталар жүйесін қарастырамыз (9.3-сурет).



9.3-сурет

ABC_1 жазықтығы $\frac{y}{3} + \frac{z}{2} = 1$ теңдеуімен беріледі және ол $2y + 3z = 6$ теңдеуіне мәндес болады. $\bar{n}_1$ нормаль векторының координаталары (0; 2; 3) болады.

BCD_1 жазықтығы $\frac{x}{4} + \frac{z}{2} = 1$ теңдеуімен беріледі және ол $x + 2z = 4$ теңдеуіне мәндес болады. $\bar{n}_2$ нормаль векторының координаталары (1; 0; 2) болады.

Осы нормаль векторлардың координаталарын екі жазықтықтың арасындағы бұрыштың косинусын табуға арналған формулаға қойып, ізделінді φ бұрышының косинусын табамыз:

$$\cos\varphi = \frac{6}{\sqrt{13}\cdot\sqrt{5}} = \frac{6\sqrt{65}}{65}.$$

2-мысал. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары және биіктігі 4 см-ге тең. F нүктесі — пирамиданың SC қырының ортасы. ABF және ADF жазықтықтарының арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.

Шешуі. Пирамиданың табанының O центрі координаталар басы, ал абсцисса, ордината осьтері пирамида табанының қабырғаларына параллель болатын координаталар жүйесін қарастырамыз (9.4-сурет).



9.4-сурет

F нүктесінің координаталары $(1; -1; 2)$ болады. ABF жазықтығы Oz осін ACS үшбұрышының SO және AF медианаларының H қиылысу нүктесінде қиып өтеді. Демек, H нүктесінің координаталары $(0; 0; \frac{4}{3})$ болады. Бұл жазықтық $\frac{y}{2} + \frac{3z}{4} = 1$ теңдеуімен беріледі және ол $2y + 3z = 4$ теңдеуіне мәндес болады. $\vec{n}_1$ нормаль векторының координаталары $(0; 2; 3)$ болады.

ADF жазықтығы да Oz осін координаталары $(0; 0; \frac{4}{3})$ болатын нүктеде қиып өтеді. Бұл жазықтық $\frac{x}{-2} + \frac{3z}{4} = 1$ теңдеуімен беріледі және ол $2x - 3z = -4$ теңдеуіне мәндес болады. $\vec{n}_2$ нормаль векторының координаталары $(2; 0; -3)$ болады.

Осы нормаль векторлардың координаталарын екі жазықтықтың арасындағы бұрыштың косинусын табуға арналған формулаға қойып, ізделінді φ бұрышының косинусын табамыз:

$$\cos\varphi = \frac{9}{\sqrt{13}\cdot\sqrt{13}} = \frac{9}{13}.$$

Сұрақтар

1. Кеңістіктегі жазықтық қандай теңдеумен беріледі?
2. Қандай вектор жазықтықтың нормаль векторы деп аталады?
3. Қандай жағдайда екі теңдеу параллель жазықтықтарды анықтайды?
4. Теңдеулерімен берілген екі жазықтықтың арасындағы бұрыштың косинусын қалай табуға болады?
5. Қандай жағдайда теңдеулерімен берілген екі жазықтық өзара перпендикуляр болады?
6. Қандай жағдайда екі теңдеу бір жазықтықты анықтайды?

Есептер

A

9.1. $A_0(-1; 2; 3)$ нүктесі арқылы өтетін және $\vec{n}(0; -3; 2)$ нормаль векторы берілген жазықтықтың теңдеуін жазыңдар.

9.2. $A_0(-1; 0; 0)$, $B_0(0; 2; 0)$, $C_0(0; 0; 3)$ нүктелері арқылы өтетін жазықтықтың теңдеуін жазыңдар.

9.3. $A_0(1; -2; 3)$ нүктесі арқылы өтетін және: 1) Oxy; 2) Oxz; 3) Oyz координаталық жазықтығына параллель болатын жазықтықтың теңдеуін жазыңдар.

9.4. Төмендегі жазықтықтардың қайсысы өзара параллель болатынын анықтаңдар:

1) $x + 2y + z - 1 = 0$, $x + 2y + z + 1 = 0$;
2) $x + y + 3z - 2 = 0$, $x + y - 3z - 2 = 0$;
3) $-3x + y + 2z = 0$, $3x - y - 2z - 1 = 0$;
4) $2x + 4y + 6z - 10 = 0$, $-x - 2y - 3z + 5 = 0$.

9.5. Төмендегі жазықтықтар өзара перпендикуляр бола ма:
1) $y + z + 2 = 0$ және $y - z + 3 = 0$;
2) $2x - 5y - z + 4 = 0$ және $3x + 2y - 4z - 5 = 0$;
3) $x - y + 3 = 0$ және $y + z - 3 = 0$?

9.6. 1) $x + y + z - 1 = 0$, $x - y + z + 1 = 0$; 2) $2x - 3y + 6z - 5 = 0$, $4x + 4y + 2z + 7 = 0$ теңдеулерімен берілген жазықтықтардың арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.

9.7. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедінде $AB = 4$, $AD = 3$, $AA_1 = 3$. 1) ABC_1; 2) ADC_1 жазықтығы мен ABC жазықтығының арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.

B

9.8. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедінде $AB = 4$, $AD = 3$, $AA_1 = 3$. BCD_1 және ADC_1 жазықтықтарының арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.

9.9. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедінде $AB = 3$, $AD = 2$, $AA_1 = 1$. 1) ABC; 2) ADD_1; 3) CDD_1 жазықтығы мен ACD_1 жазықтығының арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.

9.10. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары және биіктігі 4 см-ге тең. 1) ABC; 2) SBC; 3) SCD жазықтығы мен SAB жазықтығының арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.

C

9.11. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының қырлары 1 см-ге тең (9.5-сурет). ABC_1 және BCD_1 жазықтықтарының арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.



9.5-сурет



9.6-сурет

9.12. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының қырлары 1 см-ге тең (9.5-сурет). ACD_1 және ABC_1 жазықтықтарының арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.

9.13. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары және биіктігі 2 см-ге тең (9.6-сурет). SAD және SBC жазықтықтарының арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.

9.14. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары 2 см-ге және биіктігі 4 см-ге тең (9.7-сурет). SAB және SDE жазықтықтарының арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.



9.7-сурет



9.8-сурет

9.15. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 2 см-ге тең (9.8-сурет). ABC_1 және BCD_1 жазықтықтарының арасындағы бұрыштың косинусын табыңдар.

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

9.16. Түзу мен жазықтықтың арасындағы бұрыштың анықтамасын қайталаңдар.

§ 10. Түзу мен жазықтық арасындағы бұрышты табу

Түзу мен жазықтықтың арасындағы бұрышты түзудің бағыттаушы векторы мен жазықтықтың нормаль векторының скаляр көбейтіндісінің формуласын пайдаланып табуға болады. Бұл векторлардың арасындағы бұрыштың косинусы осы түзу мен жазықтықтың арасындағы бұрыштың синусына тең болады:



10.1-сурет

$$\sin\varphi = \frac{|\bar{e}\cdot\bar{n}|}{|\bar{e}|\cdot|\bar{n}|},$$

мұндағы $\bar{c}$ — берілген түзудің бағыттаушы векторы, $\bar{n}$ — берілген жазықтықтың нормаль векторы (10.1-сурет).

Егер түзудің $\bar{c}$ бағыттаушы векторының координаталары $(k;\ l;\ m)$, ал жазықтықтың

$\vec{n}$ нормаль векторының координаталары $(a;\ b;\ c)$ болса, онда бұл формуланы мынадай түрде жазуға болады:

$$\sin\varphi = \frac{|k\cdot a + l\cdot b + m\cdot c|}{\sqrt{k^2 + l^2 + m^2}\cdot\sqrt{a^2 + b^2 + c^2}}.$$

Егер түзудің $\vec{c}$ бағыттаушы векторы жазықтықтың $\vec{n}$ нормаль векторына коллинеар болса, яғни қандай да бір t саны үшін $a = tk$, $b = tl$, $c = tm$ теңдіктері орындалса, онда берілген түзу жазықтыққа перпендикуляр болады.

Ox осі мен yOz жазықтығы қандай бұрыш жасайды?

Берілген түзудің жазықтыққа параллель болуы немесе жазықтыққа тиісті болуы шартын табыңдар.

Түзу мен жазықтықтың арасындағы бұрышты табуға арналған мысалдарды қарастырайық.

1-мысал. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедінде $AB = 4$, $AD = 3$, $AA_1 = 2$. DB_1 түзуі мен ACD_1 жазықтығының арасындағы бұрыштың синусын табыңдар.

Шешуі. D нүктесі координаталар басы болатын, ал DC, DA, DD_1 қырлары сәйкесінше абсцисса, ордината, аппликата осьтерінде жататын координаталар жүйесін қарастырамыз (10.2-сурет).



10.2-сурет

DB_1 түзуінің бағыттаушы векторының координаталары $(4;\ 3;\ 2)$ болады. ACD_1 жазықтығы $\frac{x}{4} + \frac{y}{3} + \frac{z}{2} = 1$ теңдеуімен беріледі және ол $3x + 4y + 6z = 12$ теңдеуіне мәндес болады. Жазықтықтың $\vec{n}$ нормаль векторының координаталары $(3;\ 4;\ 6)$ болады.

Осы векторлардың координаталарын екі жазықтықтың арасындағы бұрыштың синусын табуға арналған формулаға қойып, ізделінді φ бұрышының синусын табамыз:

$$\sin\varphi = \frac{36}{\sqrt{29}\cdot\sqrt{61}} = \frac{36\sqrt{1769}}{1769}.$$



10.3-сурет

2-мысал. *SABCD* дұрыс төртбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары және биіктігі 4 см-ге тең. *SA* түзуі мен *SBC* жазықтығының арасындағы бұрыштың синусын табыңдар.

Шешуі. Пирамиданың табанының *O* центрі координаталар басы, ал абсцисса, ордината осьтері пирамида табанының қабырғаларына параллель болатын координаталар жүйесін қарастырамыз (10.3-сурет).

SA түзуінің бағыттаушы векторының координаталары (−2; 2; −4) болады. *SBC* жазықтығы $\frac{x}{2}+\frac{z}{4}=1$ теңдеуімен беріледі және ол $2x + z = 4$ теңдеуіне мәндес. Онда жазықтықтың $\vec{n}$ нормаль векторының координаталары (2; 0; 1) болады.

Осы векторлардың координаталарын екі жазықтықтың арасындағы бұрыштың синусын табуға арналған формулаға қойып, ізделінді φ бұрышының синусын табамыз:

$$\sin\varphi = \frac{8}{\sqrt{24}\cdot\sqrt{5}} = \frac{2\sqrt{30}}{15}.$$

Сұрақтар

1. Теңдеулерімен берілген түзу мен жазықтықтың арасындағы бұрыштың синусын қалай табуға болады?
2. Қандай жағдайда теңдеулерімен берілген түзу мен жазықтық өзара перпендикуляр болады?

Есептер

A

10.1. Түзудің бағыттаушы векторының координаталары (1; 2; 2) және жазықтықтың нормаль векторының координаталары (−2; 1; 2). Осы түзу мен жазықтықтың арасындағы бұрыштың синусын табыңдар.

10.2. $\begin{cases} x = 1 + 2t, \\ y = 1 + 2t, \\ z = 1 - t \end{cases}$

теңдеулерімен берілген түзу мен $x + 2y - 2z + 1 = 0$ теңдеуімен берілген жазықтықтың арасындағы бұрыштың синусын табыңдар.

10.3. $\begin{cases} x = 1 - 2t, \\ y = 1 - 6t, \\ z = 1 + 4t \end{cases}$

теңдеулерімен берілген түзу мен келесі теңдеумен берілген жазықтықтың өзара орналасуын анықтаңдар:

1) $x + 3y - 2z + 4 = 0$;
2) $3x - y + 1 = 0$;
3) $2x + z - 3 = 0$.

B

10.4. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедінде $AB = 3$, $AD = 2$, $AA_1 = 1$. 1) ABC; 2) ADD_1; 3) CDD_1 жазықтығы мен DB_1 түзуі арасындағы бұрыштың синусын табыңдар.

10.5. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедінде $AB = 3$, $AD = 2$, $AA_1 = 1$. 1) DB; 2) DA_1; 3) DC_1 түзуі мен ACD_1 жазықтығының арасындағы бұрыштың синусын табыңдар.

10.6. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары және биіктігі 4 см-ге тең. 1) BC; 2) AC; 3) SC түзуі мен SAB жазықтығының арасындағы бұрыштың синусын табыңдар.

C

10.7. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының қырлары 1 см-ге тең (10.4-сурет). 1) ABC_1; 2) ACD_1 жазықтығы мен DB_1 түзуі арасындағы бұрыштың синусын табыңдар.



10.4-сурет



10.5-сурет

10.8. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары және биіктігі 2 см-ге тең (10.5-сурет). 1) BD; 2) SC

түзуі мен SAB жазықтығының арасындағы бұрыштың синусын табыңдар.

10.9. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары 2 см, ал биіктігі 4 см-ге тең (10.6-сурет). 1) BD; 2) SC түзуі мен SAB жазықтығының арасындағы бұрыштың синусын табыңдар.



10.6-сурет



10.7-сурет

10.10. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 2 см-ге тең (10.7-сурет). EB_1 түзуі мен ABD_1 жазықтығының арасындағы бұрыштың синусын табыңдар.

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

10.11. Нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтықтың анықтамасын қайталаңдар.

§ 11. Кеңістіктегі нүктеден жазықтыққа дейінгі арақашықтық

Кеңістіктегі $B_0(x_0; y_0; z_0)$ нүктесінен $ax + by + cz + d = 0$ теңдеуімен берілген α жазықтығына дейінгі қашықтықты табуға арналған формуланы шығарайық.



11.1-сурет

B_0 нүктесінен α жазықтығына дейінгі қашықтық деп берілген нүктеден осы жазықтыққа түсірілген B_0A_0 перпендикулярының ұзындығын айтатынын еске саламыз.

$\overline{A_0B_0}$ векторы берілген жазықтықтың $\overline{n}(a; b; c)$ нормаль векторына коллинеар екенін байқаймыз (11.1-сурет).

$A(x; y; z)$ нүктесі — α жазықтығының қандай да бір нүктесі болсын. Сонда

$$\cos\angle AB_0A_0 = \frac{|\vec{n} \cdot \overline{B_0A}|}{|\vec{n}| \cdot |\overline{B_0A}|} = \frac{|a(x - x_0) + b(y - y_0) + c(z - z_0)|}{\sqrt{a^2 + b^2 + c^2} \cdot |\overline{B_0A}|}.$$

$-ax - by - cz = d$ екенін және ізделінді h қашықтығы $|\overline{B_0A}| \cdot \cos\angle AB_0A$-ге тең болатынын ескеріп, *нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтықты* табу формуласын аламыз:

$$h = \frac{|ax_0 + by_0 + cz_0 + d|}{\sqrt{a^2 + b^2 + c^2}}.$$

Берілген нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтықты табуға арналған мысалдарды қарастырайық.

1-мысал. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедінде $AB = 4$, $AD = 3$, $AA_1 = 2$. B_1 нүктесінен ACD_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

Шешуі. D нүктесі координаталар басы болатын, ал DC, DA, DD_1 қырлары сәйкесінше абсцисса, ордината, аппликата осьтерінде жататын координаталар жүйесін қарастырамыз (11.2-сурет).



11.2-сурет

B_1 нүктесінің координаталары (4; 3; 2) болады. ACD_1 жазықтығы $\frac{x}{4} + \frac{y}{3} + \frac{z}{2} = 1$ теңдеуімен беріледі және ол $3x + 4y + 6z - 12 = 0$ теңдеуіне мәндес болады.

Табылған мәндерді нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтықты табуға арналған формулаға қойып, ізделінді h қашықтығын табамыз:

$$h = \frac{24\sqrt{61}}{61}.$$

2-мысал. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары және биіктігі 4 см-ге тең. A нүктесінен SBC жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

Шешуі. Пирамида табанының O центрі координаталар басы, ал абсцисса, ордината осьтері пирамида табанының қабырғаларына параллель болатын координаталар жүйесін қарастырамыз (11.3-сурет).



11.3-сурет

A нүктесінің координаталары $(-2;\ 2;\ 0)$ болады. SBC жазықтығы $\frac{x}{2} + \frac{z}{4} = 1$ теңдеуімен беріледі және ол $2x + z = 4$ теңдеуіне мәндес болады. Осы мәндерді нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтықты табуға арналған формулаға қойып, ізделінді h қашықтығын табамыз:

$$h = \frac{8\sqrt{5}}{5}.$$

Сұрақтар

1. Нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтық дегеніміз не?
2. Координаталары берілген нүктеден теңдеуі берілген жазықтыққа дейінгі қашықтықты қалай табуға болады?

Есептер

A

11.1. 1) $x + y = 1$; 2) $x + y + z = 1$ теңдеуімен берілген жазықтықтан $B_0(1;\ 1;\ 1)$ нүктесіне дейінгі қашықтықты табыңдар.

11.2. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубында A_1 нүктесінен ABC_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

11.3. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары және биіктігі 1 см-ге тең. B нүктесінен SAC жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

11.4. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары 2 см-ге, ал биіктігі 1 см-ге тең. Пирамиданың табанының O центрінен SBC жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

B

11.5. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедінде $AB = 3$, $AD = 2$, $AA_1 = 1$. A_1 нүктесінен ABC_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

11.6. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедінде $AB = 3$, $AD = 2$, $AA_1 = 1$. C_1 нүктесінен BCD_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

11.7. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедінде $AB = 3$, $AD = 2$, $AA_1 = 1$. 1) B; 2) A_1; 3) C_1 нүктесінен ACD_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

11.8. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары және биіктігі 4 см-ге тең. E нүктесі — SA қырының ортасы (11.4-сурет). E нүктесінен SBC жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.



11.4-сурет

C

11.9. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының қырлары 1 см-ге тең (11.5-сурет). B_1 нүктесінен ACD_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

11.10. $SABCD$ дұрыс төртбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары және биіктігі 2 см-ге тең (11.6-сурет). A нүктесінен SBC жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.



11.5-сурет



11.6-сурет



11.7-сурет



11.8-сурет

11.11. $SABCDEF$ дұрыс алтыбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары 2 см, ал биіктігі 4 см-ге тең (11.7-сурет). A нүктесінен SBC жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

11.12. $ABCDEFA_1B_1C_1D_1E_1F_1$ дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 2 см-ге тең (11.8-сурет). A_1 нүктесінен BCE_1 жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

11.13. Жазықтықтағы бұрудың анықтамасын қайталаңдар.

ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

1. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедінде $AB = 2$, $AD = 2$, $AA_1 = 1$. DB_1 және AC түзулерінің арасындағы бұрышты табыңдар:

A) 30°; B) 45°;
C) 60°; D) 90°.

16.6. Цилиндрдің осьтік қимасы — қабырғалары 3 см және 4 см болатын тіктөртбұрыш. Цилиндрге сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

16.7. Сфераның радиусы 1 см-ге тең. Сфераға сырттай сызылған цилиндр бетінің ауданын табыңдар.

16.8. Қиық конусқа іштей сызылған сфераның радиусы 2 см-ге тең. Қиық конустың биіктігін табыңдар.

B

16.9. Конустың осьтік қимасы — қабырғасы 1 см-ге тең теңқабырғалы үшбұрыш. Конусқа: 1) сырттай сызылған; 2) іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

16.10. Конусқа сырттай сызылған сфераның R радиусын конустың h биіктігі мен табанының r радиусы арқылы өрнектеңдер.

16.11. Конустың табанының радиусы 3 см-ге, ал биіктігі 4 см-ге тең. Конусқа сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

16.12. Конусқа іштей сызылған сфераның R радиусын конустың h биіктігі мен табанының r радиусы арқылы өрнектеңдер.

16.13. Конустың табанының радиусы 3 см-ге, ал биіктігі 4 см-ге тең. Конусқа іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

16.14. Конустың жасаушысы мен оған сырттай сызылған сфераның радиусы 2 см-ге тең. Конустың табанының радиусын табыңдар.

16.15. Конустың табанының радиусы 1 см-ге тең. Оның жасаушысы табан жазықтығымен 45° бұрыш жасайды. Конусқа: 1) сырттай сызылған; 2) іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

16.16. Конустың жасаушысы 1 см-ге тең және ол табан жазықтығымен 30° бұрыш жасайды. Конусқа: 1) сырттай сызылған; 2) іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

C

16.17. Қиық конустың табандарының радиустары 2 см және 1 см, ал жасаушысы 2 см-ге тең. Қиық конусқа сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

16.18. Табандарының радиустары R_1, R_2, ал жасаушысы b-ға тең болатын қиық конусқа іштей сызылған сфераның r радиусы келесі формуламен анықталатынын дәлелдеңдер:

$$r = \frac{\sqrt{b^2 - (R_1 - R_2)^2}}{2}.$$

16.19. Қиық конустың табандарының радиустары 4 см және 1 см, ал жасаушысы 5 см-ге тең. Қиық конусқа іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

16.20. Сфераға сырттай сызылған қиық конустың табандарының радиустары 2 см-ге және 3 см-ге тең. Қиық конустың жасаушысын табыңдар.

16.21. Сфераға сырттай сызылған қиық конустың жасаушысы 8 см-ге, ал бір табанының радиусы 5 см-ге тең. Қиық конустың екінші табанының радиусын табыңдар.

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

16.22. Шеңбердің ұзындығының анықтамасын және шеңбердің ұзындығын табу формуласын қайталаңдар.

§ 17. Сфераның және оның бөліктерінің аудандары

Сфераның ауданының анықтамасы шеңбердің ұзындығының анықтамасына ұқсас келеді.

Шеңберге іштей сызылған дұрыс көпбұрыштың қабырғаларының санын шексіз арттырған кездегі көпбұрыш периметрі ұмтылатын сан шеңбер ұзындығының дәл мәнін беретінін еске саламыз.



17.1-сурет

Шеңберге сырттай сызылған дұрыс көпбұрышты және осы көпбұрышты шеңбердің PQ диаметрі жататын түзуден айналдырғанда пайда болған фигураны қарастырайық (17.1-сурет). Бұл фигураның беті конустың, қиық конустың және цилиндрдің бүйір беттерінен тұрады, ал фигураның өзі шеңберді айналдырғанда пайда болған сфераға сырттай сызылады. Фигураның бетінің ауданы оған тиісті конустың, қиық конустың және цилиндрдің бүйір беттерінің аудандарының қосындысына тең болады.

Шеңберді оның диаметрі жататын түзуден айналдырғанда алынған сфераның ауданы осы шеңберге сырттай сызылған дұрыс көпбұрыштың қабырғаларының санын шексіз арттыра отырып, айналдырғанда пайда болған фигура бетінің ауданы ұмтылатын сан *сфераның ауданы* болып табылады.

Енді радиусы R болатын сфераның ауданын табу формуласын анықтайық.

Сфераның ауданы деп осы сферамен шектелген шардың бетінің ауданын да айтады.

Шеңберге сырттай сызылған M дұрыс көпбұрышының AB қабырғасын айналдырғанда пайда болған бетті қарастырайық. Ол $ABCD$ тікбұрышты трапециясын CD түзуінен айналдырғанда алынған қиық конустың бүйір бетін береді (17.1-сурет).

Осы беттің $S(AB)$ ауданы — радиусы трапецияның EF орта сызығы болатын шеңбердің ұзындығы мен AB бүйір қабырғасының көбейтіндісіне тең болады, яғни

$$S(AB) = 2\pi \cdot EF \cdot AB.$$

$ABCD$ тікбұрышты трапециядан табамыз: $CD = BG = AB \cdot \sin\angle BAD$. Демек,

$$S(AB) = \frac{2\pi \cdot FE \cdot CD}{\sin\angle BAD}.$$

$\angle BAD = \angle EOF$ (сәйкесінше перпендикуляр қабырғаларындағы бұрыштар ретінде тең) екенін ескеріп, келесідей теңдікті аламыз:

$$S(AB) = \frac{2\pi \cdot FE \cdot CD}{\sin\angle BAD} = \frac{2\pi \cdot FE \cdot CD}{\sin\angle EOF} = 2\pi \cdot OF \cdot CD = 2\pi R \cdot CD.$$

Осыған ұқсас M көпбұрышының басқадай қабырғаларын айналдырғанда пайда болған беттердің аудандарының формулалары алынады. Осы аудандарды қосып, M көпбұрышын айналдырғанда пайда болған беттің $S(M)$ ауданын табамыз:

$$S(M) = 2\pi \cdot OF \cdot PQ = 2\pi R \cdot 2R = 4\pi R^2.$$

Шеңберге сырттай сызылған дұрыс көпбұрыштардың қабырғаларының санын шексіз арттыра отырып айналдырғанда пайда болған фигура бетінің ауданы ұмтылатын сан *сфераның ауданы* болып есептеледі. Сонымен, сфераның S ауданын мынадай формуламен табуға болады:

$$S(M) = 4\pi R^2.$$



17.2-сурет

Сфераның ауданы осы сфераға сырттай сызылған цилиндрдің бүйір бетінің ауданына тең болатынын дәлелдеңдер.

Шардың центрі арқылы өтпейтін қандай да бір жазықтықпен кесіп алынған шардың кіші бөлігі *шар сегменті* деп аталады (17.2-сурет).

Шардың осы жазықтықпен қимасы — дөңгелек, яғни шар сегментін шектейтін дөңгелек *шар сегментінің табаны* деп аталады.

Шардың осы жазықтықпен кесіп алынған кіші бөлігінің беті *шар сегментінің бүйір беті* деп аталады.

Шар сегментінің табаны мен оның бүйір бетінің қосындысы *шар сегментінің бетін* құрайды.

Шар сегментінің ішінде жататын және оның табанына перпендикуляр болатын шар радиусының бөлігі *шар сегментінің биіктігі* деп аталады.

Шармен қиылысатын параллель екі жазықтықтың арасында шектелген шардың бөлігі *шар белдеуі* деп аталады (17.3-сурет).



17.3-сурет

Шардың осы жазықтықтармен қималары — дөңгелектер, яғни шар белдеуін шектейтін дөңгелектер *шар белдеуінің табандары* деп аталады.

Шармен қиылысатын параллель екі жазықтықтың арасында шектелген шардың бетінің бөлігі *шар белдеуінің бүйір беті* деп аталады.

Шар белдеуінің табандары мен оның бүйір бетінің қосындысы *шар белдеуінің бетін* құрайды.

Шар белдеуінің ішінде жататын және оның табандарына перпендикуляр болатын шар диаметрінің бөлігі *шар белдеуінің биіктігі* деп аталады. Басқаша айтқанда, *шар белдеуінің биіктігі* деп оның табандарының арасындағы қашықтықты айтады.

Жоғарыда келтірілген сфераның ауданын табу формуласын шығару тәсілін шар сегменті мен шар белдеуі үшін де қолдануға болады. Нәтижесінде шар сегменті бетінің ауданы мен шар белдеуі бетінің ауданын табу формулаларын аламыз:

$$S_{\text{сегмент}} = 2\pi R \cdot h, \quad S_{\text{белдеу}} = 2\pi R \cdot h,$$

мұндағы R — шар радиусы, h — шар сегментінің және шар белдеуінің биіктігі.

Сұрақтар

1. Сфераның ауданы қалай анықталады?
2. Шар бетінің ауданы дегеніміз не?
3. Радиусы R болатын сфераның ауданы қандай формуламен есептеледі?
4. Шар сегменті дегеніміз не?
5. Шар сегментінің бүйір бетінің ауданы қандай формуламен есептеледі?
6. Шар белдеуі дегеніміз не?
7. Шар белдеуі бетінің ауданы қандай формуламен есептеледі?

Есептер

А

17.1. Радиусы 1 см-ге тең сфераның ауданын табыңдар.

17.2. Ауданы 1 см^2-ге тең сфераның радиусын табыңдар.

17.3. Шардың үлкен дөңгелегінің ауданы 3 см^2-ге тең. Шардың бетінің ауданын табыңдар.

17.4. Егер шардың радиусы: 1) 2 есе; 2) 3 есе; 3) n есе артатын болса, онда оның бетінің ауданы қалай өзгереді?

17.5. Екі шардың беттерінің аудандары 4 : 9 қатынасындай деп алып, олардың радиустарының қатынасын табыңдар.

17.6. Екі шардың радиустары 6 см және 8 см. Бетінің ауданы берілген шарлардың беттерінің аудандарының қосындысына тең болатын шардың радиусын табыңдар.

17.7. Шарға сырттай цилиндр сызылған. Шар бетінің ауданының цилиндрдің бүйір бетінің ауданына қатынасын табыңдар.

17.8. Осьтік қимасы бірлік квадрат болатын цилиндрге іштей сызылған сфера бетінің ауданын табыңдар.

17.9. Осьтік қимасы бірлік квадрат болатын цилиндрге сырттай сызылған сфера бетінің ауданын табыңдар.

17.10. Айдың диаметрі Жер шарының диаметрінен 4 есе кіші. Ай бетінің ауданы Жер шары бетінің ауданынан неше есе кіші болады?

B

17.11. Кубқа іштей сызылған сфера бетінің ауданы осы кубқа сырттай сызылған сфера бетінің ауданынан неше есе кіші болады?

17.12. Конустың осьтік қимасы — теңқабырғалы үшбұрыш. Конусқа сырттай сызылған сфера бетінің ауданы осы конусқа іштей сызылған сфера бетінің ауданынан неше есе үлкен болады?

17.13. Шардың центрінен 8 см қашықтықта жататын жазықтықпен қимасы — дөңгелектің радиусы 6 см. Шар бетінің ауданын табыңдар.

17.14. Шардың радиусының ортасы арқылы осы радиусқа перпендикуляр жазықтық жүргізілген. Осы жазықтық берілген шар бетінің ауданын қандай қатынаста бөледі?

17.15. Шардың радиусы 2 см. Биіктігі 1 см-ге тең шар сегментінің бүйір бетінің ауданын табыңдар.

17.16. Шардың радиусы 3 см. Биіктігі 1 см-ге тең шар белдеуінің бүйір бетінің ауданын табыңдар.

17.17. Париж меридианы ұзындығы шамамен 40 000 км-ге тең. Жер шары бетінің ауданын табыңдар.



17.4-сурет

17.18. Нұр-Сұлтан қаласындағы Бәйтерек монументі шарының диаметрі 22 м-ге тең (17.4-сурет). Осы шар бетінің ауданын табыңдар.

17.19. ЭКСПО-2017 — Қазақстанның елордасында 2017 жылы «Халықаралық көрмелер» бюросы ұйымдастырған халықаралық көрме. Көрменің орталық элементі — әлемдегі ең үлкен сфералық ғимарат болатын «Нұр Әлем» кешені (17.5-сурет). Оның диаметрі — 80 м. Осы сфера бетінің ауданын табыңдар ($\pi \approx 3$).

17.5-сурет

C

17.20. Шардың радиусы 1 см-ге тең. Оның диаметріне перпендикуляр болатын екі жазықтық шарды 1 : 2 : 3 қатынаста бөледі. Қиюшы жазықтықтармен шектелген шар бетінің ауданын табыңдар.

17.21. Конустың осьтік қимасы — теңқабырғалы үшбұрыш (17.6-сурет). Конус бетінің ауданы диаметрі осы конустың биіктігімен бірдей шар бетінің ауданына тең болатынын дәлелдеңдер.



17.6-сурет



17.7-сурет

17.22. Радиусы 1 см-ге тең шардың центрі — бірлік кубтың төбесі (17.7-сурет). Осы кубтың ішінде орналасқан шар беті бөлігінің ауданын табыңдар.

17.23. Дұрыс төртбұрышты пирамида табанының қабырғалары 2 см-ге, ал биіктігі 1 см-ге тең. Радиусы 1 см-ге тең шардың центрі — осы пирамиданың төбесі (17.8-сурет). Пирамиданың ішінде орналасқан шар беті бөлігінің ауданын табыңдар.



17.8-сурет

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

17.24. Іштей және сырттай сызылған көпбұрыштардың анықтамаларын қайталаңдар.

ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

1. Цилиндр табанының радиусы 3 см, ал жасаушысы 8 см. Цилиндрдің осьтік қимасының диагоналін табыңдар:

A) 6 см; B) 10 см; C) 12 см; D) 16 см.

2. Тіктөртбұрыштың қабырғалары 1 см және 2 см. Осы тіктөртбұрышты оның үлкен қабырғасы жатқан түзуден айналдырғанда пайда болған цилиндрдің бүйір бетінің ауданын табыңдар:

A) 2π см^2; B) 3π см^2; C) 4π см^2; D) 6π см^2.

3. Дұрыс үшбұрышты призма табанының қабырғалары 1 см-ге және бүйір қырлары 2 см-ге тең. Осы призманы оның бүйір қыры жатқан түзуден айналдырғанда пайда болған цилиндрдің бүйір бетінің ауданын табыңдар:

A) 2π см^2; B) 3π см^2; C) 4π см^2; D) 6π см^2.

4. Конус табанының радиусы 6 см-ге, ал жасаушысы 10 см-ге тең. Конустың биіктігін табыңдар:

A) 6 см; B) $3\sqrt{2}$ см; C) $6\sqrt{2}$ см; D) 8 см.

5. Конустың жасаушысы 6 см-ге тең және ол табан жазықтығына 45° бұрыш жасап көлбеген. Осы конус табанының радиусын табыңдар:

A) 3 см; B) $3\sqrt{2}$ см; C) $3\sqrt{3}$ см; D) 6 см.

6. Конус табанының радиусы 2 см-ге, ал жасаушысы 3 см-ге тең. Конус бетінің ауданын табыңдар:

A) 6π см^2; B) 8π см^2; C) 10π см^2; D) 12π см^2.

7. Конус табанының радиусы 2 см-ге тең. Конус биіктігінің ортасы арқылы табан жазықтығына параллель жазықтықпен қимасының ауданын табыңдар:

A) π см^2; B) 2π см^2; C) 3π см^2; D) 4π см^2.

8. Теңбүйірлі үшбұрыштың табаны 2 см-ге және бүйір қабырғалары 4 см-ге тең. Осы үшбұрышты оның табанына түсірілген биіктігі жататын түзуден айналдырғанда пайда болған конус бетінің ауданын табыңдар:

A) 3π см^2; B) 4π см^2; C) 5π см^2; D) 6π см^2.

9. Дұрыс алтыбұрышты пирамида табанының қабырғалары 2 см-ге және бүйір қырлары 3 см-ге тең. Осы пирамиданы оның биіктігі жататын түзуден айналдырғанда пайда болған конустың бүйір бетінің ауданын табыңдар:

A) 3π см^2; B) 4π см^2; C) 5π см^2; D) 6π см^2.

10. Қиық конустың табандарының радиустары 4 см және 1 см, ал биіктігі 4 см-ге тең. Қиық конустың жасаушысын табыңдар:

A) 3 см; B) 4 см; C) 5 см; D) 6 см.

11. Қиық конустың жасаушысы 2 см-ге тең және ол табан жазықтығына 45° бұрыш жасап көлбеген. Конустың үлкен табанының радиусы 2 см-ге тең деп алып, кіші табанының радиусын табыңдар:

A) 1 см; B) $\sqrt{2}$ см; C) $2 - \frac{\sqrt{2}}{2}$ см; D) $2 - \sqrt{2}$ см.

12. Теңбүйірлі трапецияның табандары 2 см және 4 см, ал бүйір қабырғалары 3 см-ге тең. Осы трапецияны оның табандарының орталары арқылы өтетін түзуден айналдырғанда пайда болған фигура бетінің ауданын табыңдар:

A) 8π см^2; B) 10π см^2; C) 12π см^2; D) 14π см^2.

13. Сфераның радиусы 4 см-ге тең. Сферадан тыс жатқан нүктеден оның центріне дейінгі қашықтық 5 см-ге тең. Осы нүктеден сфераға жүргізілген жанаманың кесіндісінің ұзындықтарын табыңдар:

A) 1 см; B) 2 см; C) 3 см; D) 4 см.

14. Шардың радиусы 2 см-ге тең. Шардың центрінен 1 см қашықтықта болатын жазықтықпен қимасы — дөңгелектің ауданын табыңдар:

A) π см^2; B) 2π см^2; C) 3π см^2; D) 4π см^2.

15. Шардың радиусы 6 см-ге тең. Радиустың ұшы арқылы онымен 60° бұрыш жасайтындай жазықтық жүргізілген. Шардың осы жазықтықпен қимасының ауданын табыңдар:

A) 3π см^2; B) 6π см^2; C) 9π см^2; D) 12π см^2.

16. Сфераның ішінде жатқан нүктеден сфераның бойында жатқан нүктелерге дейінгі ең кіші және ең үлкен қашықтықтар сәйкесінше 4 см-ге және 6 см-ге тең. Сфераның радиусын табыңдар:

A) 2 см; B) 3 см; C) 4 см; D) 5 см.

17. Цилиндрдің осьтік қимасы — қабырғалары 6 см және 8 см болатын тіктөртбұрыш. Цилиндрге сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар:

A) 5 см; B) 6 см; C) 8 см; D) 10 см.

18. Конустың осьтік қимасы — қабырғалары 2 см болатын теңқабырғалы үшбұрыш. Осы конусқа іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар:

A) 1 см; B) $\sqrt{2}$ см; C) $\frac{\sqrt{3}}{2}$ см; D) $\frac{\sqrt{3}}{3}$ см.

19. Радиусы 2 см-ге тең сфераның ауданын табыңдар:

A) 12π см^2; B) 14π см^2; C) 16π см^2; D) 18π см^2.

20. Шардың радиусы 3 см-ге тең. Биіктігі 2 см болатын шар белдеуінің бүйір бетінің ауданын табыңдар:

A) 6π см^2; B) 8π см^2; C) 10π см^2; D) 12π см^2.

V тарау*

ІШТЕЙ ЖӘНЕ СЫРТТАЙ СЫЗЫЛҒАН КӨПЖАҚТАР

§ 18. Цилиндр және призма. Конус және пирамида

Егер тік призманың табандары цилиндрдің табандарына іштей сызылған болса, онда *призма цилиндрге іштей сызылған* немесе *цилиндр призмаға сырттай сызылған* деп аталады (18.1-сурет).



18.1-сурет



18.2-сурет

Егер тік призманың табандарына сырттай шеңбер сызылған болса, онда призмаға сырттай цилиндр сызуға болатынын дәлелдеңдер.

Егер тік призманың табандары цилиндрдің табандарына сырттай сызылған болса, онда *призма цилиндрге сырттай сызылған* немесе *цилиндр призмаға іштей сызылған* деп аталады (18.2-сурет).

Егер тік призманың табандарына іштей шеңбер сызылған болса, онда призмаға іштей цилиндр сызуға болатынын дәлелдеңдер.

Егер пирамиданың төбесі конустың төбесімен сәйкес келіп, ал табаны конустың табанына іштей сызылған болса, онда *пирамида конусқа іштей сызылған* немесе *конус пирамидаға сырттай сызылған* деп аталады (18.3-сурет).

Теорема. ***Егер пирамиданың табанына сырттай шеңбер сызылған болса және оның биіктігінің табаны осы шеңбердің центрі болса, онда пирамидаға сырттай конусты сызуға болады.***



18.3-сурет



18.4-сурет

Дәлелдеуі. Егер пирамида биіктігінің табаны осы пирамиданың табанына сырттай сызылған шеңбердің центрі болса, онда төбесі пирамиданың төбесімен сәйкес келетін, ал табаны осы шеңбермен шектелген дөңгелек болатын конус осы пирамидаға сырттай сызылады (18.3-сурет).

Керісінше, егер конус пирамидаға сырттай сызылған болса, онда пирамиданың табанына сырттай шеңбер сызылады. Пирамиданың биіктігі конустың биіктігі болады. Демек, пирамиданың биіктігінің табаны осы пирамиданың табанына сырттай сызылған шеңбердің центрі болып табылады. ◻

Егер пирамиданың төбесі конустың төбесімен сәйкес келіп, ал табаны конустың табанына сырттай сызылған болса, онда *пирамида конусқа сырттай сызылған* немесе *конус пирамидаға іштей сызылған* деп аталады (18.4-сурет).

Теорема. ***Егер пирамиданың табанына іштей шеңбер сызылған болса және оның биіктігінің табаны осы шеңбердің центрі болса, онда пирамидаға іштей конусты сызуға болады.***

Дәлелдеуі. Егер пирамиданың табанына іштей шеңбер сызылған болса және оның биіктігінің табаны осы шеңбердің центрі болса, онда төбесі пирамиданың төбесімен сәйкес келетін, ал табаны осы шеңбермен шектелген дөңгелек болатын конус осы пирамидаға іштей сызылады (18.4-сурет).

Керісінше, егер конус пирамидаға іштей сызылған болса, онда пирамиданың табанына іштей шеңбер сызылады. Пирамиданың биіктігі конустың биіктігі болады. Демек, пирамида биіктігінің табаны осы пирамиданың табанына іштей сызылған шеңбердің центрі болып табылады. ◻

Сұрақтар

1. Қандай призма цилиндрге іштей сызылған деп аталады?
2. Қандай призмаға сырттай цилиндр сызуға болады?
3. Қандай призма цилиндрге сырттай сызылған деп аталады?
4. Қандай призмаға іштей цилиндр сызуға болады?
5. Қандай пирамида конусқа іштей сызылған деп аталады?
6. Қандай пирамидаға сырттай конус сызуға болады?
7. Қандай пирамида конусқа сырттай сызылған деп аталады?
8. Қандай пирамидаға іштей конус сызуға болады?

Есептер

A

18.1. 1) Кубқа; 2) тікбұрышты параллелепипедке; 3) көлбеу параллелепипедке; 4) тік үшбұрышты призмаға; 5) дұрыс n-бұрышты призмаға сырттай цилиндр сызуға бола ма?

18.2. 1) Кубқа; 2) жақтары квадрат емес тікбұрышты параллелепипедке; 3) көлбеу параллелепипедке; 4) тік үшбұрышты призмаға; 5) дұрыс n-бұрышты призмаға іштей цилиндр сызуға бола ма?

18.3. Дұрыс пирамидаға сырттай конус сызуға бола ма?

18.4. Дұрыс пирамидаға іштей конус сызуға бола ма?

18.5. Қандай жағдайда тікбұрышты параллелепипедке іштей цилиндр сызуға болады?

18.6. Бірлік кубқа сырттай сызылған цилиндрдің биіктігін және табанының радиусын табыңдар (18.5-сурет).

18.7. Бірлік кубқа іштей сызылған цилиндрдің биіктігін және табанының радиусын табыңдар (18.6-сурет).



18.5-сурет



18.6-сурет

B

18.8. Тікбұрышты параллелепипедтің бір төбесінен шығатын қырлары 1 см, 2 см, 3 см-ге тең. Осы параллелепипедке сырттай сызылған цилиндрдің биіктігін және табанының радиусын табыңдар. Мұндай цилиндрлер нешеу болады?

18.9. Дұрыс үшбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. Осы призмаға сырттай сызылған цилиндрдің биіктігін және табанының радиусын табыңдар.

18.10. Дұрыс үшбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. Осы призмаға іштей сызылған цилиндрдің биіктігін және табанының радиусын табыңдар.

18.11. Дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. Осы призмаға сырттай сызылған цилиндр табанының радиусын және биіктігін табыңдар.

18.12. Дұрыс алтыбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. Осы призмаға іштей сызылған цилиндрдің биіктігін және табанының радиусын және биіктігін табыңдар.

18.13. Дұрыс пирамиданың бүйір қырлары 1 см-ге тең және олар табан жазықтығымен: 1) 30°; 2) 45°; 3) 60° бұрыш жасайды. Осы пирамидаға сырттай сызылған конустың табанының радиусын табыңдар.

C

18.14. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1 см-ге тең. Осы пирамидаға сырттай сызылған конустың биіктігін және табанының радиусын табыңдар.

18.15. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1 см-ге тең. Осы пирамидаға сырттай сызылған конустың биіктігін және табанының радиусын табыңдар.

18.16. Дұрыс алтыбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 2 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы пирамидаға сырттай сызылған конустың биіктігін және табанының радиусын табыңдар.

18.17. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1 см-ге тең. Осы пирамидаға іштей сызылған конустың биіктігін және табанының радиусын табыңдар.

18.18. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1 см-ге тең. Осы пирамидаға іштей сызылған конустың биіктігін және табанының радиусын табыңдар.

18.19. Дұрыс алтыбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 2 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы пирамидаға іштей сызылған конустың биіктігін және табанының радиусын табыңдар.

18.20. Егер төртбұрышты призмаға сырттай цилиндр сызылған болса, онда осы призманың бүйір қырларындағы қарама-қарсы жатқан екіжақты бұрыштарының қосындылары өзара тең болатынын дәлелдеңдер.

18.21. Егер төртбұрышты пирамидаға іштей конус сызылған болса, онда осы пирамиданың төбесіндегі төртжақты бұрыштың қарама-қарсы жатқан жазық бұрыштарының қосындылары өзара тең болатынын дәлелдеңдер.

18.22. Егер төртбұрышты пирамидаға сырттай конус сызылған болса, онда осы пирамиданың төбесіндегі төртжақты бұрыштың қарама-қарсы жатқан екіжақты бұрыштарының қосындылары өзара тең болатынын дәлелдеңдер.

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

18.23. Шеңберге іштей сызылған көпбұрыштың анықтамасын қайталаңдар.

§ 19. Сфераға іштей сызылған көпжақтар. Призма

Көпбұрыштар мен шеңберге қатысты ұғымдарды еске түсірейік.

Егер көпбұрыштың барлық төбелері шеңбердің бойында жатса, онда *көпбұрыш шеңберге іштей сызылған* немесе *шеңбер көпбұрышқа сырттай сызылған* деп аталады.

Планиметрия курсында кез келген үшбұрышқа сырттай шеңбер сызуға болатыны дәлелденген еді. Үшбұрышқа сырттай сызылған шеңбердің центрі оның қабырғаларына жүргізілген орта перпендикулярлардың қиылысу нүктесі болады (19.1-сурет).



19.1-сурет



19.2-сурет

Енді кеңістіктік фигураларға көшейік.

Егер көпжақтың барлық төбелері сфераның бойында жатса, онда *көпжақ сфераға іштей сызылған* немесе *сфера көпжаққа сырттай сызылған* деп аталады.

Теорема. ***Егер тік призманың табанына сырттай шеңбер сызылған болса, онда осы призмаға сырттай сфера сызуға болады.***

Дәлелдеуі. Табанына сырттай шеңбер сызылған тік призманы қарастырайық. Шеңбердің центрі O_1 нүктесі және радиусы R_1 болсын. Сонда призманың екінші табанына центрі O_2 нүктесі және радиусы $R_2 = R_1$ болатын сырттай шеңбер сызуға болады. O_1O_2 кесіндісі призманың биіктігі болады. $O_1O_2 = h$, O нүктесі — O_1O_2 кесіндісінің ортасы болсын. Осыдан центрі O нүктесі және радиусы $R = \sqrt{R_1^2 + \frac{h^2}{4}}$ болатын сфера ізделінді сфера болып табылады (19.2-сурет).

Керісінше, егер тік призмаға сырттай сфера сызуға болса, онда осы призманың табанының барлық төбелері сфераның бойында жатады. Демек, олар сфера мен призманың табан жазықтығының қиылысу сызығы болатын шеңбердің бойында жатады. Ендеше, осы тік призманың табанына сырттай шеңбер сызуға болады.

1-салдар. Призмаға сырттай сызылған сфера осы призмаға сырттай сызылған цилиндрге сырттай сызылған сфера болып табылады.

2-салдар. Тікбұрышты параллелепипедке сырттай сфера сызуға болады.

Расында да, тікбұрышты параллелепипедті табаны тіктөртбұрыш болатын тік призманың дербес жағдайы ретінде қарастыруға болады. Тіктөртбұрышқа сырттай шеңбер сызуға болатындықтан тікбұрышты параллелепипедке сырттай сфера сызуға болады.

Тікбұрышты параллелепипедтің диагональдары бір нүктеде қиылысады және сол нүктеде қақ бөлінеді. Демек, бұл нүкте осы параллелепипедтің барлық төбелерінен бірдей қашықтықта жатады, яғни сырттай сызылған сфераның центрі болып табылады (19.3-сурет).



19.3-сурет



19.4-сурет

Егер тікбұрышты параллелепипедтің бір төбесінен шығатын қырлары a, b, c болса, онда оның диагональдары $\sqrt{a^2 + b^2 + c^2}$-қа тең болады. Осыдан тікбұрышты параллелепипедке сырттай сызылған сфераның R радиусы мынадай формуламен анықталады:

$$R = \frac{1}{2}\sqrt{a^2 + b^2 + c^2}.$$

Дербес жағдайда қыры a болатын кубқа сырттай сызылған сфераның радиусы $\frac{\sqrt{3}}{2}a$-ға тең болады.

19.4-суретте сфераға іштей сызылған куб кескінделген.

Сырттай сфера сызуға болмайтын призмаға мысал келтіріңдер.

Сұрақтар

1. Қандай көпжақ сфераға іштей сызылған деп аталады?
2. Қандай сфера көпжаққа сырттай сызылған деп аталады?
3. Тікбұрышты параллелепипедке сырттай сфера сызуға бола ма?
4. Тікбұрышты параллелепипедке сырттай сызылған сфераның центрі қайда орналасады?
5. Қандай тік призмаға сырттай сфера сызуға болады?

Есептер

A

19.1. 1) Кубқа; 2) тікбұрышты параллелепипедке; 3) бір жағы параллелограмм болатын параллелепипедке сырттай сфера сызуға бола ма?

19.2. Бірлік кубқа сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

19.3. Радиусы 1 см-ге тең сфераға іштей сызылған кубтың қырын табыңдар.

19.4. Тікбұрышты параллелепипедтің қырлары 1 дм, 2 дм және 2 дм-ге тең. Осы параллелепипедке сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

B

19.5. Тікбұрышты параллелепипедтің бір төбесінен шығатын екі қыры 2 см және 4 см-ге тең. Параллелепипедке сырттай сызылған сфераның радиусы 3 см-ге тең. Параллелепипедтің сол төбесінен шығатын үшінші қырын табыңдар.

19.6. Сырттай сфера сызуға болмайтын тік призмаға мысал келтіріңдер.

19.7. Призмаға сырттай сызылған сфераның центрі әрдайым призманың ішінде жата ма?

19.8. Дұрыс үшбұрышты призманың биіктігі 2 см-ге, табанының қабырғасы 1 см-ге тең (19.5-сурет). Призмаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.



19.5-сурет



19.6-сурет

19.9. Дұрыс алтыбұрышты призманың биіктігі 2 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең (19.6-сурет). Осы призмаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

C

19.10. Қандай жағдайда тік үшбұрышты призмаға сырттай сызылған сфераның центрі: 1) призманың ішінде; 2) призманың бір бүйір жағында; 3) призмадан тыс жатады?

19.11. Тік призманың биіктігі 24 см-ге тең, ал табаны — қабырғалары 6 см, 8 см және 10 см болатын үшбұрыш. Осы призмаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

19.12. Дұрыс үшбұрышты призманың табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы призмаға сырттай сызылған сфераның радиусы 1 см-ге тең. Призманың биіктігін табыңдар.

19.13. Призманың табаны — қабырғалары 1 см және 2 см болатын тіктөртбұрыш. Осы призмаға сырттай сызылған сфераның радиусы 2 см-ге тең. Призманың биіктігін табыңдар.

19.14. Егер төртбұрышты призмаға сырттай сфера сызуға болса, онда осы призманың бүйір қырларындағы қарама-қарсы жатқан екіжақты бұрыштарының қосындылары өзара тең болатынын дәлелдеңдер.

§ 20. Сфераға іштей сызылған көпжақтар. Пирамида

Теорема. ***Егер пирамиданың табанына сырттай шеңбер сызуға болса, онда осы пирамидаға сырттай сфера сызуға болады.***

Дәлелдеуі. $SA_1...A_n$ пирамидасын қарастырайық және оның $A_1...A_n$ табанына сырттай шеңбер сызылған болсын (20.1-сурет). Шеңбердің центрін P деп белгілейік.

A_1, ..., A_n нүктелерінен бірдей қашықтықта жатқан нүктелердің геометриялық орны — P нүктесі арқылы өтетін және пирамиданың α жазықтығына перпендикуляр болатын a түзуі болып табылады. A_1, S нүктелерінен бірдей қашықтықта жатқан нүктелердің геометриялық орны — пирамиданың SA_1 қырына перпендикуляр және оның ортасы B нүктесі арқылы өтетін β жазықтығы болады. β жазықтығы α жазықтығына перпендикуляр емес. Демек, ол a түзуімен пирамиданың барлық төбелерінен бірдей қашықтықта жатқан қандай да бір O нүктесінде қиылысады. Осыдан O нүктесі берілген пирамидаға сырттай сызылған сфераның центрі болып табылады.



20.1-сурет

Керісінше, егер пирамидаға сырттай сфера сызуға болса, онда осы пирамиданың табанының барлық төбелері сфераның бойында жатады. Демек, олар сфера мен пирамиданың табан жазықтығының қиылысу сызығы болатын шеңбердің бойында жатады. Ендеше, осы пирамиданың табанына сырттай шеңбер сызуға болады. ◻

1-салдар. Кез келген үшбұрышты пирамидаға сырттай сфера сызуға болады.

Расында да, үшбұрышты пирамиданың табаны — үшбұрыш және кез келген үшбұрышқа сырттай шеңбер сызуға болатындықтан, кез келген үшбұрышты пирамидаға сырттай сфера сызуға болады.

Егер пирамиданың табанына сырттай шеңбер сызуға болса және шеңбердің центрі пирамиданың биіктігінің табаны болса, онда осы пирамидаға сырттай конус сызуға болатынын байқаймыз. Осы конусқа сырттай сызылған сфера пирамидаға да сырттай сызылады.

2-салдар. Дұрыс пирамидаға сырттай сфера сызуға болады.

20.2-суретте дұрыс үшбұрышты және алтыбұрышты пирамидаларға сырттай сызылған сфералар кескінделген.



20.2-сурет

3-салдар. Егер пирамидаға сырттай конус сызуға болса, онда оған сырттай сфера сызуға болады. Бұл сфера осы пирамидаға сырттай сызылған конусқа сырттай сызылады.

Сонымен, пирамидаға сырттай сызылған сфераның радиусын табу үшін осы пирамидаға сырттай сызылған конусқа сырттай сызылған сфераның радиусын табуға арналған формуланы пайдалануға болады.

Мысал. $SABCD$ пирамидасының табаны — қабырғалары 1 см және 2 см болатын $ABCD$ тіктөртбұрышы. Пирамиданың биіктігі 2 см-ге тең және оның табаны $ABCD$ тіктөртбұрышының диагональдарының қиылысу нүктесі болады. Осы пирамидаға сырттай сфера сызуға болатынын дәлелдеңдер және оның радиусын табыңдар.



20.3-сурет

Шешуі. $ABCD$ тіктөртбұрышына сырттай шеңбер сызуға болады және оның центрі — тіктөртбұрыштың диагональдарының қиылысу O нүктесі, ал радиусы $\frac{\sqrt{5}}{2}$ см-ге тең. SAC үшбұрышын оның табанына түсірілген биіктігі жатқан түзуден айналдырғанда пайда болған конус $SABCD$ пирамидасына сырттай сызылады. Осы конусқа сырттай сызылған сфера берілген пирамидаға сырттай сызылған болады (20.3-сурет).

Конустың осьтік қимасы болатын SAC үшбұрышында $AC = \sqrt{5}$, $SO = 2$, $SA = SC = \frac{\sqrt{21}}{2}$ см және ауданы $\sqrt{5}$ см^2-ге тең болады. Табылған мәндерді конусқа сырттай сызылған сфераның R радиусы үшін $R = \frac{abc}{4S}$ формуласына қойып, табамыз: $R = 1\frac{5}{16}$. Сонымен, берілген пирамидаға сырттай сызылған сфераның радиусы $1\frac{5}{16}$ см-ге тең болады.

Пирамидаға сырттай сызылған сфераның R радиусын оның h биіктігі мен пирамиданың табанына сырттай сызылған шеңбердің r радиусы арқылы өрнектеңдер.

Сұрақтар

1. Қандай пирамидаға сырттай сфера сызуға болады?
2. Қандай үшбұрышты пирамидаға сырттай сфера сызуға болады?
3. Дұрыс пирамидаға сырттай сфера сызуға бола ма?
4. Пирамидаға сырттай сызылған сфера мен конустың радиустары өзара қалай байланысады?

Есептер

A

20.1. Берілген екі нүктеден бірдей қашықтықта жатқан кеңістіктегі нүктелердің геометриялық орнын көрсетіңдер.

20.2. 20.2, 20.3-суреттерге ұқсас сфераға іштей сызылған: 1) үшбұрышты; 2) төртбұрышты; 3) алтыбұрышты пирамиданы салыңдар.

20.3. Дұрыс пирамиданың биіктігі 1 см-ге, ал бүйір қырлары 2 см-ге тең. Осы пирамидаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

20.4. Дұрыс пирамиданың бүйір қырлары 2 см-ге, ал табанына сырттай сызылған шеңбердің радиусы 1 см-ге тең. Осы пирамидаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

20.5. Дұрыс пирамиданың биіктігі 2 см-ге, ал табанына сырттай сызылған шеңбердің радиусы 1 см-ге тең. Осы пирамидаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

B

20.6. Дұрыс тетраэдрдің қырлары 1 см-ге тең. Осы тетраэдрге сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

20.7. Бірлік сфераға іштей сызылған дұрыс тетраэдрдің қырын табыңдар.

20.8. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1 см-ге тең. Осы пирамидаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

20.9. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың биіктігі 1 см-ге, ал табанының қабырғалары 2 см-ге тең. Осы пирамидаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

20.10. Дұрыс алтыбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 2 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы пирамидаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

20.11. Дұрыс алтыбұрышты пирамиданың биіктігі және табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы пирамидаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

20.12. Дұрыс пирамиданың бүйір қырлары 1 см-ге тең және ол табан жазықтығымен: 1) 30°;2) 45°; 3) 60° бұрыш жасайды. Осы пирамидаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

20.13. Сырттай сфера сызуға болмайтын пирамидаға мысал келтіріңдер.

C

20.14. Пирамидаға сырттай сызылған сфераның центрі: 1) пирамиданың ішінде; 2) пирамиданың табанында; 3) пирамидадан тыс жата ма? Сфераға іштей сызылған пирамидаларды салыңдар.

20.15. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың биіктігі $\sqrt{3}$ см-ге, ал табанының қабырғалары 3 см-ге тең. Осы пирамидаға сырттай сызылған сфераның центрінің орналасуын көрсетіңдер және оның радиусын табыңдар.

20.16. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 1 см-ге, ал төбесіндегі жазық бұрыштары 90°-қа тең. Осы пирамидаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

20.17. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1 см-ге тең. Осы пирамидаға сырттай сызылған сфераның центрінің орналасуын көрсетіңдер.

20.18. Дұрыс алтыбұрышты пирамиданың биіктігі және табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы пирамидаға сырттай сызылған сфераның центрінің орналасуын көрсетіңдер.

20.19. $SABCD$ пирамидасының табаны — қабырғалары 1 см және 2 см болатын тіктөртбұрыш. SD қыры 2 см-ге тең және ол пирамиданың биіктігі болып табылады. Осы пирамидаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

20.20. $SABCDEF$ пирамидасының табаны — қабырғалары 2 см-ге тең дұрыс алтыбұрыш. SA қыры 3 см-ге тең және ол пирамиданың биіктігі болып табылады. Осы пирамидаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

20.21. Октаэдрдің қырлары 1 см-ге тең (20.4-сурет). Октаэдрге сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.



20.4-сурет 20.5-сурет 20.6-сурет

20.22. Икосаэдрдің қырлары 1 см-ге тең (20.5-сурет). Икосаэдрге сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

20.23. Додекаэдрдің қырлары 1 см-ге тең (20.6-сурет). Додекаэдрге сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар.

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

20.24. Призмаға іштей сызылған цилиндрдің және цилиндрге іштей сызылған сфераның анықтамаларын қайталаңдар.

§ 21. Сфераға сырттай сызылған көпжақтар. Призма

Көпбұрыштар мен шеңберлерге қатысты ұғымдарды еске түсірейік.

Егер көпбұрыштың барлық қабырғалары шеңбермен жанасатын болса, онда *көпбұрыш шеңберге сырттай сызылған* немесе *шеңбер көпбұрышқа іштей сызылған* деп аталады.

Планиметрия курсында кез келген үшбұрышқа іштей шеңбер сызуға болатыны дәлелденген. Үшбұрышқа іштей сызылған шеңбердің центрін табу үшін оның бұрыштарының биссектрисаларын жүргізу керек.

Олардың қиылысу O нүктесі үшбұрыштың барлық қабырғаларынан бірдей қашықтықта жатады. Демек, O нүктесі іштей сызылған шеңбердің центрі болады (21.1-сурет).



21.1-сурет



21.2-сурет

Енді кеңістіктік фигураларға көшейік.

Егер көпжақтың барлық жақтары сферамен жанасатын болса, онда *көпжақ сфераға сырттай сызылған* немесе *сфера көпжаққа іштей сызылған* деп аталады.

Алдымен, қандай сфералар екіжақты бұрыштың жақтарымен жанасатынын анықтайық.

c ортақ түзуімен шектелген α және β жарты жазықтықтарымен жасалған екіжақты бұрыш берілсін. c түзуі арқылы осы екіжақты бұрышты қақ бөлетіндей γ жарты жазықтығын жүргіземіз (21.2-сурет). Мұндай жарты жазықтық екіжақты бұрыштың *биссекторлық жарты жазықтығы* деп аталады.

c түзуінде жатпайтын γ жарты жазықтығындағы нүктелер α және β жарты жазықтықтарынан бірдей қашықтықта болады.

Егер осы қашықтықты сфераның r радиусы деп алсақ, онда центрі биссекторлық жарты жазықтықта жататын және радиусы r болатын сфера α және β жазықтықтарымен жанасатын болады.

c түзуінсіз биссекторлық жарты жазықтықтың өзі екіжақты бұрыштың ішінде жатқан және α, β жазықтықтарымен жанасатын сфералардың центрлерінің геометриялық орнын береді.

Қандай жағдайда тік призмаға іштей сфера сызуға болатынын анықтайық.

Теорема. ***Егер тік призманың табанына іштей шеңбер сызуға болса және призманың биіктігі осы шеңбердің диаметріне тең болса, онда осы призмаға іштей сфера сызуға болады.***

Дәлелдеуі. Тік призмаға іштей центрі O нүктесінде және радиусы r болатын сфера сызылған болсын (21.3-сурет).

Сонда призманың биіктігі $2r$-ге тең болады. O нүктесі арқылы призманың табандарына параллель қима жүргіземіз. Призманың қимасы сфераның жазықтықпен қимасы болатын шеңберге сырттай сызылған табанындағы көпбұрышқа тең көпбұрыш болады. Сонымен, призманың табанына іштей шеңбер сызуға болады.

Керісінше, тік призманың табандарына іштей радиусы r болатын шеңберлер сызылған және призманың биіктігі $2r$-ге тең болсын деп ұйғарайық. O нүктесі — табандарына іштей сызылған шеңберлердің центрлерін қосатын кесіндінің ортасы болсын. Сонда центрі O нүктесі және радиусы r болатын сфера осы призмаға іштей сызылған ізделінді сфера болады.



21.3-сурет


21.4-сурет

21.4-суретте дұрыс үшбұрышты призмаға іштей сызылған сфера кескінделген.

Салдар. Егер тікбұрышты параллелепипед куб болса, онда оған іштей сфера сызуға болады.

Кубқа іштей сызылған сфераның центрі осы кубтың диагональдарының қиылысу нүктесі болып табылады. Егер кубтың қыры a-ға тең болса, онда оған іштей сызылған сфераның радиусы $\frac{a}{2}$-ге тең болады.

21.5-суретте кубқа іштей сызылған сфера кескінделген.



21.5-сурет



21.6-сурет

Егер призмаға іштей сфера сызуға болса, онда осы призмаға іштей цилиндр сызуға болатынын дәлелдеңдер (21.6-сурет).

Призмаға іштей сызылған сфера осы призмаға іштей сызылған цилиндрге де іштей сызылған болады.

Сұрақтар

1. Қандай көпжақ сфераға сырттай сызылған деп аталады?
2. Қандай сфера көпжаққа іштей сызылған деп аталады?
3. Қандай тік призмаға іштей сфера сызуға болады?
4. Қандай тікбұрышты параллелепипедке іштей сфера сызуға болады?
5. Кубқа іштей сызылған сфераның центрі қайда орналасады?
6. Қыры a-ға тең кубқа іштей сызылған сфераның радиусы неге тең?

Есептер

А

21.1. Кубтың қыры 1 см-ге тең. Осы кубқа іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

21.2. Сфераның радиусы 1 см-ге тең. Осы сфераға сырттай сызылған кубтың қырын табыңдар.

21.3. Дұрыс призманың биіктігі 1 см-ге тең. Осы призмаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

21.4. Дұрыс үшбұрышты призманың табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы призмаға іштей сфера сызылған. Призманың биіктігін табыңдар.

21.5. Егер призмаға іштей цилиндр сызуға болса, онда оған іштей сфера сызуға болатыны ақиқат па?

21.6. Іштей сфера сызуға болмайтын дұрыс призмаға мысал келтіріңдер.

В

21.7. Дұрыс үшбұрышты призманың табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы призмаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

21.8. Дұрыс үшбұрышты призмаға іштей сфера сызылған. Сфераның радиусы 1 см-ге тең. Осы призманың табанының қабырғаларын табыңдар.

21.9. Дұрыс төртбұрышты призманың табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы призмаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

21.10. Дұрыс төртбұрышты призмаға іштей сфера сызылған. Сфераның радиусы 1 см-ге тең. Осы призманың табанының қабырғаларын табыңдар.

21.11. Дұрыс алтыбұрышты призманың табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы призмаға іштей сфера сызылған (21.6-сурет). Призманың биіктігін табыңдар.

21.12. Дұрыс алтыбұрышты призмаға іштей сфера сызылған. Сфераның радиусы 1 см-ге тең. Осы призманың табанының қабырғаларын табыңдар.

C

21.13. Қиылысқан екі жазықтықтан бірдей қашықтықта жатқан нүктелердің геометриялық орнын табыңдар.

21.14. Үшбұрышты тік призманың табаны — катеттері 3 см және 4 см болатын тікбұрышты үшбұрыш. Осы призмаға іштей сфера сызылған. Призманың биіктігін табыңдар.

21.15. Төртбұрышты тік призманың табаны — қабырғалары 1 см-ге және сүйір бұрышы 60°-қа тең ромб. Осы призмаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

21.16. Пирамидаға іштей сызылған конустың және конусқа іштей сызылған сфераның анықтамаларын қайталаңдар.

§ 22. Сфераға сырттай сызылған көпжақтар. Пирамида

Теорема. ***Кез келген үшбұрышты пирамидаға іштей сфера сызуға болады.***

Дәлелдеуі. Үшбұрышты пирамидаға іштей сызылған сфераның центрі — оның барлық жақтарынан бірдей қашықтықта жатқан нүкте болып табылады. Бұл нүктені табу үшін пирамиданың бүйір жақтары мен табанының арасындағы екіжақты бұрыштардың үш биссекторлық жарты жазықтықтарын қарастырамыз. Олар пирамиданың бүйір жақтары мен табанынан бірдей қашықтықта жатқан нүктеде қиылысады, яғни ол нүкте іштей сызылған сфераның ізделінді центрі болады (22.1-сурет). ◪



22.1-сурет

Теорема. ***Егер пирамиданың табанына іштей шеңбер сызуға болса және осы шеңбердің центрі пирамиданың биіктігінің табаны болса, онда осы пирамидаға іштей сфера сызуға болады.***

Дәлелдеуі. Егер пирамиданың табанына іштей шеңбер сызуға болса және осы шеңбердің центрі пирамиданың биіктігінің табаны болса, онда осы пирамидаға іштей конус сызуға болады (22.2-сурет). Бұл конусқа іштей сызылған сфера пирамидаға іштей сызылған ізделінді сфера болады. ◻



22.2-сурет



22.3-сурет

Салдар. Кез келген дұрыс пирамидаға іштей сфера сызуға болады.

Расында да, кез келген дұрыс пирамидаға іштей конус сызуға болады. Демек, оған іштей сфера сызуға болады.

Пирамидаға іштей сызылған сфераның радиусын табу үшін осы пирамидаға іштей сызылған конусқа іштей сызылған сфераның радиусын табуға арналған формуланы пайдалануға болады.

Мысал. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың биіктігі мен табанының қабырғалары 2 см-ге тең. Осы пирамидаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

Шешуі. Пирамиданың табанына іштей сызылған шеңбердің радиусы 1 см-ге тең. Бүйір жақтарының SE, SF, SG, SH биіктіктері $\sqrt{5}$ см-ге тең. SEG үшбұрышын оның табанына түсірілген SO биіктігі жатқан түзуден айналдырғанда пайда болған конус $SABCD$ пирамидасына іштей сызылады. SEG үшбұрышы осы конустың осьтік қимасы болады. SEG үшбұрышында $EG = 2$ см, $SE = SG = \sqrt{5}$ см және ауданы 2 см^2-ге тең болады. Табылған мәндерді конусқа іштей сызылған сфераның r радиусы үшін $r = \frac{2S}{a+b+c}$ формуласына қойып, табамыз: $r = \frac{\sqrt{5}-1}{2}$. Сонымен, берілген пирамидаға іштей сызылған сфераның радиусы $\frac{\sqrt{5}-1}{2}$ см-ге тең болады (22.3-сурет).

Сұрақтар

1. Қандай үшбұрышты пирамидаға іштей сфера сызуға болады?
2. Қандай дұрыс пирамидаға іштей сфера сызуға болады?
3. Үшбұрышты пирамидаға іштей сызылған сфераның центрі не болады?
4. Дұрыс пирамидаға іштей сызылған сфераның центрі не болады?

Есептер

B

22.1. Дұрыс пирамиданың биіктігі 2 см-ге және оның табанына іштей сызылған шеңбердің радиусы 1 см-ге тең. Осы пирамидаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

22.2. Дұрыс пирамиданың бүйір жағының биіктігі 2 см-ге және оның табанына іштей сызылған шеңбердің радиусы 1 см-ге тең. Осы пирамидаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

22.3. Дұрыс пирамиданың биіктігі 1 см-ге, ал бүйір жағының биіктігі 2 см-ге тең. Осы пирамидаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

22.4. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың биіктігі h-қа, ал табанының қабырғалары a-ға тең. Осы пирамидаға іштей сызылған сфераның радиусын табу формуласын жазыңдар.

22.5. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың биіктігі мен табанының қабырғалары 3 см-ге тең. Осы пирамидаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

22.6. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары 2 см-ге тең, ал бүйір жақтары табан жазықтығымен: 1) 30°; 2) 45°; 3) 60° бұрыш жасайды. Осы пирамидаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

C

22.7. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың биіктігі h-қа, ал табанының қабырғалары a-ға тең. Осы пирамидаға іштей сызылған сфераның радиусын табу формуласын жазыңдар.

22.8. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың биіктігі 1 см-ге, ал табанының қабырғалары 2 см-ге тең. Осы пирамидаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

22.9. Дұрыс тетраэдрдің қыры 1 см-ге тең. Тетраэдрге іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

22.10. Дұрыс алтыбұрышты пирамиданың биіктігі h-қа, ал табанының қабырғалары a-ға тең. Осы пирамидаға іштей сызылған сфераның радиусын табу формуласын жазыңдар.

22.11. Дұрыс алтыбұрышты пирамиданың биіктігі 2 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы пирамидаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

22.12. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 1 см-ге, ал төбесіндегі жазық бұрыштары 90°-қа тең. Осы пирамидаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

22.13. Төртбұрышты пирамиданың табаны — қабырғалары 1 см-ге және сүйір бұрышы 60°-қа тең болатын ромб. Пирамиданың биіктігі 1 см-ге тең және оның табаны ромбының диагональдарының қиылысу нүктесі болып табылады. Осы пирамидаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

22.14. Іштей сфера сызуға болмайтын пирамидаға мысал келтіріңдер.

22.15. Октаэдрдің қырлары 1 см-ге тең. Октаэдрге іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар.

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

22.16. Жазықтықтағы фигуралардың аудандары мен қасиеттерін қайталаңдар.

ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

1. Цилиндрдің табанының радиусы 1 см-ге тең. Осы цилиндрге іштей сызылған дұрыс үшбұрышты призманың табанының қабырғасын табыңдар:

A) 1 см; B) $\sqrt{2}$ см; C) $\sqrt{3}$ см; D) $2\sqrt{3}$ см.

2. Цилиндрдің табанының радиусы 1 см-ге тең. Осы цилиндрге сырттай сызылған дұрыс үшбұрышты призманың табанының қабырғасын табыңдар:

A) 1 см; B) $\sqrt{2}$ см; C) $\sqrt{3}$ см; D) $2\sqrt{3}$ см.

3. Цилиндрдің табанының радиусы 1 см-ге тең. Осы цилиндрге іштей сызылған дұрыс алтыбұрышты призманың табанының қабырғасын табыңдар:

A) 1 см; B) $\sqrt{2}$ см; C) $\sqrt{3}$ см; D) $2\sqrt{3}$ см.

4. Цилиндрдің табанының радиусы 3 см-ге тең. Осы цилиндрге сырттай сызылған дұрыс алтыбұрышты призманың табанының қабырғасын табыңдар:

A) 1 см; B) $\sqrt{2}$ см; C) $\sqrt{3}$ см; D) $2\sqrt{3}$ см.

5. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 2 см-ге тең. Осы пирамидаға сырттай сызылған конустың биіктігін табыңдар:

A) 1 см; B) $\sqrt{2}$ см; C) $\sqrt{3}$ см; D) $2\sqrt{3}$ см.

6. Дұрыс алтыбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 2 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы пирамидаға іштей сызылған конустың биіктігін табыңдар:

A) 1 см; B) $\sqrt{2}$ см; C) $\sqrt{3}$ см; D) $2\sqrt{3}$ см.

7. Кубтың қыры 2 см-ге тең. Осы кубқа сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар:

A) 1 см; B) $\sqrt{2}$ см; C) $\sqrt{3}$ см; D) $2\sqrt{3}$ см.

8. Дұрыс төртбұрышты призманың бүйір қырлары 2 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы призмаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар:

A) 1 см; B) $\frac{\sqrt{3}}{2}$ см; C) $\sqrt{3}$ см; D) $\frac{\sqrt{6}}{2}$ см.

9. Дұрыс алтыбұрышты призманың бүйір қырлары 6 см-ге, ал табанының қабырғалары 4 см-ге тең. Осы призмаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар:

A) 4 см; B) 5 см; C) 6 см; D) 8 см.

10. Тікбұрышты параллелепипедтің қырлары 1 см, 2 см, 3 см-ге тең. Осы параллелепипедке сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар:

A) $\frac{\sqrt{5}}{2}$ см; B) $\frac{\sqrt{7}}{2}$ см; C) $\frac{\sqrt{11}}{2}$ см; D) $\frac{\sqrt{14}}{2}$ см.

11. Тік үшбұрышты призманың табаны — қабырғалары 3 см, 4 см, 5 см болатын үшбұрыш. Осы призмаға сырттай сызылған сфера центрінің қайда орналасатынын табыңдар:

A) призманың ішінде жатады;
B) призманың жағында жатады;
C) призманың қырында жатады;
D) призмадан тыс жатады.

12. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың биіктігі 1 см-ге, ал бүйір қырлары 2 см-ге тең. Осы пирамидаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар:

A) 1 см; B) 2 см; C) 3 см; D) 4 см.

13. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың биіктігі 1 см-ге, ал бүйір қырлары 2 см-ге тең. Осы пирамидаға сырттай сызылған сфераның радиусын табыңдар:

A) 1 см; B) 2 см; C) 3 см; D) 4 см.

14. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың барлық қырлары 3 см-ге тең. Осы пирамидаға сырттай сызылған сфераның центрінің қайда орналасатынын табыңдар:

A) пирамиданың ішінде жатады;
B) пирамиданың бүйір жағында жатады;

C) пирамиданың табанында жатады;
D) пирамидадан тыс жатады.

15. Кубтың қыры 2 см-ге тең. Осы кубқа іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар:

A) 1 см; B) $\sqrt{2}$ см; C) $\sqrt{3}$ см; D) $2\sqrt{3}$ см.

16. Сфераның радиусы 2 см-ге тең. Осы сфераға сырттай сызылған кубтың қырын табыңдар:

A) 1 см; B) 2 см; C) 3 см; D) 4 см.

17. Сфераның радиусы 1 см-ге тең. Осы сфераға сырттай сызылған призманың биіктігін табыңдар:

A) 1 см; B) 2 см; C) 3 см; D) 4 см.

18. Дұрыс үшбұрышты призманың табанының қабырғалары 6 см-ге тең. Осы призмаға іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар:

A) $\sqrt{2}$ см; B) $2\sqrt{2}$ см; C) $\sqrt{3}$ см; D) $2\sqrt{3}$ см.

19. Дұрыс алтыбұрышты призмаға іштей радиусы 3 см-ге тең сфера сызылған. Осы призманың табанының қабырғасын табыңдар:

A) $2\sqrt{2}$ см; B) $2\sqrt{3}$ см; C) $3\sqrt{2}$ см; D) $3\sqrt{3}$ см.

20. Дұрыс тетраэдрдің қырлары 4 см-ге тең. Осы тетраэдрге іштей сызылған сфераның радиусын табыңдар:

A) $\frac{\sqrt{6}}{2}$ см; B) $\frac{\sqrt{6}}{3}$ см; C) $\frac{\sqrt{6}}{4}$ см; D) $\frac{\sqrt{6}}{6}$ см.

V тарау

ДЕНЕЛЕРДІҢ КӨЛЕМДЕРІ

§ 23. Денелер көлемдерінің жалпы қасиеттері

Көлем — геометриялық фигуралардың кеңістіктегі бөлігін сипаттайтын шама. Көлем геометриялық денелерге байланысты негізгі шамалардың бірі болып табылады.

Көлемнің өлшем бірлігі ретінде қырының ұзындығы 1-ге тең куб алынады. Ол *бірлік куб* деп аталады.

Мысалы, егер ұзындықтың өлшем бірлігі 1 мм, 1 см немесе 1 м болса, онда көлемнің өлшем бірлігі ретінде қырының ұзындығы сәйкесінше 1 мм, 1 см немесе 1 м-ге тең куб алынады. Мұндай куб сәйкесінше *кубтық миллиметр*, *кубтық сантиметр* немесе *кубтық метр* деп аталады.

Қарапайым жағдайда фигураның көлемі осы фигура ішіне сиятын бірлік кубтардың және оның бөліктерінің санымен өлшенеді. Бұл сан натурал, рационал немесе иррационал болуы мүмкін. Фигураның көлемі ө лшем бірлігіне байланысты болғандықтан, түсінікті болу үшін іс жүзінде осы саннан кейін көлемнің өлшем бірлігі көрсетіледі. Мысалы, V мм^3, V см^3, V м^3.

Кеңістіктегі фигураның көлемі үшін мынадай қасиеттер орынды болады:

1) кеңістіктегі фигураның көлемі оң сан;

2) бірдей фигуралардың көлемдері тең;

3) егер Φ фигурасы Φ_1 және Φ_2 фигураларынан құралса, онда Φ фигурасының көлемі Φ_1 және Φ_2 фигураларының көлемдерінің қосындысына тең болады, яғни

$$V(\Phi) = V(\Phi_1) + V(\Phi_2).$$

4. Бір төбесінен шығатын қырлары a, b, c болатын *тікбұрышты параллелепипедтің V көлемі* мынадай формуламен есептеледі:

$$V(\Phi) = a \cdot b \cdot c.$$

Кейде *тікбұрышты параллелепипедтің көлемі* оның сызықтық өлшемдерінің көбейтіндісіне тең немесе оның табанының ауданы мен биіктігінің көбейтіндісіне тең дейді. Соңғы тұжырым кез келген параллелепипед үшін де дұрыс.

Дербес жағдайда қыры a-ға тең кубтың V көлемі мынадай формуламен есептеледі:

$$V = a^3.$$

? Қалай ойлайсыңдар, фигураның көлемі нөлге тең бола ма?

Көлемдері тең екі фигура *тең шамалас фигуралар* деп аталады.

Нүктелерінің арақашықтығы бірдей оң санға көбейтілетін жазықтықты түрлендіру *ұқсастық* деп аталатынын еске саламыз. Яғни ұқсастық түрлендіру кезінде кез келген A, B нүктелері сәйкесінше A', B' нүктелеріне көшсе, $A'B' = k \cdot AB$ болады, мұндағы k — *ұқсастық коэффициент* деп аталатын оң сан.

Егер кеңістіктегі екі фигураның біреуін екіншісіне көшіретін ұқсастық түрлендіру бар болса, онда осы екі фигура *ұқсас* деп аталады.

Ұқсас фигураларға мысалдар:

1) екі кубтың ұқсастық коэффициенті осы кубтардың қырлары ұзындықтарының қатынасына тең болады;

2) екі тікбұрышты параллелепипедтердің a', b', c' пен a, b, c қырлары үшін мынадай теңдіктер орындалады:

$$a' = ka,\ b' = kb,\ c' = kc,$$

мұндағы k — қандай да бір тұрақты сан;

3) екі шардың ұқсастық коэффициенті осы шарлардың радиустарының қатынасына тең болады.

Екі ұқсас көпжақ беттерінің аудандарының қатынасы ұқсастық коэффициентінің квадратына тең болатынын дәлелдеңдер.

Екі ұқсас шар беттерінің аудандарының қатынасы ұқсастық коэффициентінің квадратына тең болатынын тексеріңдер.

Екі тікбұрышты параллелепипед көлемдерінің қатынасы ұқсастық коэффициентінің кубына тең болатынын тексеріңдер.

Екі ұқсас фигура көлемдерінің қатынасы ұқсастық коэффициентінің кубына тең болатынын дәлелдеусіз береміз, яғни егер k ұқсастық коэффициенті бойынша Φ_2 фигурасы Φ_1 фигурасына ұқсас болса, онда осы фигуралардың көлемдері үшін мынадай формула орынды болады:

$$V(\Phi_2) = k^3 V(\Phi_1).$$

Сұрақтар

1. Көлем қандай шаманы сипаттайды?
2. Көлемнің өлшем бірлігі ретінде не алынады?
3. Көлемнің қасиеттерін айтыңдар.
4. Кеңістіктегі қандай фигуралар теңшамалы деп аталады?
5. Кеңістіктегі қандай түрлендіру ұқсастық деп аталады?
6. Кеңістіктегі қандай фигуралар ұқсас деп аталады?
7. Ұқсас фигуралардың көлемдері өзара қалай байланысқан?
8. Кеңістіктегі ұқсас фигураларға мысалдар келтіріңдер.

Есептер

A



23.1-сурет

23.1. Кубтың көлемі 27 см^3-ге тең. Оның бетінің ауданын табыңдар.

23.2. Кубтың бетінің ауданы 24 см^2-ге тең. Оның көлемін табыңдар.

23.3. Кубтың диагоналі $\sqrt{12}$ см-ге тең. Оның көлемін табыңдар.

23.4. 23.1-суреттегі кеңістіктік фигураны құрайтын кубтардың қырлары 1 см-ге тең. Осы фигураның көлемін табыңдар.

23.5. Егер кубтың барлық қырларын 3 есе арттырсақ, онда оның көлемі неше есе артады?

23.6. Егер тікбұрышты параллелепипедтің барлық қырларын 2 есе қысқартсақ, онда оның көлемі неше есе кемиді?

23.7. Егер тікбұрышты параллелепипедтің: 1) бір сызықтық өлшемін 2 есе арттырса; 2) екі сызықтық өлшемін 3 есе қысқартса, онда оның көлемі қалай өзгереді?

23.8. Құрылыс кірпішінің салмағы 4 кг. Барлық сызықтық өлшемдері осы кірпіштің өлшемдерінен төрт есе кіші болатын ойыншық кірпіштің салмағы қанша грамм болады?

B

23.9. Мектептегі сынып бөлмесінің биіктігі 3,5 м-ге тең. Егер әрбір оқушыға 7,5 м^3 ауа қажет болса, онда 28 оқушыға арналған сынып бөлмесінің ауданы қандай болуы керек?

23.10. 23.2-суреттегі тікбұрышты параллелепипедтерден тұратын фигураның көлемін табыңдар.



23.2-сурет

23.11. 23.3-суреттегі тікбұрышты параллелепипедтерден тұратын фигураның көлемін табыңдар.



23.3-сурет

23.12. 23.4-суреттегі тікбұрышты параллелепипедтерден тұратын фигураның көлемін табыңдар.



23.4-сурет

23.13. 23.5-суреттегі тікбұрышты параллелепипедтерден тұратын фигураның көлемін табыңдар.



23.5-сурет

23.14. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедтің бір төбесінен шығатын қырлары 5 см, 4 см, 3 см-ге тең. $ABCA_1B_1C_1$ үшбұрышты призманың көлемін табыңдар (23.6-сурет).



23.6-сурет



23.7-сурет

23.15. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тікбұрышты параллелепипедтің бір төбесінен шығатын қырлары 5 см, 4 см, 3 см-ге тең. $ABOA_1B_1O_1$ үшбұрышты призманың көлемін табыңдар (23.7-сурет).

23.16. Балықты өсіруге арналған аквариумның табаны — қабырғалары 40 см және 50 см болатын тіктөртбұрыш. Аквариумдегі судың тереңдігі 80 см-ді құрайды. Бұл су екінші аквариумге құйылып алынды. Екінші аквариумның түбі — қабырғалары 80 см және 100 см-ге тең тіктөртбұрыш. Мұндағы судың тереңдігі қандай болады?

23.17. Бірінің төбесі екіншісінің центрінде орналасқан екі бірлік кубтардың ортақ (қиылысқан) бөлігінің көлемін табыңдар (23.8-сурет).


23.8-сурет


23.9-сурет

23.18. Бірінің екі төбесі екіншісінің қарама-қарсы жағының центрлерінде орналасқан екі бірлік кубтардан құрылған фигураның көлемін табыңдар (23.9-сурет).

23.19. Құрылыс кірпішінің өлшемі 25 см × 12 см × 6 см. Цемент ерітіндісі көлемді 15%-ға арттыратын болса, 10000 кірпіштен қаланған қабырғаның көлемін табыңдар.

23.20. Қырлары 1 см, 6 см және 8 см болатын үш қорғасын кубты балқытып бір куб жасалды. Алынған кубтың қырының ұзындығын табыңдар.

C

23.21. Егер кубтың әрбір қырын 2 см-ге арттырса, онда оның көлемі 98 см^3-ге артады. Кубтың қырын табыңдар.

23.22. Қыры 6 см-ге тең болатын кубтың әрбір жағынан өтпелі квадратты тесіктер жасалды (23.10-сурет). Квадраттың қабырғасы 2 см-ге тең. Кубтың қалған бөлігінің көлемін табыңдар.

23.23. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың табаны — бірлік кубтың бір жағы, ал төбесі осы кубтың центрі болып табылады (23.11-сурет). Пирамиданың көлемін табыңдар.



23.10-сурет



23.11-сурет



23.12-сурет

23.24. Төртбұрышты пирамиданың табаны — бірлік кубтың бір жағы, ал төбесі — осы жағында жатпайтын кубтың төбесі болып табылады (23.12-сурет). Пирамиданың көлемін табыңдар.

23.25. Цилиндрдің биіктігі мен табанының радиусы 1 см-ге тең. Осы цилиндрге сырттай сызылған тікбұрышты параллелепипедтің көлемін табыңдар (23.13-сурет).

23.26. Сфераның радиусы 1 см-ге тең. Осы сфераға іштей сызылған кубтың көлемін табыңдар (23.14-сурет).



23.13-сурет



23.14-сурет



23.15-сурет

23.27. Кубтың центрі арқылы өтетін жазықтық оны теңшамалы екі бөлікке бөлетінін дәлелдеңдер.

23.28. Параллелепипед пішіндес ыдыс берілген (23.15-сурет). Ыдыстың көлемінің тең жартысы сумен толтырылған. Суретін салып көрсетіңдер және түсіндіріңдер. Егер ыдыстың ұзындығы 4 м, ені биіктігінен 0,5 м-ге артық, ал биіктігі ұзындығының 37,5%-ын құрайтын болса, құйылған судың көлемін табыңдар.

23.29. Аквариумның ұзындығы — 80 см, ені — 45 см, ал биіктігі — 55 см. Су деңгейі аквариумның жоғарғы жиегінен 10 см төмен болуы үшін осы аквариумға неше литр су құю керек болады?

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

23.30. Призманың, іштей сызылған және сырттай сызылған призмалардың анықтамаларын қайталаңдар.

§ 24. Призма көлемі

Итальяндық математик Бонавентура Кавальери (1598—1647 жж.) ұсынған кеңістіктік фигуралардың көлемін есептеу әдісін қарастырайық.

Кавальери принципі. ***Егер кеңістіктегі Φ_1 және Φ_2 фигураларының бір жазықтыққа параллель жазықтықтармен қималарында аудандары бірдей F_1 және F_2 фигуралары пайда болса, онда берілген кеңістіктік фигуралардың көлемдері тең болады*** (24.1-сурет).

Кавальери принципін негіздеу үшін Φ_1 және Φ_2 фигураларын қалыңдығы бірдей жұқа қабаттардан құрастырылған деп аламыз. Олар Φ_1 және Φ_2 фигураларының қандай да бір жазықтыққа параллель



24.1-сурет

жазықтықтармен қиылысуы кезінде пайда болады (24.1-сурет). Осы қабаттардың қалыңдығы мен аудандарының теңдігінен олардың көлемдерінің теңдігі шығады. Демек, осы қабаттардан құрылған $Ф_1$ және $Ф_2$ фигураларының көлемдері де тең болады.

Кавальери принципін қолданып, кез келген призманың көлемін табу формуласын қорытуға болады.

Теорема. ***Призманың көлемі оның табанының ауданы мен биіктігінің көбейтіндісіне тең болады:***

$$V = S \cdot h,$$

мұндағы S — призманың табанының ауданы, h — призманың биіктігі.

Дәлелдеуі. Табанының ауданы S және биіктігі h болатын призма үшін тікбұрышты параллелепипедті қарастырамыз. Оның бір төбесінен шығатын қырлары a, b, h-қа тең және $a \cdot b = S$ болсын. Призма мен параллелепипедті оның a, b қабырғалары жатқан жағы призма табанының β жазықтығында жататындай және өздері осы жазықтықтың бір жақ бөлігінде болатындай орналастырамыз (24.2-сурет).



24.2-сурет

Параллелепипедтің β жазықтығына параллель α жазықтығымен қимасында β жазықтығындағы қабырғалары a, b болатын тіктөртбұрышқа тең тіктөртбұрыш пайда болады. Призманың осы α жазықтығымен қимасында призманың табанына тең көпбұрыш алынады. Бұл қималардың аудандары тең. Демек, Кавальери принципі бойынша параллелепипед пен призманың көлемдері тең болады. Осыдан призманың көлемі $V = S \cdot h$ болатыны шығады. ◻

Тік призманың биіктігі оның бүйір қырымен беттеседі, ал көлемі табанының ауданы мен бүйір қырының көбейтіндісіне тең болады.

Биіктігі h және табанының қабырғалары a болатын дұрыс: а) үшбұрышты; ә) алтыбұрышты призманың көлемін табу формуласын қорытып шығарыңдар.

Сұрақтар

1. Кавальери принципі қалай тұжырымдалады?
2. Призманың көлемі қалай есептеледі?

Есептер

A

24.1. Үшбұрышты призманың табаны — катеттері 3 см және 4 см болатын тікбұрышты үшбұрыш. Призманың биіктігі 10 см-ге тең. Оның көлемін табыңдар.

24.2. Дұрыс үшбұрышты призманың биіктігі 5 см-ге, ал табанының қабырғалары 4 см-ге тең. Осы призманың көлемін табыңдар.

24.3. Дұрыс алтыбұрышты призманың бүйір қырлары 3 см-ге, ал табанының қабырғалары 2 см-ге тең. Осы призманың көлемін табыңдар.

24.4. Төртбұрышты призманың табаны — қабырғалары 1 см-ге тең квадрат. Призманың бүйір қырлары 2 см-ге тең және олар табан жазықтығына 60° бұрыш жасап көлбеген. Призманың көлемін табыңдар.

24.5. Параллелепипедтің жағы — қабырғалары 1 см және сүйір бұрышы 60° болатын ромб. Параллелепипедтің бір қыры 1 см-ге тең және осы жағымен 60° бұрыш жасайды. Оның көлемін табыңдар.

B

24.6. Дұрыс үшбұрышты призманың көлемі 4800 см^3-ге, ал табанының қабырғалары 20 см-ге тең. Призманың биіктігін табыңдар.

24.7. Үшбұрышты призманың табанының орта сызығы арқылы оның бүйір қырына параллель жазықтық жүргізілген (24.3-сурет). Бұл жазықтық призманың көлемін қандай қатынаста бөледі?



24.3-сурет



24.4-сурет

24.8. Үшбұрышты призманың көлемі 12 см^3-ге тең. Табанының төбелері берілген призманың табанының қабырғаларының орталары болатын екінші призманың көлемін табыңдар (24.4-сурет).

24.9. Төртбұрышты призманың көлемі 10 см^3-ге тең. Табанының төбелері берілген призманың табанының қабырғаларының орталары болатын екінші призманың көлемін табыңдар (24.5-сурет).



24.5-сурет



24.6-сурет

24.10. Алтыбұрышты призманың көлемі 12 см^3-ге тең. Табанының төбелері берілген призманың табанының қабырғаларының орталары болатын екінші призманың көлемін табыңдар (24.6-сурет).

24.11. Дұрыс n-бұрышты екі призма ұқсас болуы үшін олардың бүйір қырлары мен табанының қабырғаларына қатысты шарттарды тұжырымдаңдар. Осы призмалардың көлемдерінің қатынасын табыңдар.

C

24.12. Тік призманың табаны — ауданы 1 м^2-ге тең болатын ромб. Оның диагональдық қималарының аудандары 3 м^2 және 6 м^2-ге тең (24.7-сурет). Призманың көлемін табыңдар.



24.7-сурет



24.8-сурет

24.13. Параллелепипедтің ортақ төбесі бар үш жағы — қабырғалары 1 см және төбесіндегі сүйір бұрыштары 60°-қа тең ромбтар (24.8-сурет). Параллелепипедтің көлемін табыңдар.

24.14. Параллелепипедтің көршілес екі жағының аудандары S_1 және S_2, ал олардың ортақ қыры a-ға тең және арасындағы екіжақты бұрышы 150°-қа тең (24.8-сурет). Параллелепипедтің көлемін табыңдар.



24.9-сурет

24.15. Кеңістікте үш параллелепипед берілген. Әрбір параллелепипедті екі теңшамалы бөліктерге бөлу үшін қиюшы жазықтықты қалай жүргізуге болады?

24.16. Цилиндрдің биіктігі мен табанының радиусы 1 см-ге тең. Осы цилиндрге іштей сызылған дұрыс үшбұрышты призманың көлемін табыңдар (24.9-сурет).

24.17. Цилиндрдің биіктігі мен табанының радиусы 1 см-ге тең. Осы цилиндрге сырттай сызылған дұрыс үшбұрышты призманың көлемін табыңдар (24.10-сурет).

24.18. Бірлік сфераға сырттай сызылған дұрыс үшбұрышты призманың көлемін табыңдар (24.11-сурет).



24.10-сурет



24.11-сурет

24.19. Бірлік сфераға сырттай сызылған дұрыс алтыбұрышты призманың көлемін табыңдар (24.12-сурет).

24.20. Үшбұрышты көлбеу призманың бір бүйір жағының ауданы Q-ға, ал осы бүйір жағынан оған қарсы жатқан қырына дейінгі қашықтық d-ға тең. Призманың көлемін табыңдар (24.13-сурет).



24.12-сурет

24.21. Көлбеу призманың көлемі оның бүйір қыры мен осы қырына перпендикуляр және барлық қырларымен қиылысатын жазықтықпен қимасының ауданының көбейтіндісіне тең болатынын дәлелдеңдер (24.14-сурет).



24.13-сурет



24.14-сурет

24.22. Үшбұрышты көлбеу призманың бүйір қырлары 6 см-ге және олардың арақашықтықтары 3 см, 4 см және 5 см-ге тең. Призманың көлемін табыңдар.

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

24.23. Айналу денелерінің және цилиндрдің анықтамаларын қайталаңдар.

§ 25. Цилиндр көлемі

Кавальери принципін цилиндрдің көлемін табуда қолданайық.

Теорема. ***Цилиндрдің көлемі оның табанының ауданы мен биіктігінің көбейтіндісіне тең болады:***

$$V = S \cdot h = \pi R^2 \cdot h,$$

мұндағы S — цилиндрдің табанының ауданы, R — табанының радиусы, h — цилиндрдің биіктігі.

Дәлелдеуі. Теореманың дәлелдемесі призманың көлемін табу формуласының дәлелдемесіне ұқсас болады. Табанының радиусы R және биіктігі h болатын цилиндр үшін тікбұрышты параллелепипедті қарастырамыз. Оның бір төбесінен шығатын қырлары a, b, h-қа тең және $a \cdot b = \pi R^2$ болсын.

Цилиндр мен параллелепипедті оның a, b қабырғалары жатқан жағы цилиндр табанының β жазықтығында жататындай және өздері осы жазықтықтың бір жақ бөлігінде болатындай орналастырамыз (25.1-сурет).

Параллелепипедтің β жазықтығына параллель α жазықтығымен қимасында β жазықтығындағы қабырғалары a, b болатын тіктөртбұрышқа тең тіктөртбұрыш пайда болады. Цилиндрдің осы α жазықтығымен қимасында — цилиндрдің табанына тең дөңгелек алынады. Бұл қималардың аудандары тең. Демек, Кавальери принципі бойынша параллелепипед пен цилиндрдің көлемдері тең болады. Осыдан цилиндрдің көлемі $\pi R^2 \cdot h$ болатыны шығады.



25.1-сурет

Сұрақтар

1. Цилиндрдің көлемі қалай есептеледі?

Есептер

А

25.1. Цилиндрдің жасаушысы 3 см-ге, ал табанының радиусы 2 см-ге тең. Цилиндрдің көлемін табыңдар.

25.2. Цилиндрдің осьтік қимасы — қабырғасы a см болатын квадрат. Цилиндрдің көлемін табыңдар.

25.3. Бір кесенің екіншісіне қарағанда 2 есе биіктеу, ал екінші кесенің біріншісіне қарағанда 1,5 есе кеңірек. Қандай кесенің сыйымдылығы жоғары?

25.4. Квадраттың қабырғасы a-ға тең. Квадратты қабырғасы жатқан түзуден айналдырғанда пайда болған фигураның көлемін табыңдар.

25.5. Цилиндрдің осьтік қимасының диагоналі 1 см-ге тең және ол табан жазықтығына 30° бұрыш жасап көлбейді. Цилиндрдің көлемін табыңдар.

25.6. Бірлік кубқа іштей сызылған цилиндрдің көлемін табыңдар.

25.7. Тік призманың табаны — қабырғасы 1 см-ге тең квадрат. Призманың бүйір қыры 2 см-ге тең. Осы призмаға сырттай сызылған цилиндрдің көлемін табыңдар.

B

25.8. Тіктөртбұрышты a және b-ға тең қабырғалары жатқан түзулерден айналдырғанда екі цилиндр пайда болды. Осы цилиндрлердің көлемдерінің қатынасын табыңдар.

25.9. Дұрыс төртбұрышты призмаға сырттай сызылған цилиндрдің көлемі осы призмаға іштей сызылған цилиндрдің көлемінен неше есе артық?

25.10. 25.2-суреттегі цилиндрдің табанының радиусы 2 см-ге, ал жасаушысы 3 см-ге тең. Осы цилиндрден екіжақты тік бұрыш жасап қиылып алынған бөлігінің көлемін табыңдар.



25.2-сурет

25.11. Цилиндрлік ыдыстың табанының диаметрі 9 см-ге тең. Ыдысқа қандайда бір бөлшекті салғанда оның ішіндегі сұйықтың деңгейі 12 см-ге көтерілді. Бөлшектің көлемін табыңдар.

25.12. Цилиндрлік ыдыстағы сұйықтың деңгейі 16 см-ге тең. Егер осы сұйықты диаметрі бұл ыдыстан 2 есе үлкен болатын екінші ыдысқа құйса, онда сұйықтың деңгейі қандай биіктікте болады?

25.13. Цилиндрдің бүйір бетінің жазбасы — қабырғалары 1 см және 2 см болатын тіктөртбұрыш. Цилиндрдің көлемін табыңдар.

25.14. Бірлік сфераға сырттай сызылған цилиндрдің көлемін табыңдар.

25.15. Екі цилиндр ұқсас болуы үшін олардың жасаушылары мен табандарының радиустарына қатысты шарттарды жазыңдар. Осы цилиндрлердің көлемдерінің қатынасын табыңдар.

C

25.16. 25.3-суретте барлық бұрыштары тік болатын көпбұрыш кескінделген. Осы көпбұрышты 2 см-ге тең қабырғасы жататын түзуден айналдырғанда пайда болған фигураның көлемін табыңдар.



25.3-сурет



25.4-сурет

25.17. 25.4-суретте барлық бұрыштары тік болатын көпбұрыш кескінделген. Осы көпбұрышты 3 см-ге тең қабырғасы жататын AB түзуінен айналдырғанда пайда болған фигураның көлемін табыңдар.

25.18. Призманың бүйір қырлары 2 см-ге тең, ал табаны — қабырғасы 1 см болатын теңқабырғалы үшбұрыш. Осы призмаға іштей сызылған цилиндрдің көлемін табыңдар.

25.19. Призманың бүйір қырлары 5 см-ге тең, ал табаны — катеттері 6 см және 8 см болатын тікбұрышты үшбұрыш. Осы призмаға сырттай сызылған цилиндрдің көлемін табыңдар.

25.20. Дұрыс алтыбұрышты призманың бүйір қырлары 2 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы призмаға іштей сызылған цилиндрдің көлемін табыңдар.

25.21. Дұрыс алтыбұрышты призманың бүйір қырлары 2 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы призмаға сырттай сызылған цилиндрдің көлемін табыңдар.

25.22. Цилиндрдің табандарының центрлерін қосатын кесіндінің ортасы арқылы өтетін кез келген жазықтық осы цилиндрді екі теңшамалы бөліктерге бөлетінін дәлелдеңдер.

25.23. Өзен арнасының көлденеңінен кесілген кескіні теңбүйірлі трапеция тәріздес. Оның табандары 10 м және 6 м, ал биіктігі — 2 м (25.5-сурет). Өзен ағысының жылдамдығы 1 м/с болса, осы кескіннен 1 мин-та қандай көлемде су өтетінін табыңдар. Жауабын метр кубпен беріңдер.



25.5-сурет

25.24. Шойын құбырының ұзындығы 2 м, ал сыртқы диаметрі 20 см-ге тең. Құбыр қабырғасының қалыңдығы 2 см (25.6-сурет). Егер шойынның тығыздығы шамамен 7,5 г/см^3 болса, құбырдың салмағын табыңдар. Жауабын килограммен беріңдер ($\pi \approx 3$ деп алыңдар).



25.6-сурет



25.7-сурет

25.25. 25.7-суреттегі 90° бұрыш жасайтын цилиндрлердің екі тең бөлігінен тұратын фигураның көлемін табыңдар ($\pi \approx 3$ деп алыңдар).

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

25.26. Пирамиданың және қиық пирамиданың анықтамаларын қайталаңдар.

§ 26. Пирамида және қиық пирамида көлемдері

Пирамиданың көлемін есептеу туралы алғашқы мәліметтер б.з.д. 3000 жыл бұрын ежелгі вавилондықтар мен мысырлықтардың папирустарынан табылған.

Бір қызығы, олар пирамиданың көлемін табудың жалпы формуласын қорытып шығармады, бірақ нақты пирамидалардың көлемдерін есептеген. Осылайша биіктігі $\frac{1}{2}$-ге, ал табаны өлшем бірлігіне тең дұрыс төртбұрышты пирамиданың көлемін таба білген. Ол үшін олар қыры өлшем бірлігіне тең кубты алып, оны 6 тең дұрыс төртбұрышты пирамидаларға бөледі. Бұл пирамидалардың табандары кубтың жақтары болады және олардың әрқайсысының төбесі кубтың центрінде орналасады (26.1-сурет). Барлық алты пирамида өзара тең болады. Осыдан олардың әрқайсының көлемі кубтың көлемінің $\frac{1}{6}$-не тең болатынын аламыз.



26.1-сурет

Кавальери принципін қолданып, мынадай көмекші теореманы дәлелдейік.

Теорема. ***Егер екі пирамиданың биіктіктері және табандарының аудандары өзара тең болса, онда олардың көлемдері тең болады.***

Дәлелдеуі. Φ_1 және Φ_2 пирамидаларының биіктіктері h-қа тең болсын және аудандары S-ке тең болатын табандары бір β жазықтығында жатсын (26.2-сурет).



26.2-сурет

β жазықтығына параллель және одан x қашықтықта болатын α жазықтығын жүргіземіз ($0 < x < h$). Сонда пирамидалардың осы жазықтықпен қималарында пайда болған F_1 және F_2 фигуралары сәйкесінше табандарына ұқсас болады және екеуінде де k ұқсастық коэффициенті $(h - x) : h$-қа тең болады. Демек, F_1 және F_2 фигураларының S_1 және S_2 аудандары сәйкесінше $S_1 = k^2 \cdot S$, $S_2 = k^2 \cdot S$ формулаларымен өрнектеледі. Ендеше, олар өзара тең болады. Кавальери принципі бойынша пирамидалардың көлемдері тең болатыны шығады.

Енді үшбұрышты пирамиданың көлемі туралы негізгі теореманы дәлелдейік.

Теорема. ***Үшбұрышты пирамиданың көлемі оның табанының ауданы мен биіктігінің көбейтіндісінің үштен біріне тең болады.***

Дәлелдеуі. A_1ABC — үшбұрышты пирамида болсын. Оны $ABCA_1B_1C_1$ үшбұрышты призмасына дейін толықтырып саламыз (26.3-сурет).



26.3-сурет

B, C, A_1 және C, B_1, A_1 нүктелері арқылы өтетін жазықтықтар бұл призманы төбесі A_1 нүктесі болатын A_1ABC, A_1CBB_1 және $A_1CB_1C_1$ пирамидаларына бөледі.

A_1CBB_1 және $A_1CB_1C_1$ пирамидаларының CBB_1 және CB_1C_1 табандары тең болады, өйткені CB_1 диагоналі CBB_1C_1 параллелограмын екі тең үшбұрыштарға бөледі. Сонымен қатар бұл пирамидалардың төбелері ортақ және табандары бір жазықтықта жатыр. Демек, бұл пирамидалардың ортақ биіктігі болады. Осыдан пирамидалардың көлемдері тең болатыны шығады. Енді A_1ABC және $CA_1B_1C_1$ пирамидаларын қарастырайық. Олардың ABC және $A_1B_1C_1$ табандары тең және биіктіктері де тең болады. Демек, бұл пирамидалардың көлемдері тең болады. Сонымен, барлық үш пирамиданың көлемдері тең болады.

Призманың көлемі оның табанының ауданы мен биіктігінің көбейтіндісіне тең екенін ескеріп, үшбұрышты пирамиданың V көлемін табу формуласын аламыз:

$$V = \frac{1}{3}S \cdot h,$$

мұндағы S — пирамида табанының ауданы, h — пирамиданың биіктігі.

Енді кез келген пирамиданың көлемін табу мәселесін қарастырайық.

Теорема. ***Пирамиданың көлемі оның табан ауданы мен биіктігінің көбейтіндісінің үштен біріне тең болады.***

Дәлелдеуі. Берілген пирамида үшін табанының ауданы мен биіктігі бірдей үшбұрышты пирамиданы қарастырамыз.

Кавальери принципі бойынша бұл пирамидалардың көлемдері тең болады. Демек, мынадай формула орынды болып табылады:

$$V = \frac{1}{3}S \cdot h,$$

мұндағы S — пирамида табанының ауданы, h — пирамиданың биіктігі.

Биіктігі h және табанының қабырғалары a болатын дұрыс: а) үшбұрышты; ә) алтыбұрышты пирамиданың көлемін табу формуласын қорытып шығарыңдар.

Қиық пирамиданың көлемін табу формуласын шығарайық.

Теорема. ***Қиық пирамиданың V көлемі мынадай формуламен есептеледі:***

$$V = \frac{1}{3}h_қ(S + \sqrt{S \cdot s} + s),$$

мұндағы S, s — қиық пирамиданың табандарының аудандары, $h_қ$ — оның биіктігі.

Дәлелдеуі. Қиық пирамиданың табандарының аудандары S және s-ке тең болсын. Ал оның $h_қ$ биіктігі бастапқы және қиылып түскен пирамидалардың биіктіктерінің $(H - h)$ айырымына тең болсын.

26.4-суретте $ABCDEA_1B_1C_1D_1E_1$ бесбұрышты қиық пирамида кескінделген.



26.4-сурет

Қиық пирамиданың V көлемі үшін мынадай формула орынды болады:

$$V = \frac{1}{3}SH - \frac{1}{3}sh.$$

Қиық пирамиданың $h_қ$ биіктігін оның табандарының S, s аудандары мен бастапқы және қиылып түскен пирамидалардың H, h биіктіктері арқылы өрнектейміз.

Пирамиданың табанына параллель жазықтықпен қимасында оның табанына ұқсас фигура пайда болатынын байқаймыз. Ал ұқсастық коэффициенті пирамиданың төбесінен қима жазықтығына және табан жазықтығына дейінгі қашықтықтардың қатынасына тең, яғни $\frac{h}{H}$-қа тең болады. Сонымен қатар ұқсас фигуралардың аудандарының қатынасы ұқсастық коэффициенттің квадратына тең болады.

Осыдан мынадай теңдікті аламыз:

$$\frac{s}{S} = \left(\frac{h}{H}\right)^2 = \left(\frac{H - h_қ}{H}\right)^2.$$

Бұл теңдіктен H және h биіктіктерін табамыз:

$$H = \frac{h_қ\sqrt{S}}{\sqrt{S} - \sqrt{s}}, \; h = \frac{h_қ\sqrt{s}}{\sqrt{S} - \sqrt{s}}.$$

Табылған H, h мәндерін қиық пирамиданың V көлемі үшін формулаға қойып, ізделінді формуланы табамыз:

$$V = \frac{1}{3}\left(S\frac{h_қ\sqrt{S}}{\sqrt{S} - \sqrt{s}} - s\frac{h_қ\sqrt{s}}{\sqrt{S} - \sqrt{s}}\right) = \frac{1}{3}h_қ \cdot \frac{S\sqrt{S} - s\sqrt{s}}{\sqrt{S} - \sqrt{s}} = \frac{1}{3}h_қ(S + \sqrt{S \cdot s} + s). \; \square$$

Биіктігі $h_қ$ және табандарының қабырғалары a мен b болатын дұрыс төртбұрышты қиық пирамиданың көлемін табу формуласын қорытып шығарыңдар.

Сұрақтар

1. Үшбұрышты пирамиданың көлемі қалай есептеледі?
2. Кез келген пирамиданың көлемі қалай есептеледі?
3. Қиық пирамиданың көлемі қалай есептеледі?

Есептер

А

26.1. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың биіктігі h-қа, ал табанының қабырғалары a-ға тең. Осы пирамиданың көлемін табу формуласын қорытып шығарыңдар.

26.2. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың биіктігі 3 м-ге, ал бүйір қырлары 5 м-ге тең. Осы пирамиданың көлемін табыңдар.

26.3. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың биіктігі мен табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы пирамиданың көлемін табыңдар.

26.4. Дұрыс алтыбұрышты пирамиданың биіктігі мен табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы пирамиданың көлемін табыңдар.

26.5. Дұрыс алтыбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары 1 см-ге, ал бүйір қырлары 2 см-ге тең. Осы пирамиданың көлемін табыңдар.

26.6. Тетраэдрдің қыры 1 см-ге тең. Оның көлемін табыңдар.

26.7. Егер дұрыс тетраэдрдің барлық қырларын 2 есе арттырса, онда оның көлемі неше есе артады?

26.8. Егер дұрыс пирамиданың биіктігін 3 есе арттырса, ал табанының қабырғаларын 3 есе кемітсе, онда оның көлемі қалай өзгереді?

26.9. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ параллелепипедінің көлемі 1 см^3-ге тең. Төбелері: 1) A, B, C, D, B_1; 2) A, B, D, C_1 нүктелері болатын көпжақтың көлемін табыңдар (26.5-сурет).



26.5-сурет



26.6-сурет

26.10. Пирамиданың биіктігінің ортасы арқылы өтетін және табанына параллель жазықтықпен қимасы жүргізілген. Пирамиданың пайда болған бөліктері көлемдерінің қатынасын табыңдар.

26.11. Дұрыс төртбұрышты қиық пирамиданың биіктігі 3 см-ге, ал табандарының қабырғалары 2 см және 1 см-ге тең. Қиық пирамиданың көлемін табыңдар (26.6-сурет).

B

26.12. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың диагональдық қимасы — қабырғасы 1 см болатын теңқабырғалы үшбұрыш. Осы пирамиданың көлемін табыңдар.

26.13. Үшбұрышты пирамиданың бүйір қырлары өзара перпендикуляр және олардың әрқайсысы 1 см-ге тең. Осы пирамиданың көлемін табыңдар.

26.14. Үшбұрышты пирамиданың барлық бүйір қырлары 1 см-ге, ал төбесіндегі жазық бұрыштары 60°, 90° және 90°-қа тең. Осы пирамиданың көлемін табыңдар.

26.15. Дұрыс алтыбұрышты пирамиданың көлемі 6 см^3-ге, табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Пирамиданың биіктігін табыңдар.

26.16. Параллелепипедтің көлемі 1 см^3-ге тең (26.5-сурет). BDA_1C_1 тетраэдрінің көлемін табыңдар.

26.17. Үшбұрышты пирамиданың табанының бір қабырғасы және оған қарсы жатқан қырының ортасы арқылы жазықтық өтеді (26.7-сурет). Бұл жазықтық пирамиданың көлемін қандай қатынаста бөледі?



26.7-сурет



26.8-сурет

26.18. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың көлемі 12 см^3-ге тең. Пирамиданың табанының AC диагоналі және оған қарсы жатқан бүйір қырының E ортасы арқылы өтетін жазықтықпен қиылып түскен бөлігінің көлемін табыңдар (26.8-сурет).

26.19. Октаэдрдің қырлары 1 см-ге тең. Оның көлемін табыңдар (26.9-сурет).



26.9-сурет



26.10-сурет

26.11-сурет

26.20. Дұрыс алтыбұрышты қиық пирамиданың биіктігі 3 см-ге, ал табандарының қабырғалары 2 см және 1 см-ге тең (26.10-сурет). Осы пирамиданың көлемін табыңдар.

26.21. Нұр-Сұлтан қаласындағы Бейбітшілік пен келісім сарайы дұрыс төртбұрышты пирамида пішіндес болып табылады (26.11-сурет). Оның биіктігі мен табанының қабырғасы 62 м-ге тең. Пирамиданың көлемін табыңдар.

26.22. Дұрыс n-бұрышты екі пирамида ұқсас болу үшін олардың бүйір қырлары мен табандарының қабырғаларына қатысты шарттарды жазыңдар. Осы пирамидалардың көлемдерінің қатынасын табыңдар.

26.23. 26.12-суретте ежелгі Мысырдағы ең үлкен ғимараттардың бірі — Хеопс пирамидасы — дұрыс төртбұрышты пирамида кескінделген. Оның биіктігі 146 м-ге, ал бүйір қырлары 230 м-ге тең. Осы пирамиданың көлемін табыңдар.

26.12-сурет

26.13-сурет

26.24. 26.13-суретте шатыры пирамида пішіндес және табаны квадрат болатын тұрғын үй бейнеленген. Пирамиданың барлық қырлары 12 м-ге тең. Осы үйдің шатырының көлемін табыңдар.

26.25. Дұрыс төртбұрышты қиық пирамида пішіндес көгөністерді сақтауға арналған жәшіктің табандарының қабырғалары сәйкесінше 6 дм және 14,4 дм-ге тең (26.14-сурет). Пирамиданың биіктігі — 4,3 дм. Егер 1 дм^3-де 0,675 кг көгөніс болса, онда жәшіктің көлемі мен оның ішіндегі көгөністің салмағын табыңдар.



26.14-сурет

C

26.26. Дұрыс алтыбұрышты пирамиданың табанының қабырғалары 1 см-ге, ал оның бүйір жағы мен табанының арасындағы бұрыш 45°-қа тең. Осы пирамиданың көлемін табыңдар.

26.27. $SABCD$ төртбұрышты пирамидасының көлемі 1 см^3-ге тең. Төбесі берілген пирамиданың S төбесімен сәйкес келетін, ал табанының төбелері $ABCD$ табаны қабырғаларының орталары болатын пирамиданың көлемін табыңдар (26.15-сурет).



26.15-сурет



26.16-сурет

26.28. Тетраэдрдің көлемі 1 см^3-ге тең. Төбелері осы тетраэдрдің қырларының орталары болатын көпжақтың көлемін табыңдар.

26.29. Тетраэдрдің қарама-қарсы жатқан екі қыры өзара перпендикуляр және ұзындықтары 3 см-ге тең. Олардың арақашықтығы 2 см-ге тең. Тетраэдрдің көлемін табыңдар.

26.30. Тетраэдрдің қарама-қарсы жатқан екі қырының арасындағы бұрыш 60° және олардың ұзындықтары 2 см-ге тең. Олардың арақашықтығы 3 см-ге тең. Тетраэдрдің көлемін табыңдар.

26.31. $SABC$ үшбұрышты пирамидасының SA, SB, SC қырларын жазықтық сәйкесінше A', B', C' нүктелерінде қиып өтеді (26.16-сурет) және $SA' : SA = k$, $SB' : SB = l$, $SC' : SC = m$. $SA'B'C'$ пирамидасының көлемі $SABC$ пирамидасы көлемінің $k \cdot l \cdot m$-ге көбейтіндісіне тең болатынын дәлелдеңдер. Бастапқы пирамиданың көлемі 1 см^3-ге тең және $SA' : SA = 1 : 2$, $SB' : SB = 2 : 3$, $SC' : SC = 3 : 4$ деп алып, $SA'B'C'$ пирамидасының көлемін табыңдар.

26.32. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубындағы ADA_1BCB_1 және ABA_1DCD_1 призмаларының ортақ бөлігінің көлемін табыңдар (26.17-сурет).

26.33. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубындағы ADA_1BCB_1 және $BA_1B_1CD_1C_1$ призмаларының ортақ бөлігінің көлемін табыңдар (26.17-сурет).

26.34. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубындағы A_1ABCD және C_1ABCD призмаларының ортақ бөлігінің көлемін табыңдар (26.17-сурет).



26.17-сурет

26.35. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ бірлік кубындағы A_1ABCD және $DBCC_1B_1$ пирамидаларының ортақ бөлігінің көлемін табыңдар (26.17-сурет).

26.36. Бір үшбұрышты пирамиданың көлемі 1 см^3-ге тең. Осы пирамиданың биіктігінің ортасы арқылы өтетін және табанына параллель жазықтыққа қарағанда айналы симметриялы екінші пирамида алынған. Пирамидалардың ортақ бөлігінің көлемін табыңдар.

26.37. Бір дұрыс тетраэдрдің көлемі 1 см^3-ге тең. Осы тетраэдрдің екі қарама-қарсы жатқан қырларының орталарын қосатын кесіндінің ортасына қарағанда центрлік симметриялы екінші дұрыс тетраэдр алынған. Тетраэдрлердің ортақ бөлігінің көлемін табыңдар.

26.38. a және b айқас түзулерінен сәйкесінше A_1A_2 және B_1B_2 кесінділері алынған (26.18-сурет). $A_1A_2B_1B_2$ тетраэдрінің көлемі түзулердегі осы кесінділердің орналасуына емес, тек олардың ұзындықтарына байланысты екенін дәлелдеңдер.



26.18-сурет

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

26.39. Конустың және қиық конустың анықтамаларын қайталаңдар.

§ 27. Конус және қиық конус көлемдері

Кавальери принципін конустың көлемін табуда қолданайық.

Теорема. ***Конустың көлемі оның табанының ауданы мен биіктігі көбейтіндісінің үштен біріне тең болады.***

Дәлелдеуі. Табанының ауданы S және биіктігі h-қа тең конус үшін табанының ауданы және биіктігі дәл сондай болатын қандай да бір пирамиданы қарастырамыз. Оларды табандары β жазықтығында жататындай және өздері осы жазықтықтың бір жақ бөлігінде болатындай орналастырамыз (27.1-сурет).



27.1-сурет

β жазықтығына параллель және одан x қашықтықта болатын α жазықтығын жүргіземіз ($0 \leqslant x \leqslant h$). Сонда конус пен пирамиданың осы жазықтықпен қималарында пайда болған F_1 және F_2 фигуралары сәйкесінше табандарына ұқсас болады және екеуінде де k ұқсастық коэффициенті $(h - x) : h$-қа тең болады. Демек, F_1 және F_2 фигураларының S_1 және S_2 аудандары сәйкесінше $S_1 = k^2 \cdot S$, $S_2 = k^2 \cdot S$ формулаларымен өрнектеледі. Ендеше, олар өзара тең болады. Кавальери принципі бойынша конус пен пирамиданың көлемдері тең болатыны шығады. Осыдан конустың V көлемін табу үшін мынадай формула орынды болады:

$$V = \frac{1}{3}\pi R^2 h,$$

мұндағы R — конустың табанының радиусы, h — конустың биіктігі. ◪



27.2-сурет

Қиық пирамиданың көлемін табу формуласына ұқсас қиық конустың көлемі үшін мынадай формула орынды болады:

$$V = \frac{1}{3}h_к(S + \sqrt{S \cdot s} + s),$$

мұндағы S, s — қиық конус табандарының аудандары, $h_к$ — қиық конустың биіктігі (27.2-сурет).

Бұл формуланың дәлелдемесі қиық пирамиданың көлемін табу формуласына ұқсас болады. Оны өздерің дәлелдеңдер.

Қиық конустың табандарының S және s аудандары сәйкесінше πR^2 және πr^2-қа тең екенін ескеріп, оның V көлемін табу үшін мынадай формуланы аламыз:

$$V = \frac{1}{3}\pi h_к(R^2 + \sqrt{R \cdot r} + r^2).$$

мұндағы R және r — қиық конустың табандарының радиустары, $h_к$ — оның биіктігі.

Сұрақтар

1. Конустың көлемі қалай есептеледі?
2. Қиық конустың көлемі қалай есептеледі?

Есептер

А

27.1. Егер конустың: 1) биіктігін 3 есе арттырса; 2) табанының радиусын 2 есе арттырса, онда оның көлемі неше есе артады?

27.2. Егер конустың биіктігін 2 есе кемітсе, ал табанының радиусын 2 есе арттырса, онда оның көлемі өзгере ме?

27.3. Цилиндр мен конустың ортақ табаны бар және биіктігі бірдей. Егер цилиндрдің көлемі 15 см^3-ге тең болса, онда конустың көлемін табыңдар.

27.4. Конустың көлемі V-ға тең. Конустың биіктігінің ортасы арқылы өтетін және табанына параллель қима жүргізілген. Конустың пайда болған бөліктерінің көлемдерінің қатынасын табыңдар.

27.5. Конустың биіктігі 3 см-ге, ал жасаушысы 5 см-ге тең. Оның көлемін табыңдар.

27.6. Конустың табанының радиусы 3 см-ге, ал биіктігі 6 см-ге тең және $\angle AOB = 60^\circ$. 27.3-суреттегі конустың бөлігінің көлемін табыңдар.



27.3-сурет



27.4-сурет

27.7. Конустың табанының радиусы 2 см-ге, ал биіктігі 3 см-ге тең және $\angle AOB = 90^\circ$. 27.4-суреттегі конустың бөлігінің көлемін табыңдар.

27.8. Қиық конустың табандарының радиустары 1 см және 2 см-ге, ал биіктігі 3 см-ге тең. Оның көлемін табыңдар.

B

27.9. Конустың табанының диаметрі 12 см-ге, ал осьтік қимасының төбесіндегі бұрышы 90°-қа тең. Конустың көлемін табыңдар.

27.10. Конустың осьтік қимасы — ауданы 9 см^2 болатын тікбұрышты теңбүйірлі үшбұрыш. Конустың көлемін табыңдар.

27.11. Қабырғасы 1 см болатын теңқабырғалы үшбұрышты оның биіктігі жататын түзуден айналдырғанда пайда болған фигураның көлемін табыңдар.

27.12. Теңбүйірлі емес тікбұрышты үшбұрышты оның әрбір катетінен айналдырғанда екі конус пайда болды. Осы конустардың көлемдері тең бола ма?

27.13. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың биіктігі 6 см-ге, ал табанының қабырғалары 2 см-ге тең. Осы пирамидаға іштей сызылған конустың көлемін табыңдар (27.5-сурет).



27.5-сурет



27.6-сурет

27.14. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың биіктігі 2 см-ге, ал табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Осы пирамидаға сырттай сызылған конустың көлемін табыңдар (27.6-сурет).

27.15. Конустың көлемі 1 $см^3$-ге тең. Конустың биіктігі тең үш бөлікке бөлінген және бөліну нүктелері арқылы оның табанына параллель жазықтықтар жүргізілген. Конустың ортаңғы бөлігінің көлемін табыңдар.

27.16. Биіктігі 12 см болатын конустық ыдысқа толтырылған су цилиндрлік ыдысқа аударылып құйылды. Цилиндрлік ыдыстың табанының радиусы конустық ыдыс шеңберінің радиусына тең (27.7-сурет). Цилиндрлік ыдыстағы судың беті оның табанынан қандай биіктікте болады?



27.7-сурет

27.17. Қиық конустың табандарының радиустары 6 см және 2 см, ал жасаушысы 5 см-ге тең. Осы қиық конустың көлемін табыңдар.

27.18. Теңбүйірлі трапецияның табандары 4 см және 6 см, ал биіктігі 3 см-ге тең. Трапецияны оның табандарының орталары арқылы өтетін түзуден айналдырғанда пайда болған фигураның көлемін табыңдар.

27.19. Екі конус ұқсас болу үшін олардың жасаушылары мен табандарының радиустарына қатысты шарттарды жазыңдар. Осы конустардың көлемдерінің қатынасын табыңдар.

27.20. Киіз үй — көшпенділердің ежелден келе жатқан тұрғын үйі (27.8-сурет). Киіз үйдің керегесі цилиндр пішіндес, ал осы кереге мен шаңырақты жалғастырып тұратын уықтар қиық конусты жасайды. Цилиндрдің табанының диаметрі 5 м-ге, қиық конустың табандарының диаметрлері 5 м және 1 м-ге, ал цилиндр мен қиық конустың биіктіктері 2 м-ге тең. Киіз үйдің көлемін табыңдар.

27.8-сурет

C

27.21. Тікбұрышты теңбүйірлі үшбұрыштың катеті 3 см-ге тең. Тікбұрышты үшбұрышты осы катеті осы жатқан түзуден айналдырғанда пайда болған фигураның көлемін табыңдар.

27.22. Бірлік квадратты оның диагоналі жатқан түзуден айналдырғанда пайда болған фигураның көлемін табыңдар.

27.23. Теңбүйірлі үшбұрыштың бүйір қабырғалары 1 см-ге, ал олардың арасындағы бұрыш 120°-қа тең. Үшбұрыштың бір бүйір қабырғасы жатқан түзуден айналдырғанда пайда болған фигураның көлемін табыңдар.

27.24. Конустың бүйір бетінің жазбасы — радиусы 2 см-ге тең жарты дөңгелек. Осы конустың көлемін табыңдар.

27.25. Бір конустың көлемі 1 см-ге тең. Осы конустың биіктігінің ортасы арқылы өтетін және табанына параллель жазықтыққа қарағанда айналы симметриялы екінші конус алынған. Конустардың ортақ бөлігінің көлемін табыңдар.

27.26. Теңқабырғалы үшбұрыштың қабырғалары 2 см-ге тең. Үшбұрыштың бір төбесі арқылы өтетін және биіктігіне параллель түзуден айналдырғанда пайда болған фигураның көлемін табыңдар.

27.27. Құрылыс алаңындағы конус пішіндес үйінді құмның табанындағы шеңберінің ұзындығын метрлік таспамен өлшегенде 21,6 м болды (27.9-сурет). Метрлік таспаны үйіндінің төбесі арқылы асыра



27.9-сурет

лақтырып өлшегенде оның екі жасаушысының ұзындығы 7,8 м екені анықталды. Үйінді құмның көлемін табыңдар ($\pi \approx 3$ деп алыңдар).

Жаңа білімді меңгеруге дайындалыңдар

27.28. Шардың анықтамасын және Кавальери принципін қайталаңдар.

§ 28. Шар және оның бөліктерінің көлемдері

Кавальери принципін қолданып, шардың көлемін табу формуласын қорытып шығарайық.

Теорема. ***Радиусы R-ге тең шардың V көлемі мынадай формуламен есептеледі:***

$$V = \frac{4}{3}\pi R^3.$$

Дәлелдеуі. Радиусы R-ге тең және табаны β жазықтығында жататын жарты шарды қарастырайық. Сонымен қатар табаны осы β жазықтығында жататын цилиндрді алайық және оның табанының радиусы R-ге, биіктігі де R-ге тең болсын (28.1-сурет).



28.1-сурет

Төбесі цилиндрдің төменгі табанының центрінде, ал табаны цилиндрдің жоғарғы табаны болатындай осы цилиндрге іштей конус сызамыз.

Конустың ішінде жатпайтын цилиндрдің нүктелерінен тұратын Φ фигурасы мен берілген жарты шардың көлемдері тең болатынын дәлелдейік.

β жазықтығына параллель және одан x қашықтықта болатын α жазықтығын жүргіземіз ($0 \leqslant x \leqslant R$). Сонда жарты шардың осы жазықтықпен қимасында радиусы $\sqrt{R^2 - x^2}$ және ауданы $\pi(R^2 - x^2)$ болатын дөңгелек алынады. Φ фигурасының α жазықтығымен қимасында ішкі дөңгелегінің радиусы x-ке, ал сыртқы дөңгелегінің радиусы R-ге тең сақина пайда болады. Бұл сақинаның ауданы $\pi R^2 - \pi x^2 = \pi(R^2 - x^2)$-қа тең. Демек, ол жарты шардың қимасы ауданына тең болады.

Кавальери принципі бойынша, жарты шар мен Φ фигурасының көлемдері тең болады. Осы көлемді есептейік. Ол цилиндр мен конустың көлемдерінің айырымына тең болады, яғни

$$V = V_{ц} - V_{к} = \pi R^2 R - \frac{1}{3}\pi R^2 R = \frac{2}{3}\pi R^3.$$

Шардың көлемі жарты шардың көлемінен екі есе үлкен болады. Демек, шардың көлемі мынадай формуламен есептеледі:

$$V = \frac{4}{3}\pi R^3.$$

Енді шардың центрі арқылы өтпейтін қандай да бір жазықтықпен қиып алынған шардың кіші бөлігі — шар сегментінің көлемін табу формуласын қорытып шығарамыз (28.2-сурет).



28.2-сурет



28.3-сурет

Теорема. ***Радиусы R-ге тең шардан қиып алынған шар сегментінің көлемі мынадай формуламен есептеледі:***

$$V = \pi h^2\left(R - \frac{1}{3}h\right),$$

мұндағы h — шар сегментінің биіктігі.

Дәлелдеуі. Шардың көлемін табу формуласын дәлелдеуі бойынша жарты шардан α жазықтығымен қиып алынған шар сегментінің көлемі Φ фигурасының α жазықтығымен қиылып түскен бөлігінің көлеміне тең болатыны шығады (28.1-сурет).

Егер шар сегментінің биіктігі h-қа тең болса, онда цилиндрден қиып алынған бөлігінің көлемі $\pi R^2 h$-қа тең болады. Конустың қиылып түскен бөлігінің көлемі $\frac{1}{3}\pi R^3 - \frac{1}{3}\pi(R - h)^3 = \pi R^2 h - \pi h^2 R + \frac{1}{3}\pi h^3$-қа тең болады. Осыдан шар сегментінің V көлемін табудың ізделінді формуласы алынады.

Шармен қиылысатын параллель екі жазықтықтың арасында шектелген шардың бөлігі — шар белдеуінің көлемін табу формуласын өздерің қорытып шығарыңдар (28.3-сурет).

Сұрақтар

1. Шардың көлемі қалай есептеледі?
2. Шар сегментінің көлемі қалай есептеледі?

Есептер

А

28.1. Шардың диаметрі 6 см-ге тең. Оның көлемін табыңдар.

28.2. Егер шардың радиусын: 1) 3 есе; 2) 4 есе арттырса, онда оның көлемі неше есе артады?



28.4-сурет

28.3. Үш шардың радиустары 3 см, 4 см және 5 см-ге тең. Көлемі осы шарлардың көлемдерінің қосындысына тең шардың радиусын табыңдар.

28.4. Көлемдерінің қосындысы радиусы 6 см болатын шардың көлеміне тең болатындай радиусы 2 см-ге тең неше шар алуға болады?

28.5. Кубтың қыры 1 см-ге тең. Кубқа іштей сызылған шардың көлемін табыңдар.

28.6. Цилиндрдің биіктігі 2 см-ге тең. Цилиндрге іштей сызылған шардың көлемін табыңдар (28.4-сурет).

В

28.7. Шардың центрінен 8 см қашықтықтағы жазықтықпен қимасының радиусы 6 см-ге тең. Шардың көлемін табыңдар.

28.8. Кубтың қыры 1 см-ге тең. Кубқа сырттай сызылған шардың көлемін табыңдар.

28.9. Цилиндрдің биіктігі мен табанының радиусы 1 см-ге тең. Цилиндрге сырттай сызылған шардың көлемін табыңдар (28.5-сурет).



28.5-сурет

28.10. Дұрыс үшбұрышты призманың табанының қабырғалары 1 см-ге тең. Призмаға іштей сызылған шардың көлемін табыңдар.

28.11. Екі шардың беттерінің аудандары $m : n$ қатынасындай. Олардың көлемдері қандай қатынаста болады?

28.12. Центрлері ортақ және радиустары R_1 мен R_2 ($R_1 > R_2$) болатын екі шардың беттерімен шектелген фигура — шарлық сақинаның көлемін табу формуласын табыңдар (28.6-сурет).



28.6-сурет



28.7-сурет

28.13. Шиенің мәйегінің қалыңдығы оның ішіндегі сүйегінің диаметріне тең (28.7-сурет). Шие мен оның ішіндегі сүйегін шар тәріздес деп алып, мәйегі мен сүйегінің көлемдерінің қатынасын табыңдар.

28.14. Апельсин — шар пішіндес жеміс. Оның қабығының қалыңдығы шар радиусының бестен бір бөлігіне тең болады (28.6-сурет). Апельсиннің қабығы оның көлемінің қандай бөлігін құрайды?

28.15. Нұр-Сұлтан қаласындағы «Бәйтерек» монументі — металдан, шыныдан және бетоннан жасалған әдемі архитектуралық ғимарат, барлық әлемдік бірлестік үшін тәуелсіз Қазақстанның символы (28.8-сурет). Оның төбесінде диаметрі 22 метрге тең шар бар. Осы шардың көлемін табыңдар.

28.8-сурет

C

28.16. Дұрыс үшбұрышты призманың барлық қырлары 1 см-ге тең. Призмаға сырттай сызылған шардың көлемін табыңдар (28.9-сурет).

28.17. Дұрыс тетраэдрдің қырлары 1 см-ге тең. Тетраэдрге іштей сызылған шардың көлемін табыңдар (28.10-сурет).

28.18. Дұрыс тетраэдрдің қырлары 1 см-ге тең. Тетраэдрге сырттай сызылған шардың көлемін табыңдар (28.11-сурет).



28.9-сурет



28.10-сурет



28.11-сурет

28.19. Конус табанының радиусы 1 см-ге, ал жасаушысы 2 см-ге тең. Конусқа іштей сызылған шардың көлемін табыңдар (28.12-сурет).



28.12-сурет



28.13-сурет

28.20. Конус табанының радиусы 1 см-ге, ал жасаушысы 2 см-ге тең. Конусқа сырттай сызылған шардың көлемін табыңдар (28.13-сурет).



28.14-сурет

28.21. Октаэдрдің қыры 1 см-ге тең. Октаэдрге сырттай сызылған шардың көлемін табыңдар (28.14-сурет).

28.22. Октаэдрдің қыры 1 см-ге тең. Октаэдрге іштей сызылған шардың көлемін табыңдар (28.15-сурет).

28.23. Шардың радиусының ортасы арқылы осы радиусқа перпендикуляр жазықтық жүргізілген (28.16-сурет). Осы жазықтықпен қиып алынған шар сегментінің көлемі шардың көлемінің қандай бөлігін құрайды?



28.15-сурет



28.16-сурет

28.24. Шар сегменті табанындағы шеңбердің радиусы 60 см-ге, ал шардың радиусы 75 см-ге тең. Шар сегментінің көлемін табыңдар.

28.25. Шар белдеуі табандарының радиустары 3 см және 4 см-ге, ал шардың радиусы 5 см-ге тең. Шар белдеуінің көлемін табыңдар.

28.26. Шардың радиусы 1 см-ге тең. Оның центрінде бірлік кубтың төбесі орналасқан (28.17-сурет). Куб пен шардың ортақ бөлігінің көлемін табыңдар.

28.27. Дұрыс төртбұрышты пирамида табанының қабырғалары 2 см-ге және оның биіктігі 1 см-ге тең. Радиусы 1 см-ге тең шардың центрінде осы пирамиданың төбесі орналасқан (28.18-сурет). Пирамида пен шардың ортақ бөлігінің көлемін табыңдар.



28.17-сурет



28.18-сурет

ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

1. Егер кубтың барлық қырларын 2 есе арттырса, онда оның көлемі неше есе артатынын табыңдар:

A) 2 есе; B) 4 есе; C) 6 есе; D) 8 есе.

2. Куб бетінің ауданы 12 см^2. Оның көлемін табыңдар:

A) $2\sqrt{2}$ см³; B) 4 см³; C) $4\sqrt{2}$ см³; D) 8 см³.

3. Сфераның радиусы 2 см-ге тең. Сфераға сырттай сызылған кубтың көлемін табыңдар:

A) 32 см³; B) 64 см³; C) 128 см³; D) 256 см³.

4. Үшбұрышты призманың табанының орта сызығы арқылы оның бүйір қырына параллель жазықтық жүргізілген. Егер бастапқы призманың көлемі 8 см³-ге тең болса, онда осы жазықтықпен қиып алынған үшбұрышты призманың көлемін табыңдар:

A) 1 см³; B) 2 см³; C) 3 см³; D) 4 см³.

5. Алтыбұрышты призманың табаны — қабырғалары 2 см-ге тең дұрыс алтыбұрыш. Призманың бүйір қырлары 3 см-ге тең және олар табан жазықтығымен 60° бұрыш жасайды. Призманың көлемін табыңдар:

A) $6\sqrt{3}$ см³; B) 9 см³; C) 27 см³; D) $9\sqrt{3}$ см³.

6. Цилиндр табанының радиусы мен биіктігі 2 см-ге тең. Цилиндрге іштей сызылған дұрыс төртбұрышты призманың көлемін табыңдар:

A) 8 см³; B) $8\sqrt{2}$ см³; C) 16 см³; D) $16\sqrt{2}$ см³.

7. Цилиндрлік ыдыстағы сұйықтың деңгейі 8 см-ге жетеді. Егер осы сұйық диаметрі бірінші ыдыстан 2 есе кіші болатын екінші ыдысқа құйылса, онда сұйықтың деңгейі қандай биіктікте болатынын табыңдар:

A) 16 см; B) 32 см; C) 48 см; D) 64 см.

8. Цилиндрдің бүйір бетінің жазбасы — қабырғасы 2 см-ге тең квадрат. Цилиндрдің көлемін табыңдар:

A) $\frac{2}{\pi}$ см³; B) $\frac{4}{\pi}$ см³; C) 2π см³; D) 4π см³.

9. Үшбұрышты призманың қырлары 3 см-ге тең. Призмаға сырттай сызылған цилиндрдің көлемін табыңдар:

A) 3π; B) 6π; C) 9π; D) 12π.

10. $ABCA_1B_1C_1$ үшбұрышты призманың көлемі 6 см³-ге тең. $A_1BCC_1B_1$ төртбұрышты пирамиданың көлемін табыңдар:

A) 1 см³; B) 2 см³; C) 3 см³; D) 4 см³.

11. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың қырлары 2 см-ге тең. Пирамиданың көлемін табыңдар:

A) $\frac{2\sqrt{2}}{3}$ см³; B) $\frac{4\sqrt{2}}{3}$ см³; C) $\frac{2\sqrt{3}}{3}$ см³; D) $\frac{4\sqrt{3}}{3}$ см³.

12. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының көлемі 6 см³-ге тең. ACB_1D_1 тетраэдрінің көлемін табыңдар:

A) 1 см³; B) 2 см³; C) 3 см³; D) 4 см³.

13. Дұрыс алтыбұрышты пирамиданың бүйір қырлары 2 см-ге тең және олар табан жазықтығымен 30° бұрыш жасайды. Пирамиданың көлемін табыңдар:

A) $\frac{\sqrt{3}}{3}$ см³; B) $\frac{2\sqrt{3}}{2}$ см³; C) $\frac{3\sqrt{3}}{2}$ см³; D) $\sqrt{3}$ см³.

